XPERIA™

Xperia™ mini pro

Кеңейтілген пайдаланушы нұсқаулығы

Sony Ericsson

make.believe

Мазмұны

Маңызды ақпарат.....6

Android™ – дегеніміз не және не үшін керек?.....7

Бағдарламалар.....7

Бастау.....8

Құрастыру.....8

Телефонды қосу.....9

Экран құлпы.....9

Орнату нұсқаулығы.....9

Есептік жазбалар мен қызметтер.....10

Телефоныңыз туралы мәлімет.....11

Телефонды шолу.....11

Аппараттық құрал түймелерін пайдалану.....12

Батареяны зарядтау.....12

Сенсорлы экранды пайдалану.....12

Негізгі экран.....14

Қолданбаларға кіру және оларды пайдалану.....17

Күй және хабарландырулар.....18

Телефон параметрлерінің мәзірі.....19

Мәтін теру.....19

Пернетақта мен телефон пернетақта параметрлері.....23

Дыбыс деңгейін реттеу.....24

Телефонды баптау.....24

Батарея.....27

Жад.....28

Тасымалы стерео хэндсфри.....29

Интернет және хабар алмасу параметрлері.....29

Data monitor қолданбасын пайдалану.....30

Деректер тасымалын өшіру.....31

Деректер роумингі.....31

Желі параметрлері.....31

Қоңырау соғу.....33

Жедел қоңыраулар.....33

Қоңырауды қолдану.....33

Дауыс поштасы.....34

Бірнеше қоңыраулар.....35

Конференция қоңыраулары.....35

Қоңырау параметрлері.....36

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Контактілер 37
Контактілерді алғаш рет ашу.....37
Контактілерді телефонға жазу.....37
Контактілер экранын шолу.....38
Контактілерді басқару.....38
Контактілермен байланысу.....40
Контактілерді ортақтастыру.....40
Контактілердің қосалқы көшірмесін жасау.....41
Хабар алмасу.....42
Мәтінді және мультимедиа хабарларын пайдалану.....42
Мәтінді және мультимедиа хабар опциялары.....43
Электрондық пошта.....44
Электрондық поштаны пайдалану.....44
Электрондық пошта есептік жазбаларын пайдалану.....46
Gmail™ және басқа Google™ қызметтері 47
Google Talk™ 48
Sony Ericsson Timescape™.....49
Timescape™ негізгі көрінісі.....49
Timescape™ виджеті.....49
Timescape™ функциясын пайдалану.....50
Timescape™ параметрлері.....52
Android Market™ қызметімен іске кірісу.....53
Төлеу опциялары.....53
Android Market™ сайтынан жүктеу.....53
Қолданбалар деректерін өшіру.....54
Рұқсаттар.....54
Android Market™ сайтынан алынбаған қолданбаларға рұқсат беру.....55
PlayNow™ қызметі.....56
Мазмұн жүктемес бұрын.....56
Төлем опциялары.....56
PlayNow™ қызметінен жүктеу.....56
Ұйымдастыру.....57
Күнтізбе.....57
Синхрондау.....58
Google Sync™ қадамдастыру қызметі.....58
Қауымдық электрондық поштаны, күнтізбені және контактілерді қадамдастыру.....59
Контактілер мен күнтізбені синхрондау және сақтау.....59
Сымсыз желілерге қосылу.....61
Wi-Fi™.....61

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

VPN желілері....65
Веб браузер....66
Құралдар тақтасы....66
Вебті қарау....66
Веб беттерге өту....67
Бетбелгілерді басқару....67
Мәтін мен кескіндерді басқару....68
Бірнеше терезелер....68
Вебтен жүктеу....69
Браузер параметрлері....69
Музыка....70
Медиа файлдарын жад картасына көшіру....70
Музыка ойнатқышын пайдалану....70
TrackID™ технологиясы....74
TrackID™ технологиясының нәтижелерін пайдалану....74
FM радиосы....75
FM радиосы туралы шолу....75
Радиоарналар арасында ауысу....75
Таңдаулы радиоарналарды пайдалану....75
Радиоарналарды жаңадан іздеу....76
Динамик пен гарнитураны ауыстырып қосу....76
Суретке түсіру және бейне жазу....77
Камераның басқару элементтері....77
Фотокамераны пайдалану....77
Бейнекамераны пайдалану....84
Фотосуреттер мен бейнелерді галереяда көру....88
BRAVIA Engine....88
Альбомдармен жұмыс істеу....89
Фотосуреттермен жұмыс істеу....90
Bluetooth™ сымсыз технологиясы....94
Телефон атауы....94
Басқа Bluetooth™ құрылғысымен жұптастыру....94
Bluetooth™ сымсыз технологиясының көмегімен элементтерді жіберу және алу....95
Телефонды компьютерге қосу....97
USB кабелінің көмегімен мазмұнды тасымалдау және өңдеу....97
USB байланысының режимдері....97
Wi-Fi® желісінде Медиа тасымалдау режимін пайдалану арқылы файлдарды тасымалдау....98
PC Companion....99
Media Go™....99

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Орынды анықтау қызметтері.....101
GPS қолдану.....101
Google Maps™.....102
Бағыттарды алу.....102
Телефонды құлыптау және қорғау.....103
Халықаралық тасымалы құрылғы идентификациясы нөмірі.....103
SIM картасын қорғау.....103
Экран құлпын орнату.....104
Телефонды жаңарту.....106
Телефонды сымсыз жолмен жаңарту.....106
USB кабелінің көмегімен телефонды жаңарту.....106
Телефон параметрлерін шолу.....107
Белгішені шолу.....108
Күй белгішелері.....108
Хабарландыру белгішелері.....108
Қолданбаларға шолу.....110
Пайдаланушыны қолдау.....112
Ақаулықтарды жою.....113
Телефоным күткендей жұмыс істеп жатқан жоқ.....113
Телефонның әдепкі мәндерін қалпына келтіру.....113
Телефонды зарядтау мүмкін емес.....113
Телефон зарядтала бастағанда батареяны зарядтау белгішесі пайда болмайды.....113
Батарея өнімділігі төмен.....113
USB кабелін пайдаланғанда, телефон мен компьютер арасында мазмұнды тасымалдау мүмкін емес.....114
Интернет қызметтерін пайдалана алмаймын.....114
Қате туралы хабарлар.....114
Құқықтық ақпарат.....115
Атау көрсеткіші.....116

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Маңызды ақпарат

Ұялы телефонды пайдаланудан бұрын *Маңызды ақпарат* кітапшасын оқыңыз.

! Осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған кейбір қызметтер мен функциялар барлық елдерде/аймақтарда немесе барлық желілерде және/немесе барлық аймақтардағы қызмет көрсетушілерде қолданыла бермейді. Әсіресе, бұл GSM халықаралық жедел қызмет нөмірі болатын 112 үшін қолданылады. Нақты бір қызметтің немесе функцияның қол жетімділігі туралы және қатынас немесе пайдалану үшін қосымша ақы төлеу туралы ақпарат алу үшін желі операторына немесе қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Android™ – дегеніміз не және не үшін керек?

Android™ телефоны компьютермен бірдей функциялардың көбін орындай алады. Бірақ, оған қоса, оны өз қажеттіліктеріңізге қолайлы етіп реттеуге, қажетті ақпаратты алу және дәл сол уақытта көңіл көтеру үшін пайдалануға болады. Қолданбалар қосуға және оларды жоюға немесе жұмыс мүмкіндігін арттыру үшін оларды жақсартуға болады. Android Market™ сайтында үнемі өсіп отыратын жинақтан қолданбалар мен ойындарды жүктеуге болады. Сондай-ақ, Android™ телефонындағы қолданбаларды жеке деректеріңізбен және онлайн есептік жазбаларыңызбен біріктіруге болады. Мысалы, телефон контактілерінің сақтық көшірмесін жасауға, бір жерден бірнеше электрондық пошта есептік жазбалары мен күнтізбелерге қол жеткізуге, кездесулерді бақылап отыруға және қалағаныңызша көп әлеуметтік желілерге қатысуға болады.

Android™ телефондары үнемі дамып отырады. Жаңа бағдарламалық құрал нұсқасы бар болса және телефоныңыз осы жаңа бағдарламалық құралды қолдаса, телефонда жаңа мүмкіндіктер мен соңғы жақсартулар пайда болуы үшін оны жаңартуыңызға болады.

Android™ телефонында Google™ қызметтері алдын ала жүктелген. Берілген Google™ қызметтерін барынша пайдалану үшін сізде Google™ есептік жазбасы болып, телефонды іске қосқан кезде оған кіру керек. Сондай-ақ, Android™ жүйесіндегі мүмкіндіктердің көбін қолдану үшін интернетке кіру мүмкіндігі қажет.

Бағдарламалар

Қолданба – тапсырманы орындауға көмектесетін телефондағы бағдарлама. Мысалы, қоңырау соғуға, суретке түсіруге және қосымша қолданбаларды жүктеуге арналған қолданбалар бар.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Бастау

Құрастыру

Батарея қақпағын алу



- Телефонның бір жағындағы тесікке, телефон мен батарея қақпағының арасына саусақтың ұшын немесе жұқа затты мықтап салыңыз. Қақпақты ақырын, бірақ мықтап көтеріңіз.

! Телефон бөліктерін зақымдайтын өткір заттарды пайдаланбаңыз.

SIM картаны және жад картасын салу үшін



- Батарея қақпағын алып, SIM картасы мен жад картасын тиісті ұяларына салыңыз.

Жад картасын алу

! Жад картасын қауіпсіз шығарудан бұрын, телефонды өшіру керек. Қосымша ақпарат алу үшін *Жад картасын қауіпсіз түрде алу* бөлімін 28 бетінен қараңыз.



- Батарея қақпағын шығарыңыз, одан кейін жад картасын шығару үшін, оны сыртқа қарай тартыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефонды қосу

Телефонды қосу



1. Телефон дірілдегенше, оның жоғарғы жағындағы қуат белгішесін басып тұрыңыз.
2. Экран сөнсе, оны іске қосу үшін жайлап немесе белгішесін басыңыз.
3. Экранның құлпын ашу үшін белгішесін экранда оңға қарай сүйреңіз.
4. Сұралғанда SIM картаның Жеке идентификация кодын енгізіп, **OK** түймесін таңдаңыз.

SIM картаның Жеке идентификациялық кодын алғашқыда желі операторы береді, бірақ оны кейін **Параметрлері** мәзірінен өзгертуге болады. Егер SIM картаның Жеке идентификациялық кодын енгізіп жатқанда кеткен қатені түзету үшін белгішесін басыңыз.

Телефонды өшіру

1. Опциялар мәзірі ашылғанша, белгішесін басып тұрыңыз.
2. Опциялар мәзірінде **Өшіру** опциясын түртіңіз.
3. **OK** түртіңіз.

Экран құлпы

Телефон қосылып тұрып белгілі бір уақыт ішінде қолданылмаса, батареяны үнемдеу үшін экран өшіп автоматты түрде құлыпталады. Бұл құлып телефонды пайдаланбаған кезде сенсорлы экранда қажетсіз әрекеттердің орындалуына жол бермейді.

Экранды іске қосу үшін

- түймесін басыңыз немесе түймесін аз ғана басыңыз.

Экран құлпын ашу үшін

- Экран бойынша белгішесін оң жаққа қарай сүйреңіз.

Экранды қолмен құлыптау үшін

- Экран қосулы тұрғанда пернесін қысқа уақыт басыңыз.

Орнату нұсқаулығы

Телефонды бірінші рет іске қосқанда, орнату нұсқаулығы негізгі телефон функцияларын түсіндіріп, маңызды параметрлерді енгізуге көмектеседі. Телефонды өз қалауыңызша жұмыс істейтіндей орнатыңыз. Телефон тілін таңдаңыз, ,сымсыз желі байланысы параметрлерін оңтайландырыңыз, ескі контактілерді импорттаңыз және т.б.

Орнату нұсқаулығы мыналарды қамтиды:

- Тіл немесе Интернет сияқты телефонның негізгі параметрлері
- Wi-Fi® параметрлері – байланыстың жылдамдығын арттыру және деректерді тасымалдау ақысын азайту.
- Қолданба параметрлері – электрондық поштаны орнатуға, онлайн қызмет есептік жазбаларына және контактілерді тасымалдауға көмектеседі.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Сонымен қатар телефондағы Қолдау көрсету қолданбасы арқылы қол жетімді телефонның ішіндегі Пайдаланушы нұсқаулығындағы қатысты тарауларды және төменде берілгендерді *www.sonyericsson.com/support* сайтынан қарауыңызға болады:

- Wi-Fi®
- Sony Ericsson Sync

Қажет болса, кейбір қадамдарды өткізіп жіберіп, орнату нұсқаулығына кейін қолданбалар экранынан кіруге немесе **Параметрлері** мәзірінен параметрлерді өзгертуге болады.

Орнату нұсқаулығына қол жеткізу үшін

1. Негізгі экран экранында ⋮⋮⋮ пернесін түртіңіз.
2. **Орнату шебері** түртіңіз.

Есептік жазбалар мен қызметтер

Телефоннан онлайн қызметтердегі есептік жазбаларға кіріп, көптеген қызметтерді пайдаланыңыз. Қызметтерді біріктіріп, оларды одан да пайдалы түрде қолданыңыз. Мысалы, Google™ мен Facebook™ есептік жазбаларынан контактілерді жинап, оларды телефон кітапшаңызға біріктіріңіз, солайша барлығы бір жерде болады.

Онлайн қызметтерге телефоннан және компьютерден де тіркелуге болады. Алғаш рет тіркелген кезде, пайдаланушы аты, кілтсөз, параметрлер және жеке ақпаратты қамтитын есептік жазба жасалады. Келесі рет кірген кезде, жекелендірілген көрініс көрсетіледі.

Google™ есептік жазбасы

Google™ есептік жазбасы Android™ телефонының кілті. Электрондық хат жіберу үшін Gmail™ қолданбасын, достармен сөйлесу үшін Google Talk™ қызметін және қолданбаларды жүктеу үшін Android Market™ сайтын пайдаланыңыз.

Sony Ericsson есептік жазбасы

Контактілерді қауіпсіз Sony Ericsson серверінде сақтаңыз, сонда сізде әрқашан онлайн сақтық көшірме болады. Сондай-ақ, телефон күнтізбесін және интернет бетбелгілерін Sony Ericsson есептік жазбасында сақтай аласыз.

Exchange Active Sync есептік жазбасы

Телефонды қауымдық Exchange Active Sync есептік жазбасымен қадамдастыру. Осылайша, жұмысқа байланысты электрондық хаттарды, контактілерді және күнтізбе жазбаларын әрдайым жақын ұстайсыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефоныңыз туралы мәлімет

Телефонды шолу





1. Ескерту жарық диоды/батарея күйі
2. Жақындық сенсоры 1
3. Жақындық сенсоры 2
4. Тыңдау ұясы
5. Алдыңғы камера
6. Жарық сенсоры
7. Сенсорлық экран
8. Мәзір түймесі
9. Бастапқы түймесі
10. Артқа түймесі
11. Пернетақта
12. Қуат түймесі/Экранды құлыптау
13. Зарядтағыштың/USB кабелінің коннекторы
14. Гарнитура коннекторы
15. Камераның диод жарықтандырғышы
16. Камера линзасы
17. Дыбыс деңгейінің түймесі/Масштабтау түймесі
18. Камера түймесі
19. Динамик
20. Бау тағатын тесік

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Аппараттық құрал түймелерін пайдалану



Артқа
- Алдыңғы экранға өту
- Экрандағы пернетақтаны, диалогтық терезені, опциялар мәзірін немесе хабарландыру тақтасын жабу

Негізгі
- Кез келген қолданбадан немесе экраннан Негізгі экран немесе қолданбалар экранына өту
- Ең соңғы пайдаланылған қолданбаларды көрсететін терезені ашу үшін басып тұрыңыз.

Мәзір
- Ағымдағы экранда немесе қолданбада бар опциялар тізімін ашу

Батареяны зарядтау

Телефонды сатып алған кезде оның батареясы жартылай зарядталған болады. Бұл телефонның зарядтау кабелін USB порты немесе телефон зарядтағышы сияқты қуат көзіне қосқан кезде батарея белгішесі экранға шыққанға дейін бірнеше минутты алады. Телефон зарядталып тұрғанда, оны пайдалана беруге болады.

Батареяның заряды толық зарядталғаннан кейін кішкене азаяды және телефон зарядтағышы қосылғаннан кейін қайта зарядталады. Ол батареяның жұмыс істеу уақытын көбейтіп, заряд күйінің 100 пайыздан төмен деңгейді көрсетуіне себеп болады.



Телефонды қуат адаптерінің көмегімен зарядтау үшін

- Телефонды USB кабелі және ток адаптерінің көмегімен розеткаға қосыңыз.

Компьютерді пайдаланып телефонды зарядтау

- Телефон жиынтығына кіретін USB кабелін пайдалана отырып, телефонды USB портына қосыңыз.

Сенсорлы экранды пайдалану

Телефон қосылып тұрып белгілі бір уақыт ішінде қолданылмаса, батареяны үнемдеу үшін экран өшіп автоматты түрде құлыпталады. Бұл құлып телефонды пайдаланбаған кезде сенсорлы экранда қажетсіз әрекеттердің орындалуына жол бермейді. Сондай-ақ, жазылымыңызды қорғау үшін жеке құлып орнатып, телефон мазмұнына сізден басқа ешкім қол жеткізбейтінін қамтамасыз ете аласыз.

Телефон экраны шыныдан жасалған. Шыны шатынаған немесе сынған болса, экранға тимеңіз. Зақымдалған экранды өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Шыны экрандар

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

құлаулар мен механикалық соққыларға сезімтал болады. Ұқыпсыз ұстау жағдайларын Sony Ericsson кепілді қызметы қамтымайды.

Элементті ашу немесе бөлектеу

- Элементті түртіңіз.

Параметрлерді белгілеу немесе белгіні алу

- Параметрді белгілеу немесе белгіні алу үшін тиісті құсбелгіні немесе кейбір жағдайда тізім параметрінің оң жағын түртіңіз.

	Белгіленген құсбелгі
	Белгісі алынған құсбелгі
	Белгіленген тізім параметрі
	Белгісі алынған тізім параметрі

Масштабтау

Масштабтаудың екі әдісі бар. Бар масштабтау опциялары пайдаланылатын қолданбаға байланысты болады.

Масштабтау

- Қол жетімді болған кезде үлкейту немесе кішірейту үшін немесе белгішесін түртіңіз.

Масштабтау белгішелерін шығару үшін экранды (кез келген бағытта) сүйреу қажет болуы мүмкін.

Екі саусақпен масштабтау үшін



- Екі саусақты экранға бір уақытта қойып, олардың арасын қысыңыз (кішірейту үшін) немесе айырыңыз (үлкейту үшін).

Масштабтау функциясын фотосуреттер мен карталарды көргенде немесе вебті шолу кезінде пайдаланыңыз.

Жылжу

Экранда саусақты жоғары-төмен қозғау арқылы жылжу. Кейбір веб-беттерде оңға-солға да жылжуға болады.

Сүйреу немесе сипап өту экранда ештеңені іске қоспайды.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Жылжу



- Жылжығыңыз келетін бағытта экранда саусағыңызбен сипап өтіңіз.

Жылдамырақ жылжу үшін экранда өткіңіз келетін бағытта саусағыңызбен сипап өтіңіз.

Сипап өту үшін



- Жылдамырақ жылжу үшін экранда өткіңіз келетін бағытта саусағыңызбен сипап өтіңіз. Жылжу өздігінен тоқтағанша күтуге болады немесе экранды түрту арқылы оны бірден тоқтатуға болады.

Сенсорлар

Телефонда жарық сенсоры және жақындық сенсоры бар. Жарық сенсоры қоршаған ортадағы жарық деңгейін анықтайды және экранның жарықтығын сәйкесінше реттейді. Жақындық сенсоры бетіңіз экранға тигенде, сенсорлы экранды өшіреді. Бұл телефон байланысы кезінде телефон функцияларын кездейсоқ іске қосуды болдырмайды.

Негізгі экран

Телефондағы Негізгі экран экраны – компьютердегі жұмыс үстелі сияқты. Ол - телефонның негізгі мүмкіндіктеріне апаратын қақпа. Негізгі экран экранын виджеттермен, төте жолдармен, фон суретімен және басқа элементтермен баптауға болады.

Негізгі экран экранындағы төрт бұрыш бағдарламаларға немесе веб бет төте жолына жылдам кіруге көмектеседі.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Негізгі экран экраны әдеттегі экран дисплейінен кең болады, сондықтан экранның төрт кеңейтімдерінің біріндегі мазмұнды көру үшін солға немесе оңға сипап өтуіңіз керек. белгішесіНегізгі экран экраны сіздің қай бөлікте екенін көрсетеді.

Негізгі экранға өту үшін

- пернесін басыңыз.

Негізгі экранды қарау үшін

- Оңға немесе солға сипап өтіңіз.

Виджеттер

Виджеттер – Негізгі экран экранында тікелей пайдаланылатын кіші қолданбалар. Мысалы, **Музыкалық ойнатқыш** виджеті музыканы ойнатуды тікелей бастауға мүмкіндік береді, ал Sony Ericsson Timescape™ виджеті кіріс хабарларды көрсетеді.

Негізгі экранға виджеттерді қосу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2. **Қосу** > **Виджеттер** опциясын түртіңіз.
3. Виджетті түртіңіз.

Негізгі экрандағы барлық виджеттерді жалпы шолу

- Негізгі экранкез келген жерін шымшыңыз. Негізгі экран экранының әртүрлі аумақтарындағы барлық виджеттер енді бір көрініс көрсетіледі.

Барлық Негізгі экран виджеттері бір көрініске жиналған кезде, кез келген виджетті түртіп, оны қамтитын Негізгі экран аумағына өтіңіз.

Негізгі экранды қайта реттеу

Негізгі экранның көрінісін реттеңіз және осыдан кіруге болатын мүмкіндіктерді өзгертіңіз. Экранның фонын өзгертіңіз, элементтерді жылжытыңыз, қалталар жасаңыз және контактілерге төте жол қосыңыз.

Негізгі экранда опциялар мәзірін ашу

Негізгі экран опциялар мәзірін екі жолмен ашуға болады:

- Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
- Негізгі экран бетінің кез келген бөлігін түртіп, басып тұрыңыз.

Негізгі экран бұрыштарын қайта реттеу

Жиі кіретін қолданбалар мен веб бет төте жолдары (бетбелгілері) арқылы Негізгі экран бұрыштарын қайта реттеңіз. Әр бұрышқа ең көбі төрт төте жол қосуыңызға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Бұрышқа қолданба қосу

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 Негізгі экран шыққанша және телефон дірілдегенше қолданбаны түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін қолданбаны бұрыштардың біріне сүйреңіз.

Бұрышқа веб беті төте жолын қосу

1 Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2 **Қосу** > **Төте жолдар** > **Бетбелгі** пернелерін түртіңіз.
3 Негізгі экран бетбелгі қосу үшін бетбелгіні таңдаңыз.
4 Бұрыштардың бірінің бетбелгісін сүйреңіз.

Негізгі экранға веб бет төте жолын қосу бетіндегі 67 мақаласын қараңыз.

Бұрыштан элементті жою

1 Негізгі экран бетінен бұрышты үлкейту үшін бұрыштардың бірін түртіңіз.
2 Бұрыштағы элементті телефон дірілдегенше басып тұрыңыз, одан кейін элементті ішіне сүйреңіз.

Элементті бұрыштан алыс жылжыту

1 Негізгі экран бетінен бұрышты үлкейту үшін бұрыштардың бірін түртіңіз.
2 Телефон дірілдегенше, бұрыштағы элементті ұстап тұрып, элементті бұрыштан алыс сүйреп, Негізгі экран бетінің аймағына тастаңыз.

Негізгі экранға төте жол қосу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2 **Қосу** > **Төте жолдар** опциясын түртіңіз.
3 Төте жолды тауып, таңдаңыз.

Қолданбаны түртіп ұстап тұру арқылы Қолданбалар экранынан тікелей қолданба төте жолдарын қосыңыз.

Негізгі экранға қалта қосу

1 Негізгі экран бетінен түймесін басыңыз.
2 **Қосу** > **Қалта** тармағын түртіңіз.
3 Қалта үшін бір атауды енгізіп, белгішені таңдаңыз да, **Дайын** түймесін түртіңіз.

Қалтаны автоматты түрде жасау үшін негізгі экранда басқа элементтің үстіндегі элементті алып тастаңыз.

Қалтаға элементтерді қосу үшін

- Элементті түртіп, ол үлкейгенше және телефон дірілдегенше ұстап тұрыңыз, одан кейін элементті қалтаға сүйреңіз.

Қалтаның атын өзгерту

1 Қалтаны ашу үшін түртіңіз.
2 **Қалтаның аты** жолағын көрсету үшін қалтаның атау жолағын түртіңіз.
3 Жаңа қалта атауын енгізіп, **Дайын** түймесін түртіңіз.

Негізгі экранда элементті жылжыту

1 белгішесін басып, Негізгі экран ашыңыз.
2 Элементті түртіп, ол үлкейгенше және телефон дірілдегенше басып тұрыңыз, одан кейін элементті жаңа орынға сүйреңіз.

Негізгі экраннан элементті жою үшін

- Элементті түртіп, ол үлкейгенше және телефон дірілдегенше ұстап тұрыңыз, одан кейін элементті ішіне сүйреңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Негізгі экранның фонын өзгерту

Фон суретін және әр түрлі тақырыптарды пайдаланып жеке Негізгі экран жасаңыз.

Негізгі экран фон суретін өзгерту

1. Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2. **Фон суреті** белгішесін түртіп, фон суретін таңдаңыз.

Түсірген суретті немесе анимацияны пайдалануыңызға болады. Android Market™ сайтына немесе басқа қайнар көздерге өтіп, мысалы, күн уақыты бойынша өзгеріп отыратын жанды фон суреттерін жүктеңіз.

Бастапқы экран тақырыбын өзгерту

1. Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2. **Тақырып** белгішесін түртіп, тақырыпты таңдаңыз.

Қолданбаларға кіру және оларды пайдалану

Қолданбаларды Негізгі экран немесе Қолданбалар экранындағы төте жолдар арқылы ашыңыз.

Қолданбалар экраны

Негізгі экран экранынан ашылатын Қолданбалар экраны телефонмен бірге орнатылып келетін қолданбалар мен өзіңіз жүктеген қолданбаларды қамтиды.

Қолданбалар экраны әдеттегі экран енінен кең болады, сондықтан барлық мазмұнды көру үшін солға және оңға сипап өту керек.

Қолданбалар экранын ашу үшін



- Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.

Қолданбалар экранын қарау үшін

- Қолданбалар экранын ашыңыз, одан кейін оңға немесе солға сипап өтіңіз.

Негізгі экранда қолданбаға төте жол жасау үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. Қолданба Негізгі экран экранында пайда болғанша оны түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін оны қажетті орынға сүйреңіз.

Қолданбаларды ашу және жабу

Қолданбаны ашу үшін

- Негізгі экран экранынан немесе Қолданбалар экранынан қолданбаны түртіңіз.

Қолданбаны жабу үшін

- пернесін басыңыз.

Шығу үшін пернесін басқан кезде кейбір қолданбалар кідіртіледі, ал кейбір қолданбалар фонда жұмыс істей беруі мүмкін. Бірінші жағдайда, қолданбаны келесі ашқан кезде, тоқтаған жерден жалғастыруға болады.

Соңғы рет пайдаланылған бағдарламалар терезесі

Соңғы рет пайдаланылған бағдарламаларды осы терезеден көруге және оларға кіруге болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Соңғы пайдаланылған қолданбалар терезесін ашу үшін

- пернесін басып ұстап тұрыңыз.

Қолданба мәзірі

Мәзірді қолданбаны пайдаланып жатқан кез келген кезде, телефондағы пернесін басу арқылы ашуға болады. Пайдаланылып жатқан қолданбаға байланысты мәзір әртүрлі болады.



Қолданбадағы мәзірді ашу үшін

- Қолданбаны пайдаланып жатқанда пернесін басыңыз.

Мәзір барлық қолданбаларды болмайды.

Қолданбалар экранын қайта реттеу

Қолданбаларды қалауыңызша Қолданбалар экранында жылжытыңыз.

Қолданба экранындағы қолданбаларды реттеу

1. Негізгі экран экранынан Қолданба экранына өту үшін түймесін түртіңіз.
2. белгішесін түртіп, бір опцияны таңдаңыз.

Қолданбалар экранында қолданбаны жылжыту үшін

1. Қолданбалар экранын ашып, пернесін түртіңіз.
2. Элементті түртіп, ол үлкейгенше және телефон дірілдегенше ұстап тұрыңыз, одан кейін элементті жаңа орынға сүйреңіз.
3. Түзету режимінен шығу үшін пернесін түртіңіз.

белгішесі таңдалған кезде ғана қолданбаларды жылжытуға болады.

Қолданбаны Қолданба экранынан жою

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. белгішесін түртіңіз. Жойылатын барлық қолданбалар белгішесімен белгіленеді.
3. Жойылатын қолданбаны, кейін **OK** түймесін түртіңіз.

Күй және хабарландырулар

Экранның жоғарғы жағындағы жай-күй жолағы телефонда не болып жатқанын көрсетеді. Сол жақта жаңа немесе ағымдағы оқиғалар туралы хабарландырулар көрсетіледі. Мысалы, бұл жерде жаңа хабар және күнтізбе хабарландырулары көрсетіледі. Оң жақта сигнал күші, батарея күйі және басқа да ақпарат көрсетіледі.

Ескертулерді және ағымдағы әрекеттерді тексеру

Жай-күй жолағын төмен сүйреп Ескерту панелі ашу арқылы қосымша ақпарат алуға болады. Мысалы, жаңа хабарлама ашу немесе Ескерту панелінен күнтізбе оқиғасын көру. Сондай-ақ, музыкалық ойнатқыш сияқты іске қосылған қолданбаларды ашуға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Ескертпе панелін ашу

- Жай-күй жолағын төмен қарай сүйреңіз.

Ескерту панелін жабу үшін

- Ескерту панелінің төменгі жағындағы жолақты жоғары қарай сүйреңіз.

Ескерту панелінен іске қосылған қолданбаны ашу үшін

- Ашу үшін, шарлау панелінен іске қосылған қолданбаның белгішесін түртіңіз.

Ескерту панелін өшіру үшін

- Ескерту панелінен, **Тазалау** түймесін түртіңіз.

Телефон параметрлерінің мәзірі

Телефон параметрлерін Параметрлер мәзірінен көру және өзгерту.

Телефон параметрлеріне қол жеткізу үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** түртіңіз.

Мәтін теру

Келесі әдістердің бірін әріптер, сандар мен басқа таңбаларды қамтитын мәтінді теру үшін пайдаланыңыз.

- Сырғымалы пернетақта

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

- Экрандық пернетақта
- Телефон пернетақтасы

Сырғымалы пернетақтаны пайдаланғанда, экранның енгізу әдістері қол жетімді болмайды.

Сырғымалы пернетақта

Сырғымалы пернетақтаңыз қандай бағдарлама пайдаланып жатқаныңызды анықтайды және сол қолданбаға мәтін енгізуге көмектеседі. Мысалы, Хабар алмасу қолданбасында сөйлесулердің тізімін қарап жатсаңыз, пернетақтаны сырғытуыңызға және жібергіңіз келетін жаңа хабар үшін бірден мәтін енгізуді бастауыңызға болады. Контактілер қолданбасында контактілер тізімін қарағанда пернетақтаны сырғытып қатысты кілт сөздерді теру арқылы контакт іздеуді бастауыңызға болады.

Сырғымалы пернетақтаны пайдалану



1 Таңба регистрін ауыстырыңыз және бас әріптер регистрін қосыңыз. Кейбір тілдерде бұл түйме тілдегі қосымша таңбаларға қол жеткізу үшін қолданылады.

2 Режимді ауыстыру түймесі - Осы жерді бір түстегі басты ерекшеліктері бар байланысты таңбаларды қосу үшін басыңыз. Мысалы, осы түймені бір рет басып, "Q" түймесін "1" енгізу үшін басыңыз. Режимде ауысу түймесін блоктау үшін байланысты түймелерді баспай тұрып, оны екі рет басыңыз. Блоктау үшін мәтін енгізілгеннен кейін қайтадан басыңыз.

3 Таңбалар мен эмотикондарды көрсету

4 Бос орын енгізу

5 Мәтін жолағында солға, оңға немесе басқа сөз бен таңба опцияларының арасында жылжу

6 Мәтін жолағында жоғарыға, төмен немесе басқа сөз бен таңба опцияларының арасында жылжу

7 Мәтін енгізу параметрлері мәзірін, мысалы, **Жазу тілдері** түймесін өзгерту үшін ашыңыз. Бірнеше енгізу тілі таңдалғанда, бұл түйме жазу тілін де өзгертеді.

8 Тасымалдауды мәтін енгізуін қайтарып, растау үшін енгізіңіз.

9 Курсор алдында таңбаны өшіру

Барлық суреттер тек үлгі ретіндегі суреттер болып табылады және іс жүзіндегі телефонды дәл көрсетпеуі мүмкін.

Экрандық пернетақта

Мәтінді ыңғайлы енгізу үшін экрандық QWERTY пернетақтаның пернелерін түртіңіз. Кейбір қолданбалар экрандық пернетақтаны автоматты түрде ашады. Сонымен қатар бұл пернетақтаны мәтін өрісін түрту арқылы ашуыңызға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Экрандық пернетақтаны пайдалану

1 Таңба регистрін ауыстырыңыз және бас әріптер регистрін қосыңыз. Кейбір тілдерде бұл түйме тілдегі қосымша таңбаларға қол жеткізу үшін қолданылады.

2 Экрандық пернетақта көрінісін жабу

3 Сандар мен таңбаларды көрсетіңіз. Эмотикондар көрсету үшін түртіп ұстап тұрыңыз.

4 Бос орын енгізу

5 Енгізу параметрлері мәзірін, мысалы, **Жазу тілдері** түймесін өзгерту үшін ашыңыз. Бірнеше енгізу тілі таңдалғанда, бұл түйме жазу тілін де өзгертеді.

6 Тасымалдауды мәтін енгізуін қайтарып растау үшін енгізіңіз.

7 Курсор алдында таңбаны өшіру

Барлық суреттер тек үлгі ретіндегі суреттер болып табылады және іс жүзіндегі телефонды дәл көрсетпеуі мүмкін.

Мәтін енгізу үшін экрандық пернетақтаны көрсету

- Мәтін енгізетін өрісті түртіңіз.

Экрандағы пернетақтаны жасыру

- Мәтінді енгізген кезде пернесін басыңыз немесе түймесін түртіңіз.

Экрандық пернетақтаны альбомдық көріністе пайдалану

- Мәтінді енгізгенде, телефонды бір жағына бұрыңыз.

Пернетақтаның осы мүмкіндікті қолдау көрсетуі үшін альбомдық режимді пайдаланып жатқан қолданба қолдау көрсетуі керек және экран көрінісінің параметрлері автоматты түрде болуы керек.

Экрандық пернетақтаны пайдаланып мәтін енгізу

- Пернетақтадағы таңбаны енгізу үшін оны түртіңіз.
- Әріптің нұсқасын енгізу үшін әдеттегі пернетақта әрпін түртіп, басып тұрып, бар опциялардың тізімін алып, тізімнен таңдаңыз. Мысалы, "й" әрпін енгізу үшін, басқа опциялар пайда болғанша "е" әрпін түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін саусағыңызды пернетақтада басып ұстап тұрып "й" әрпіне сүйреп оны таңдаңыз.

Бас және кіші әріптерді ауыстыру

- Әріп енгізбес бұрын, түймесін түртіп, бас әріп регистріне немесе кіші әріп регистріне ауысыңыз.

Бас әріптер регистрін қосу

- Сөзді термес бұрын, немесе белгішесін пайда болғанша түртіңіз.

Сандар немесе таңбалар енгізу

- Мәтін енгізген кезде белгішесін түртіңіз. Сандар мен таңбалары бар пернетақта шығады. Басқа опциялар көру үшін белгішесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Көңіл-күй таңбасын кірістіру үшін

1 Мәтінді енгізгенде, опциясын түртіп, басып тұрыңыз.
2 Көңіл-күй таңбасын таңдаңыз.

Таңбаларды жою үшін

- Жүгіргіні жойылатын таңбадан кейін қою үшін түртіңіз, одан кейін түймесін түртіңіз.

Каретканы қайтару таңбасын енгізу үшін

- Мәтін енгізген кезде каретканы қайтару таңбасын енгізу үшін пернесін түртіңіз.

Мәтінді өңдеу үшін

1 Мәтінді енгізу барысында **Мәтінді өзгерту** мәзірі пайда болғанға дейін мәтін жолағын түртіп, ұстап тұрыңыз.
2 Опция таңдаңыз.

Телефон пернетақтасы

Телефон пернетақтасы стандартты 12 пернесі бар телефон пернетақтасына ұқсас. Бұл болжалды мәтін мен бірнеше рет түрту арқылы енгізу опцияларын ұсынады. Пернетақта параметрлері арқылы телефон пернетақтасы мәтін енгізу әдісін іске қосуыңызға болады. Телефон пернақтасы портреттік бағдарда қол жетімді.

Телефон пернетақтасын пайдалану



1 Мәтін енгізу опциясын таңдау

2 Таңба регистрін ауыстырыңыз және бас әріптер регистрін қосыңыз. Кейбір тілдерде бұл түйме тілдегі қосымша таңбаларға қол жеткізу үшін қолданылады.

3 Сандарда көрсету

4 Таңбалар мен эмотқондарды көрсету

5 Бос орын енгізу

6 Енгізу параметрлері мәзірін, мысалы, **Жазу тілдері** түймесін өзгерту үшін ашыңыз. Бірнеше енгізу тілі таңдалғанда, бұл түйме жазу тілін де өзгертеді.

7 Тасымалдауды мәтін енгізуін қайтарып, растау үшін енгізіңіз.

8 Курсор алдында таңбаны өшіру

Барлық суреттер тек үлгі ретіндегі суреттер болып табылады және іс жүзіндегі телефонды дәл көрсетпеуі мүмкін.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефон пернетақтасын алғаш рет ашу

- Мәтін енгізген кезде, белгішесін түртіңіз немесе бірнеше енгізу тілі таңдалған болса, белгішесін түрту арқылы басып тұрыңыз. **Портрет пернетақтасы** тармағын түртіп, бір опцияны таңдаңыз.

Параметрді жасағаннан кейін, мәтін енгізу жолағын түрту арқылы телефон пернетақтасын қосуға болады.

Экрандық пернетақта мен телефон пернетақтасының арасында ауыстыру

1. Мәтін енгізген кезде, белгішесін түртіңіз немесе бірнеше енгізу тілі таңдалған болса, белгішесін түрту арқылы басып тұрыңыз.
2. **Портрет пернетақтасы** тармағын түртіп, бір опцияны таңдаңыз.

Телефон пернетақтасының кітаптық көріністе ғана қол жетімді болатынын есте сақтаңыз.

Телефон пернетақтасын пайдаланып мәтін енгізу

Телефон пернетақтасын пайдаланған кезде екі енгізу параметрін таңдауыңызға болады:

- Телефон пернетақтасында белгішесі шықса, қалаған әрпіңіз пернеде бірінші болмаса да әр таңбаны бір рет басыңыз. Көрсетілетін сөзді түртіңіз немесе тізімнен сөзді таңдау үшін белгішесін түртіңіз.
- Телефон пернетақтасында түймесі шыққан кезде енгізгіңіз келетін таңба үшін экрандық пернені түртіңіз. Қалаған таңба таңдалғанға дейін түймені басып тұрыңыз. Енгізгіңіз келетін келесі таңба үшін осы әрекетті орындаңыз.

Телефон пернетақтасын пайдаланып сандар енгізу

- Телефон пернетақтасы ашық болған кезде 123 белгішесін түртіңіз. Телефон пернетақтасы шығады.

Телефон пернетақтасы арқылы таңбалар мен эмотикондар енгізу

1. Телефон пернетақтасы ашық болған кезде &☻ белгішесін түртіңіз. Таңбалар мен эмотикондары бар төртбұрыш шығады.
2. Басқа опцияларды көру үшін жоғары не төмен жылжытыңыз. Оны таңдау үшін таңбаны немесе эмотиконды түртіңіз.

Пернетақта мен телефон пернетақта параметрлері

Жазу тілі мен автоматты түрде түзету сияқты экрандық пернетақта мен телефон пернетақтасындаСырғымалы пернетақта параметрлерін таңдауыңызға болады.

Пернетақтаға және телефон пернетақтасы параметрлеріне кіру

- Экрандық пернетақтаны немесе телефон пернетақтасын пайдаланып мәтінді енгізген кезде белгішесін түртіңіз. Біреуден артық жазу тілін таңдасаңыз, оның орнына белгішесін түртіп ұстап тұрыңыз.

Сырғымалы пернетақтаны пайдаланып мәтін енгізген кезде параметрлерге кіру үшін белгішесін басыңыз немесе басып тұрыңыз.

Экрандық пернетақтаны немесе телефон пернетақтаны пайдаланып жазу тілін өзгерту

1. Мәтін енгізген кезде, түймесін түртіңіз немесе, бірнеше енгізу тілі таңдалған болса, түймесін түртіп ұстап тұрыңыз.
2. **Жазу тілдері** түймесін түртіп, жазуға пайдаланылатын тілдерді таңдаңыз.
3. Егер бірнеше енгізу тілі таңдалса, таңдалған жазу тілдері тізімінің бойымен жылжу үшін, опциясын түртіп, ұстап тұрыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Сырғымалы пернетақтаны пайдаланып жазу тілін өзгерту

1. Мәтін енгізген кезде түймесін басыңыз немесе басып тұрыңыз.
2. **Жазу тілдері** түймесін түртіп, жазуға пайдаланылатын тілдерді таңдаңыз.
3. Егер бірнеше енгізу тілі таңдалса, таңдалған жазу тілдері тізімінің бойымен жылжу үшін опциясын түртіп ұстап тұрыңыз.

Мәтін енгізу параметрлері

Мәтін енгізген кезде, мәтінді болжауға арналған опцияларды орнатуға көмектесетін мәтін енгізу параметрлері мәзіріне кіруге болады. Мысалы, телефон қалай балама сөздерді ұсынып, терілген сөздерді түзететінін немесе жазылған жаңа сөздерді мәтін енгізу қолданбасы жаттап отыруын қосуды таңдауға болады.

Мәтін енгізу параметрлерін өзгерту

1. Экрандық пернетақта немесе телефон пернетақтасын пайдаланып мәтін енгізген кезде түймесін түртіңіз немесе түймесін түртіп ұстап тұрыңыз.
2. **Мәтін енгізу параметрлері** белгішесін түртіңіз.
3. Қалаған параметрлерді таңдаңыз.

Сырғымалы пернетақтаны пайдаланып мәтін енгізген кезде 1-қадамдағы түймені басыңыз немесе басып тұрыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Телефондағы қоңыраулар мен ескертпелер дыбысының деңгейін, сонымен қатар музыка мен бейне ойнату деңгейін реттеуіңізге болады.

Дыбыс деңгейін реттеу пернесімен қоңырау дыбысын реттеу үшін

- Дыбыс деңгейін реттеу пернесін жоғары не төмен басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу пернесімен медиа ойнату дыбысын реттеу үшін

- Музыка ойнату немесе бейне көру кезінде дыбыс деңгейін реттеу пернесін жоғары немесе төмен басыңыз.

Телефонды дыбыссыз және діріл режиміне қою үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Дыбыссыз режим** құсбелгісін қойыңыз.
4. **Дірілдеу** белгішесін таңдап, бір опцияны таңдаңыз.

Дауыс зорайтқыштың дыбыс деңгейін жақсарту

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** тармағын тауып түртіңіз.
3. **xLOUD™** параметріне белгі қойыңыз.

Телефонды баптау

Жеке қоңырау үні, телефон тілі және құпиялылық параметрлері сияқты параметрлерді реттеу арқылы телефонды өз қажеттіліктеріңізге баптаңыз.

Уақыт пен күн

Телефоныңыздағы уақыт пен күнді өзгертуге болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Күнді қолмен орнату

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Күні және уақыты** тармағын тауып түртіңіз.
3. Егер белгіленген болса, **Автоматты** параметрінен белгіні алып тастаңыз.
4. **Күнді орнату** белгішесін түртіңіз.
5. Жоғары-төмен жылжып, күнді реттеңіз.
6. **Орнату** белгішесін түртіңіз.

Уақытты қолмен орнату

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Күні және уақыты** тармағын тауып түртіңіз.
3. Егер белгіленген болса, **Автоматты** параметрінен белгіні алып тастаңыз.
4. **Уақытты орнату** белгішесін түртіңіз.
5. Жоғары-төмен жылжып, сағат пен минутты реттеңіз.
6. **AM** белгішесін **PM** пішіміне немесе кері өзгерту үшін түртіңіз.
7. **Орнату** белгішесін түртіңіз.

! Егер **AM** және **PM** пішімін пайдаланғыңыз келсе, **24 сағ. пішімді пайд-у** параметрінен белгіні алып тастау керек.

Уақыт белдеуін орнату

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Күні және уақыты** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Қойылған болса, **Автоматты** құсбелгісін алыңыз.
4. **Уақыт белдеуін таңдау** түртіңіз.
5. Опцияны таңдаңыз.

Күн пішімін орнату

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Күні және уақыты** > **Күн пішімін таңдау** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Опцияны таңдаңыз.

Қоңырау үні параметрлері

Телефонның қоңырау үнін орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** > **Телефон қоңырау дыбысы** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Қоңырау үнін таңдаңыз.

Сенсорлық перне үнін қосу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Естілетін тондық дыбыстары** және **Дыбыстық таңдау** құсбелгілерін қойыңыз.

Хабарлау қоңырау үнін таңдау үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** > **Ескертпе қоңырау үні** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Қоңырау үнін таңдаңыз.

Дірілді дабылды орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дыбыс** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Дірілдеу** белгішесін таңдап, бір опцияны таңдаңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Экран параметрлері

Экран жарығын реттеу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Дисплей** > **Ашықтық** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Экран жарықтығын төмендету үшін жүгіргіні солға қарай сүйреңіз. Оны арттыру үшін жүгіргіні оңға қарай сүйреңіз.
4 **OK** түртіңіз.

Жарықтық деңгейі батарея өнімділігіне әсер етеді. Батарея өнімділігін жақсарту туралы кеңес алу үшін *Батарея өнімділігі* бөлімін 27-беттен қараңыз.

Экранды дірілдеуге орнату

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Дыбыс** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Сезетін өзара әрекет** құсбелгісін қойыңыз. Енді бағдарламалық пернелерді және белгілі бір қолданбаларды түрткен кезде экран дірілдейді.

Экран сөнгенге дейін күту уақытын реттеу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Дисплей** > **Экран уақыт шегі** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Опцияны таңдаңыз.

Экранды жылдам сөндіру үшін қуат түймесін жылдам басыңыз .

Телефонды зарядтау кезінде экранды қосулы күйде ұстау үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Бағдарламалар** > **Дамыту** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Ояу болу** құсбелгісін қойыңыз.

Телефон тілі

Телефоныңызда пайдалану үшін тілді таңдауға болады.

Телефон тілін өзгерту үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Тіл және пернетақта** > **Тілді таңдау** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Опцияны таңдаңыз.

Егер қате тіл таңдалып, мәзір мәтінін оқи алмасаңыз, **Параметрлері** белгішесін тауып, оны түртіңіз. Одан кейін белгішесінің жанындағы жазбаны таңдаңыз, келесі мәзірдегі бірінші жазбаны таңдаңыз. Одан кейін қажетті тілді таңдауға болады.

Ұшақ режимі

Ұшақ режимінде, телефонның желі және радио таратқыштары мен қабылдағыштары сезгіш құрылғыларға кедергі келтірмеу үшін өшіріледі. Дегенмен, әлі де ойын ойнауға, музыка тыңдауға, бейне және басқа да мазмұнды қарауға болады, бірақ олардың барлығы жад картасында сақталған болуы тиіс. Сондай-ақ, дабылдар іске қосылған болса, олардың ескертуін естуіңіз мүмкін.

Ұшақ режимі қосылғанда, батарея тұтынылуы төмендейді.

Ұшақ режимін қосу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Дербес режим** құсбелгісін қойыңыз.

Сондай-ақ, **Дербес режим** режимін **Телефон параметрлері** мәзірінен таңдауға болады. **Телефон параметрлері** мәзіріне кіру үшін қуат пернесін басып ұстап тұрыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Батарея

Сіздің Android™ телефоныңыз қай жерде болмасаңыз да, сізді байланыста ұстап жаңартып отырады. Бұл телефоныңыздағы батареяның зарядына әсер етеді. Байланыста және жаңартылып отырып, батарея зарядын мүмкін болғанша ұзақ пайдалануға көмектесетін кеңестер төменде берілген.

Батарея өнімділігі

Күту уақыты, батарея өнімділігіне байланысты жиі кездесетін ұғым, телефон желіге қосулы болып, бірақ пайдаланылмаған мерзімді білдіреді. Телефон күту режимінде неғұрлым көп болса және жұмыс істемесе, батарея соғұрлым көбірек жұмыс істейді.

Келесі кеңестер батареяны өнімділігін жақсартуға көмектесуі мүмкін:

- Телефонды жиі зарядтау. Бұл батареяның қызмет мерзіміне әсер етпейді.
- Интернеттен деректерді жүктеуге қуат жұмсалады. Интернетті пайдаланбаған кезде, жылжымалы желілер бойынша барлық деректер байланыстарын өшіру арқылы қуатты үнемдеуге болады. Мұны **Сымсыз және желі параметрлері** ішінен орындауға болады. Бұл параметр телефонға басқа сымсыз желілер арқылы деректерді тасымалдауға кедергі жасамайды.
- GPS, Bluetooth™ және Wi-Fi® мүмкіндіктерін қажет етпеген кезде, оларды өшіріп қойыңыз. Негізгі экран экранына Қуатты басқару виджетін қосу арқылы оларды оңай қосуға және өшіруге болады. 3G функциясын өшірудің қажеті жоқ.
- Синхрондау қолданбаларын (электрондық поштаны, күнтізбе мен контактілерді синхрондау үшін қолданылады) қолмен синхрондауға орнатыңыз. Сондай-ақ, автоматты түрде синхрондауға, бірақ аралықтарды үлкейтуге болады.
- Қай қолданбалар қуатты ең көп тұтынатынын көру үшін батареяны қолдану мәзірін тексеріңіз. YouTube™ сияқты бейне және музыка ағымы қолданбаларын пайдаланған кезде батарея көбірек қуат тұтынады. Кейбір Android Market™ қолданбалары да көп қуат тұтынады.
- Пайдаланылмайтын қолданбаларды жауып, олардан шығыңыз, себебі бір уақытта көп тапсырманы орындау батарея өнімділігіне әсер етеді.
- Экранның жарықтық деңгейін төмендетіңіз.
- Желі ауқымы жоқ жерде телефонды өшіріңіз немесе **Дербес режим** режимін қосыңыз. Әйтпесе, телефон бар желілерді қайта-қайта іздейді. Бұл қуатты тұтынады.
- Музыка тыңдау үшін Sony Ericsson хэндсфри құралын пайдаланыңыз. Телефонның дауыс зорайтқышы арқылы музыка тыңдағанға қарағанда бұл азырақ батарея қуатын тұтынады.

Батарея өнімділігін барынша арттыру жолдары туралы қосымша ақпарат алу үшін *www.sonyericsson.com/support*сайтына кіріңіз.

Батареяны қолдану мәзіріне кіру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. Орнатылған қолданбалардың қайсы қуатты ең көп қолданатынын көру үшін **Параметрлері** > **Телефон туралы** > **Батареяны пайдалану** тауып түртіңіз.

Негізгі экранға Күйді ауыстыру виджетін қосу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын басыңыз.
2. **Қосу** > **Виджеттер** опциясын түртіңіз.
3. **Күйді ауыстырғыш** виджетін таңдаңыз. Енді деректер байланыстарын оңай қосуға және өшіруге болады.

Батарея жарық диодының күйі

Жасыл	Батарея толық зарядталған
Жыпықтайтын қызыл	Батарея заряды төмен
Қызғылт сары	Батарея зарядталуда. Батарея заряды төмен мен толық арасында

Батарея зарядының деңгейін тексеру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Телефон туралы** > **Күйі** опциясын тауып, түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Жад

Мазмұнды жад картасына және телефон жадына сақтауға болады. Музыка, бейнеклиптер және фотосуреттер жад картасына сақталады, ал қолданбалар, контактілер және хабарлар телефон жадына сақталады.

Телефон жадынан жад картасына кейбір қолданбаларды жылжытуыңызға болады.

Қолданбаны жад картасына жылжыту

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Бағдарламалар** > **Бағдарламаларды басқару** тармағын тауып түртіңіз.
3 Қажетті қолданбаны түртіңіз.
4 **SD картаға жылжыту** белгішесін түртіңіз.

Кейбір қолданбаларды телефон жадынан жад картасына жылжытуға болады.

Жад картасы

Жад картасын бөлек сатып алу қажет болуы мүмкін.

Телефоныңыз мультимедиалық мазмұн үшін пайдаланылатын microSD™ жад картасын қолдайды. Картаның бұл түрін тасымалды жад картасы ретінде басқа үйлесімді құрылғылармен де пайдалануға болады.

Жад картасы болмаса, камераны пайдалану, музыкалық файлдарды және бейнеклиптерді ойнату немесе жүктеу мүмкін емес.

Жад картасын қауіпсіз түрде алу

Телефон өшірулі болғанда жад картасын кез келген уақытта қауіпсіз түрде алуыңызға болады. Телефон қосулы болғанда жад картасын телефоннан алып тастағыңыз келсе, телефоннан жад картасын алмастан бұрын оны шығаруыңыз керек. Бұл жад картасын зақымдаудың немесе оның ішінде сақталған деректердің жоғалуын алдын алады.

Жад картасын шығару

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Қойма** > **SD картаны ажырату** тармағын тауып түртіңіз.

Жад картасын пішімдеу

Телефондағы жад картасын, мысалы, жадты босату үшін, пішімдеуге болады. Яғни, картадағы барлық деректерді жоясыз.

Жад картасын пішімдеген кезде ондағы барлық мазмұн жойылады. Жад картасын пішімдеуден бұрын сақтағыңыз келетін барлық деректердің қосалқы көшірмелерін жасаңыз. Мазмұнның қосалқы көшірмесін жасау үшін оны компьютеріңізге көшіре аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін *Телефонды компьютерге қосу* тарауын 97-беттен қараңыз.

Жад картасын пішімдеу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Қойма** > **SD картаны ажырату** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Жад картасын ажыратып алғаннан кейін **SD картаны өшіру** пернесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Тасымалы стерео хэндсфри



Гарнитураны пайдалану

1 Портативті гарнитураны жалғаңыз.
2 Қоңырауға жауап беру үшін қоңырауларды өңдеу пернесін басыңыз. Егер музыка тыңдап отырсаңыз, қоңырау келгенде ол тоқтап, сөйлесіп болғаннан кейін жалғасады.
3 Қоңырауды аяқтау үшін қоңырауларды өңдеу пернесін басыңыз.

! Егер портативті гарнитура телефон жинағында болмаса, оны бөлек сатып алуыңызға болады.

Интернет және хабар алмасу параметрлері

Мәтінді және мультимедиа хабарларды жіберу және интернетке шығу үшін 2G/3G мобильді деректер қосылымы және дұрыс параметрлер болуы керек. Бұл параметрлерді алудың әр түрлі жолдары бар:

- Ұялы телефон желілерінің және операторларының көпшілігі үшін интернет және хабар алмасу параметрлері телефонда алдын ала орнатылған. Сондықтан, интернетті пайдалануды және хабарларды жіберуді бірден бастауға болады.
- Кейбір жағдайларда телефонды бірінші рет қосқанда, интернет және хабар алмасу параметрлерін жүктеп алу опциясын аласыз. Сондай-ақ, бұл параметрлерді кейінірек **Параметрлері** мәзірінен жүктеп алуға болады.
- Телефондағы интернет және желі параметрлерін кез келген уақытта қолмен қосуға және өзгертуге болады. Интернет және хабар алмасу параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін желі операторына хабарласыңыз.

Интернет және хабар алмасу параметрлерін жүктеу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Параметрлерді жүктеу** опциясын тауып, түртіңіз.

Ағымдағы қатынас нүктесінің атын көру үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Кіру нүктесінің аттары** түртіңіз.

! Егер бірнеше байланыс бар болса, белсенді желі байланысы оң жақтағы белгі қойылған түймемен көрсетіледі.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

APN параметрлерін қолмен конфигурациялау

1 Негізгі экран бетінен тармағын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** > **Кіру нүктесінің аттары** опциясын тауып түртіңіз.
3 түймесін басыңыз.
4 **Жаңа қатынас нүктесі** белгішесін түртіңіз.
5 **Аты** тармағын түртіңіз де, жасағыңыз келетін желі профилінің атауын енгізіңіз.
6 **Қатынас нүктесі** тармағын түртіңіз де, қатынас нүктесі атауын енгізіңіз.
7 Желі операторы талап ететін барлық басқа ақпараттарды енгізіңіз.
8 белгішесін басып, **Сақтау** түймесін түртіңіз.

Желілік параметрлер туралы толық ақпарат алу үшін желі операторымен хабарласыңыз.

Әдепкі интернет параметрлерін қалпына келтіру үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** > **Кіру нүктесінің атаулары** опциясын түртіңіз.
3 пернесін басыңыз.
4 **Әдепкі** түртіңіз.

Пайдалану туралы ақпарат

Сапаны арттыру мақсатында Sony Ericsson аноним ақаулықтар туралы есептерді және телефонды пайдалану туралы статистиканы жинайды. Жиналатын ақпараттың ешқайсысы жеке деректерді қамтымайды. Әдепкі мәні бойынша, пайдалану туралы ақпаратты жіберу іске қосылмаған. Бірақ, қаласаңыз, оны іске қосуыңызға болады.

Пайдалану туралы ақпаратты жіберу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Пайдалану ақпараты** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Пайдалану ақп-н жіб-у** құсбелгісін қойыңыз.

Data monitor қолданбасын пайдалану

Телефон жіберетін және алатын деректердің көлемін қадағалау үшін Data monitor қолданбасын пайдаланыңыз. Бұл қолданба алдын ала анықталған, іске қосылатын күнінен бастап, 2G/3G желілеріндегі шамамен алғандағы деректер тасымалын қадағалайды. Мәндер ай сайын қалпына келтіріледі. Мысалы, басталу күні 15 деп орнатылған болса, деректер тасымалының санауышы әрбір айдың 15-күнінде қалпына келтіріледі. Data monitor қолданбасын бірінші рет іске қосқанда, басталу күні 1 деп орнатылады.

Data monitor қолданбасы тасымалданатын деректердің мөлшері белгілі бір шекке жетсе, ескертеді. Жіберілетін деректер, алынатын деректер және жалпы деректер үшін шектерді жеке-жеке орнатуға болады. Data monitor қолданбасын Негізгі экран экранында виджет ретінде іске қосуға болады.

Көрсетілетін деректердің мөлшері шамаланып беріледі. Нақты деректерді пайдалану мөлшерін тексеру үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

Wi-Fi® немесе Bluetooth™ байланыстары арқылы жіберілген немесе алынған деректер бақыланбайды.

Data monitor қолданбасының басталу күнін орнату

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Data monitor** тармағын тауып түртіңіз.
3 **Параме-р** > **Ай кезеңі** тармағын түртіңіз.
4 Жоғары-төмен жылжып, басталу күнін реттеңіз.
5 Аяқтағанда, **OK** түймесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Data monitor дабылын орнату

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Data monitor** тармағын тауып түртіңіз.
3. Орнатылған дабылға байланысты, **Жіберілген деректер**, **Алынған деректер** немесе **Барлық деректер** жанындағы қоңырау белгішесін түртіңіз.
4. Жоғары-төмен жылжып, мәндерін реттеңіз.
5. Аяқтағанда, **OK** түймесін түртіңіз.

Data monitor дабылын өшіру үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Data monitor** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Қай дабыл өшірілетініне екеніне қарай, **Жіберілген деректер**, **Алынған деректер** немесе **Барлық деректер** жанындағы қоңырау белгішесін түртіңіз.
4. **Босату** түртіңіз. Дабыл шегі нөлге қайта орнатылады және дабыл өшіріледі.

Деректер тасымалын өшіру

Керек емес деректердің жүктелуін және қадамдастыруларды болдырмау үшін 2G/3G желілеріндегі телефонмен деректер байланыстарының барлығын өшіруге болады. Жазылым жоспары және деректер тасымалының құны туралы егжей-тегжейлі ақпарат керек болса, желі операторына хабарласыңыз.

Деректер тасымалы өшірілген кезде, әлі де Wi-Fi™ және Bluetooth™ байланыстарын пайдалана аласыз. Сондай-ақ, мультимедиа хабарларын жіберуге және алуға болады.

Бүкіл деректер тасымалын өшіру үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Деректер қосылған** құсбелгісін алыңыз.

Деректер роумингі

Желі операторына байланысты, үй желісінен тыс жерде 2G/3G арқылы жылжымалы деректер байланысына рұқсат беруге болады (роуминг). Деректерді жіберу үшін ақы төлеу қажет болуы мүмкіндігін ескеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін желі операторына хабарласыңыз.

Бағдарламалар кейде үй желісінде ешқандай ескертусіз Интернет байланысын пайдалануы мүмкін, мысалы, іздеу және синхрондау сұрауларын жіберген кезде. Деректер роумингі үшін қосымша ақы алынуы мүмкін. Қызмет көрсетушісімен ақылдасыңыз.

Деректер роумингін іске қосу үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Деректер роумингі** құсбелгісін қойыңыз.

Деректер байланыстары өшірулі кезде деректер роумингін іске қосу мүмкін емес

Желі параметрлері

Телефон әр түрлі орындар арқылы қол жетімді желілерге байланысты желілер арасында автоматты түрде ауысып қосылады. Алғашында телефон деректер қол жетімді болатын жылдам ұялы желі режимін пайдалануға конфигурацияланады. Бірақ деректерге арналған баяу 2G желі режимін пайдалану үшін, зарядтау аралығындағы батареяның қызметін ұзарту үшін телефонды қолмен конфигурациялауыңызға болады. Сонымен қатар әр түрлі желі режимдеріне тұтас кіру үшін немесе роуминг кезінде ерекше тәсілдермен пайдалану үшін телефонды конфигурациялауыңызға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Желі режимін таңдау

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** тармағын тауып түртіңіз.
3 **Желі тәсілі** белгішесін түртіңіз.
4 Желі режимін таңдаңыз.

Басқа желіні қолмен таңдау

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** > **Желі операторлары** тармағын тауып түртіңіз.
3 **Іздеу режимі** белгішесін түртіңіз.
4 Қалқымалы терезе шыққанда, **Қолмен таңдау** тармағын түртіңіз.
5 Желіні таңдаңыз.

Егер желіні қолмен таңдасаңыз, телефоныңыз қолмен таңдалған желінің ауқымынан шығып кеткен жағдайда да басқа желіні іздемейді.

Желіні автоматты таңдауды іске қосу үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Ұялы желі** > **Желі операторлары** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Іздеу режимі** түртіңіз.
4 **Авт-ты түрде таңдау** түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Қоңырау соғу

Жедел қоңыраулар

Телефоныңыз халықаралық жедел қызмет нөмірлерін қолдайды, мысалы, 112 немесе 911. Әдетте, егер желі ауқымында болсаңыз, SIM картасын салып немесе салмай-ақ, кез келген елде жедел қоңырау шалу үшін осы нөмірлерді пайдалана аласыз.

Жедел қоңырау соғу

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Телефон** тармағын тауып, түртіңіз.
3 Жедел қоңырау нөмірін енгізіп **Қоң-у** түймесін түртіңіз. Нөмірді жою үшін түймесін түртіңіз.

SIM картасы салынбаған кезде жедел қоңырау соғуға болады.

SIM картасы құлыптаулы болғанда жедел қоңырау соғу

1 **Жедел нөмір** түртіңіз.
2 Жедел қоңырау нөмірін енгізіп **Қоң-у** пернесін басыңыз. Нөмірді жою үшін пернесін түртіңіз.

Қоңырауды қолдану

Телефон нөмірін қолмен теру арқылы, телефонда сақталған контакт тізімінде сақталған нөмірді түрту арқылы немесе белгішесін түрту арқылы**Қоң. журн.** ішінде қоңырау шалуыңызға болады.

Теру арқылы қоңырау шалу

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Телефон** тармағын тауып түртіңіз.
3 Алушының нөмірін теріңіз және **Қоң-у** түймесін түртіңіз. Нөмірді жою үшін түймесін түртіңіз.

Қоңырауды аяқтау үшін

- **Қоңырауды аяқтау** опциясын түртіңіз.

Халықаралық қоңырау соғу

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Телефон** түймесін тауып түртіңіз.
3 “+” таңбасы шыққанға дейін **0** түймесін түртіп, басып тұрыңыз.
4 Ел кодын, аймақ кодын (алғашқы 0 санысыз) және телефон нөмірін енгізіңіз, содан кейін**Қоң-у** түймесін түртіңіз.

Қоңырауға жауап беру үшін

- Экранда белгішесін оң жаққа қарай сүйреңіз.

Егер микрофонсыз қарапайым құлақаспаптарды пайдаланатын болсаңыз, қоңырауға жауап беру үшін оларды гарнитура коннекторынан алып тастау керек.

Қоңырауды қабылдамау үшін

- белгішесін экран бойынша сол жаққа қарай сүйреңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Қоңырау кезінде құлақ дауыс зорайтқышы дыбыс деңгейін өзгерту үшін

- Дыбыс деңгейін реттеу пернесін жоғары не төмен басыңыз.

Сөйлесіп тұрғанда дауыс зорайтқышты қосу

- белгішесін түртіңіз.

Қоңырау кезінде микрофонның дыбысын өшіру

- пернесін түртіңіз.

Экранды қоңырау барысында іске қосу үшін

- пернесін басыңыз.

Қоңырау барысында нөмірлерді енгізу үшін

1. Қоңырау кезінде түймесін түртіңіз. Пернетақта шығады.
2. Нөмірлерді енгізіңіз.

Кіріс қоңырауының дыбысын өшіру

- Қоңырау алған кезде дыбыс деңгейін реттеу пернесін басыңыз.

Соңғы қоңыраулар

Қоңыраулар журналынан қабылданбаған, қабылданған және терілген қоңырауларды көруге болады.

Қабылданбаған қоңырауларды көру үшін

1. Қабылданбаған қоңырауларыңыз болғанда, жай-күй жолағында пайда болады. Күй жолағын төмен қарай сүйреңіз.
2. **Қабылданбаған қоңырау** түртіңіз.

Қоңыраулар журналындағы нөмірге қоңырау шалу

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. Қоңыраулар журналы көрінісін енгізу үшін **Телефон** > **Қоң. журн.**тауып түртіңіз.
3. Нөмірге тікелей қоңырау шалу үшін нөмірдің қасындағы түймесін түртіңіз. Қоңырау шалмастан бұрын нөмірді түзету үшін нөмірді түртіп ұстап тұрыңыз, содан кейін опцияны таңдаңыз.

Қоңыраулар журналындағы нөмірді контактілерге қосу

1. Негізгі экран бетінен тармағын түртіңіз.
2. **Телефон** > **Қоң. журн.** тармағын тауып түртіңіз.
3. Санды түртіп, ұстап тұрыңыз, одан кейін **Контактілерге қосу** тармағын түртіңіз.
4. Қажетті контактіні түртіңіз немесе **Жаңа контакт жасау** опциясын түртіңіз.
5. Контактінің мәліметтерін өңдеңіз де, **Дайын** түймесін басыңыз.

Дауыс поштасы

Егер абоненттік ақыға жауап беру қызметі қосылса, қоңырау шалушылар қоңырауға жауап бере алмайтын кезіңізде дауыс поштасы хабарын қалдыра алады. Әдетте дауыс поштасының нөмірі SIM картасына сақталады. Әйтпесе, дауыс поштасының нөмірін алу үшін қызмет көрсетушіге хабарласыңыз. Содан кейін нөмірді қолмен енгізуге болады.

Дауыс поштасы нөмірін енгізу үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Дауыстық пошта параметрлері** > **Дауысты пошта нөмірі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Дауыс поштасы нөмірін енгізіңіз.
4. **OK** түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Дауыс поштасы қызметіне қоңырау шалу

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Телефон** тармағын тауып түртіңіз.
3 **1** түртіп ұстап тұрыңыз.

Бірнеше қоңыраулар

Егер қоңырау күту функциясы іске қосылған болса, бір мезгілде бірнеше қоңырауларды өңдеуге болады. Бұл функция іске қосылған болса, басқа қоңырау келген кезде дыбыстық сигнал беріледі.

Қоңырау күтуді іске қосу немесе өшіру үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Қосымша параметрлер** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Қоңырау күтуді іске қосу немесе өшіру үшін **Қоңырау күтуде** тармағын күтіңіз.

Екінші қоңырауды қабылдамау

- Қоңырау кезінде қайталанған қысқа дыбыс естісеңіз, **Бос емес** пернесін түртіңіз.

Екінші қоңырауға жауап беру және ағымдағы байланысты аяқтау үшін

- Қоңырау кезінде қайталанған қысқа дыбыс естісеңіз, **Ағ. қоң-ды аяқт., жау. бер.** пернесін түртіңіз.

Екінші қоңырауға жауап беру және ағымдағы байланысты күтуге қою үшін

- Қоңырау кезінде дыбыстық сигнал шыққан кезде **Жауап** түймесін басыңыз.

Екінші қоңырау соғу үшін

1 Ағымдағы байланыс кезінде тармағын таңдаңыз.
2 Алушының нөмірін теріңіз және пернесін түртіңіз.
3 Егер алушы жауап берсе, бірінші қоңырау күтуге қойылады.

Осыған ұқсас процедура келесі қоңырауларға қолданылады.

Бірнеше қоңыраулар арасында ауысу

- Басқа қоңырауға ауысу және ағымдағы қоңырауды ұстауға қою үшін қажетті нөмірді немесе контактіні түртіңіз.

Ағымдағы байланыс аяқтап, келесі күтудегі қоңырауға оралу үшін

- түймесін түртіңіз.

Конференция қоңыраулары

Конференция немесе көп тарапты қоңыраумен екі не одан көп адаммен бірігіп сөйлесуге болады.

Конференция байланысын жасау үшін

1 Ағымдағы байланыс кезінде тармағын таңдаңыз.
2 Екінші қатысушының нөмірін теріп, пернесін түртіңіз.
3 Егер екінші алушы жауап берсе, бірінші қоңырау күтуге қойылады.
4 түртіңіз.

Тағы қатысушылар қосу үшін 1-4 қадамдарын қайталаңыз.

Конференция байланысы қатысушысымен жеке сөйлесу

1 Ағымдағы конференция байланысы кезінде қатысушылардың нөмірін көрсететін түймені түртіңіз. Мысалы, байланыста үш қатысушы болса **3 қатысушы** түймесін түртіңіз.
2 Жеке сөйлескіңіз келетін қатысушының атын түртіңіз.
3 Жеке сөйлесуді аяқтау және конференция байланысына оралу үшін түймесін басыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Конференция қоңырауынан қатысушыны шығару

1. Ағымдағы конференция қоңырауы кезінде қатысушылардың санын көрсететін түймені түртіңіз. Мысалы, онда үш қатысушы болса, **3 қатысушы** түймесін түртіңіз.
2. Шығаратын қатысушының жанындағы түймесін түртіңіз.

Конференция байланысын аяқтау үшін

- Қоңырау барысында түймесін түртіңіз.

Қоңырау параметрлері

Қоңырау бағытын өзгерту

Қоңыраулардың бағытын өзгертуге болады, мысалы, басқа телефон нөміріне немесе жауап беру қызметіне.

Қоңыраулардың бағытын өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Қоңырауды бұру** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Опцияны таңдаңыз.
4. Қоңырауды бағыттағыңыз келетін нөмірді енгізіңіз де, **Қосу** түймесін түртіңіз.

Қоңырау бағытын өзгертуді өшіру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Қоңырауды бұру** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Опцияны таңдаңыз.
4. **Сөндіру** түртіңіз.

Телефон нөміріңізді көрсету немесе жасыру

Қоңырау соққан кезде қоңырауды қабылдаушылардың құрылғыларында телефон нөміріңізді көрсету немесе жасыру мүмкіндігін таңдауға болады.

Телефон нөмірін көрсету немесе жасыру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Қосымша параметрлер** > **Қоң. шалушы коды** опциясын тауып түртіңіз.
3. Опцияны таңдаңыз.

Бекітілген терілетін нөмірлер

Егер қызмет көрсетушіден PIN2 кодын алған болсаңыз, шығыс қоңырауларын шектеу үшін бекітілген терілетін нөмірлер (FDN) тізімін пайдалана аласыз.

Бекітілген нөмір теруді қосу немесе өшіру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Тұрақты қ. шалу нөм.** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Бек-ген теруді қосу** немесе **Бекітілген теруді өшіру** опциясын түртіңіз.
4. Жеке идентификациялық код 2 енгізіп, **OK** түймесін түртіңіз.

Қабылданған қоңырау алушыларының тізіміне кіру үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Тұрақты қ. шалу нөм.** > **Тұрақты қ. шалу нөм.** опциясын тауып, түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Контактілер

Барлық контактілерді сақтау және басқару үшін Контактілер қолданбасын пайдаланыңыз. Телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын, туған күн туралы мәліметтерді және басқа да контакт деректерін бір жерде ұстаңыз. **Контактілер** қолданбасы белгілі бір контактімен жасалған барлық хабарласуларды көрсетеді. Бұл ақпаратқа бір оңай шолуда қол жеткізу үшін контактіні түртсеңіз болғаны.

Телефонға жаңа контактілерді қосып, оларды Sony Ericsson Sync есептік жазбасындағы, Google™ есептік жазбасындағы, Microsoft® Exchange ActiveSync® есептік жазбасындағы және қадамдастыруды қолдайтын басқа есептік жазбалардағы контактілермен қадамдастыруға болады. **Контактілер** қолданбасы юір жазба жасау үшін жаңа мекенжайларды бар контактілермен қосуға автоматты түрде әрекет жасайды. Бұл үдерісті қолмен де басқаруға болады.

Контактілерді алғаш рет ашу

Контактілер қолданбасын алғаш рет ашқан кезде контактілерді телефонға қосу туралы сізге кеңес беріледі. Бұл кезде жағдайыңызға және орнатуыңызға сай келетін әдісті таңдаған жөн.

Контактілерді телефонға жазу

Бар контактілер мен басқа деректерді жаңа телефонға көшірудің бірнеше тәсілі бар:

	Sony Ericsson Sync немесе Google Sync™ сияқты онлайн синхрондау қызметінде әлдеқашан сақталған контактілерді телефонмен синхрондау.
	Контактілерді SIM картасынан импорттау. SIM картасы жадының шектеулі болуына байланысты бір телефоннан басқа телефонға бұл әдіспен барлық ақпаратты тасымалдау мүмкін болмауы ықтимал.
	Контактілерді жад картасынан импорттау.
	Bluetooth™ байланысын пайдалану.
	SMS, MMS немесе электрондық пошта сияқты хабар алмасу қызметтерінің көмегімен контактілерді жіберу.

! Пайдаланушылардың көбі үшін онлайн синхрондау тәсілі қолайлы. Осылайша, сізде әрқашан онлайн қосалқы көшірме болады.

Контактілерді көру

- Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз. Контактілер осында келтіріледі.

Телефон контактілерін қадамдастыру есептік жазбасымен қадамдастыру үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Параметрлер** > **Ес. жазб-р ж/е қад-ру** опциясын түртіңіз.
3. Қадамдастыру есептік жазбасын орнату үшін **Есептік жазба қосу** түймесін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Қадамдастыру есептік жазбасын әлдеқашан орнатқан болсаңыз және сол есептік жазбамен қадамдастырғыңыз келсе, түймесін басып, **Қазір қадамдастыру** опциясын түртіңіз.

SIM картасынан контактілерді импорттау

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Контакт имп-у** > **SIM карта** опциясын түртіңіз.
3. Қадамдастыру есептік жазбасын орнатқан болсаңыз, SIM картасындағы контактілерді сол есептік жазба ішінде қосуды таңдауға болады. Немесе, бұл контактілерді тек телефонда қолдануды таңдауыңызға болады. Қажетті опцияны таңдаңыз.
4. Жеке бір контактіні импорттау үшін контактіні тауып, оны түртіңіз. Барлық контактілерді импорттау үшін пернесін басып, одан кейін **Бәрін импорттау** опциясын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Жад картасынан контактілерді импорттау үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 пернесін басып, **Контакт имп-у** > **Жад картасы** опциясын түртіңіз.
3 Қадамдастыру есептік жазбасын орнатқан болсаңыз, жад картасынан импортталған контактілерді сол есептік жазба ішінде қоса аласыз. Немесе, импортталған контактілерді тек телефонда қолдануды таңдауыңызға болады. Қажетті опцияны таңдаңыз.
4 SD картасында бірнеше vCard файлы бар болса, жасалған күндерімен бірге, телефон контактілерінің әртүрлі топтамаларын көрсететін тізім пайда болады. Импорттағыңыз келетін топтаманы таңдаңыз.

Bluetooth™ технологиясы арқылы жіберілген контакті деректерін алу үшін

1 Bluetooth™ функциясы қосылғанына және телефон көрінетіндей орнатылғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаса, басқа құрылғылардан деректерді алу мүмкін болмайды.
2 Файлды алу керектігін растау сұралғанда, **Қабылдау** пернесін түртіңіз.
3 Ескерту панелін төмен сүйреп, контакті деректерін импорттау үшін алынған файлды түртіңіз.

Хабар алмасу қызметі арқылы жіберілген контактілерді алу үшін

1 Сізге жаңа мәтінді хабар, мультимедиа хабары немесе электрондық пошта хабары келгенде хабарды ашыңыз.
2 Алынған контакті деректері vCard қосымшасы ретінде көрсетіледі. Контакті деректерін сақтау үшін vCard файлын түртіңіз немесе түртіп ұстап тұрыңыз.

Контактілер экранын шолу



1	Контакт жасау үшін осы жерді түртіңіз
2	Контактіні іздеу жолағы
3	Контактінің мәліметтерін көру үшін оны түртіңіз
4	Белгіше жедел хабар алмасу қызметтерінен контактінің күйін көрсетеді
5	Жылдам хабарласу мәзіріне қол жеткізу үшін контактінің пиктограммасын түртіңіз
6	Төте жол бөлімдері

Контактілерді басқару

Бірнеше оңай қадамда контактілерді жасаңыз, түзетіңіз және қадамдастырыңыз. Телефонда пайдаланғыңыз келетін контактілерді ғана көрсету үшін бөлектеңіз. Контактілерді бірнеше есептік жазбамен қадамдастырсаңыз, көшірмелердің болуына жол бермеу үшін контактілерді телефонда біріктіруге болады.

! Кейбір қадамдастыру қызметтері, мысалы, кейбір әлеуметтік желі қызметтері контакті мәліметтерін өңдеуге мүмкіндік бермейді.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Контактілер қолданбасында қай контактілерді көрсетуді таңдау

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 белгішесін басып, **Сүзгі** тармағын түртіңіз.
3 Көрсетілетін тізімде қажетті опцияларды белгілеңіз және белгілерін алыңыз. Контактілерді синхрондау есептік жазбасымен синхрондаған болсаңыз, сол есептік жазба тізімде көрсетіледі. Опциялар тізімін әрі қарай кеңейту үшін есептік жазбаны түртуге болады. Аяқтаған кезде **ОК** түймесін түртіңіз.

Контактіні қосу үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 түртіңіз.
3 Контактілеріңізді бір немесе бірнеше есептік жазбамен қадамдастырған болсаңыз, осы контакті қосылатын есептік жазбаны таңдаңыз немесе осы контактіні тек телефонда қолданғыңыз келсе **Телефон контактісі** опциясын түртіңіз.
4 Контакті үшін қажетті ақпаратты енгізіңіз немесе таңдаңыз.
5 Аяқтағанда, **Дайын** опциясын түртіңіз.

Контактінің телефон нөмірінің алдында қосу белгісін және елдің кодын қоссаңыз, нөмірді басқа елдерден қоңырау соғу үшін пайдалануға болады.

Контактіні өңдеу үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 Өңдегіңіз келетін контактіні түртіп, ұстап тұрып, **Контактіні түзету** опциясын түртіңіз.
3 Қажет ақпаратты өңдеңіз. Аяқтағанда, **Дайын** опциясын түртіңіз.

Суретті контактімен байланыстыру үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 Өңдегіңіз келетін контактіні түртіп, ұстап тұрып, **Контактіні түзету** опциясын түртіңіз.
3 опциясын түртіп, контакті суретін қосудың қажетті тәсілін таңдаңыз.
4 Суретті қосқаннан кейін **Дайын** түймесін түртіңіз.

Сондай-ақ, контактіге **Галерея** қолданбасынан тікелей сурет қосуға болады.

Контактімен байланыстарды көру үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 Көргіңіз келетін контактіні түртіңіз.
3 Басқа мультимедиада контактімен хабарласуыңызды көру үшін экранның төменгі жағындағы элементтерді түртіңіз немесе олар арқылы сипап өтіңіз.

Контактілерді жою үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 пернесін басып, **Конт-рді жою** опциясын түртіңіз.
3 Жойылатын контактілерді белгілеңіз немесе барлық контактілерді жойғыңыз келсе, **Бәрін белгілеу** түймесін түртіңіз.
4 **Жою** > **ОК** опциясын түртіңіз.

Өзіңіз туралы хабарласу ақпаратыңызды өңдеу үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 Контактілер тізімнің жоғарғы жағындағы **Өзім** түймесін түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін **Контактіні түзету** түймесін түртіңіз.
3 Жаңа ақпаратты енгізіңіз немесе қажетті өзгертулерді жасаңыз.
4 Болған кезде **Дайын** пернесін түртіңіз.

Контактілерде қайталанатын жазбаларды болдырмау

Контактілерді жаңа есептік жазбамен қадамдастырсаңыз немесе контакті ақпаратын басқа жолдармен импорттасаңыз, Контактілерде қайталанатын жазбаларға тап болуыңыз мүмкін. Бұл орын алса, қайталанатын жазбаларды біріктіріп бір жазба жасауға болады. Ал жазбаларды қателесіп біріктіріп қойсаңыз, кейін оларды қайтадан бөлуге болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Контактілерді біріктіру үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. Басқа контактімен біріктіргіңіз келетін контактіні түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін **Контактілерді қосу** түймесін түртіңіз.
3. Пайда болатын тізімнен бірінші контактімен ақпаратын біріктіргіңіз келетін контактіні түртіңіз, одан кейін растау үшін **OK** түймесін түртіңіз. Екінші контактінің ақпараты бірінші контактіге қосылады, ал екінші контакт бұдан былай Контактілер тізімінде көрсетілмейді.

Біріктірілген контактілерді бөлу

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. Біріктірілген контактіні түртіп, басып тұрып, **Контактіні түзету** тармағын түртіңіз.
3. белгішесін басып, **Бөлектеу** тармағын түртіңіз.
4. **OK** түймесін түртіңіз.

Таңдаулылар

Контактіні таңдаулы ретінде белгілеуге болады. **Сүйіктілер** бөлімі белгіленген контактілерге жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. **Сүйіктілер** бөлімінде, сондай-ақ, ең жиі хабарласатын контактілер тізімін таба аласыз.

Контактіні таңдаулы ретінде белгілеу немесе белгіні алу үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. Қосқыңыз келген немесе таңдаулылардан алып тастағыңыз келген контактіні түртіңіз.
3. түртіңіз.

Контактілермен байланысу

Контактіні іздеу

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. Контакті атының бірінші бірнеше әрпін **Іздеу** жолағына енгізіңіз. Сол әріптермен басталатын барлық контактілер көрсетіледі.

Жылдам хабарласу мәзірі

Белгілі бір контактіге арналған жылдам хабарласу опцияларын көру үшін контактінің пиктограммасын түртіңіз. Опцияларға контактіге қоңырау шалу, мәтіндік немесе мультимедиа хабарламасын жіберу және **Talk** көмегімен сөйлесуді бастау кіреді.

Жылдам хабарласу мәзірінде қолданба опция ретінде көрсетілуі үшін телефонда қолданбаны орнату керек болуы мүмкін. Мысалы, **Gmail™** қолданбасын жылдам хабарласу мәзірінде қолдана алу үшін оны іске қосып, кіру мәліметтерін енгізу керек.

Контактілерді ортақтастыру

Іскерлік картаны жіберу үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. **Өзім** түртіңіз.
3. пернесін басып, **Контактіні жіберу** > **OK** опциясын түртіңіз.
4. Пайдалануға болатын тасымалдау әдісін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Контактіні жіберу үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2. Мәліметтерін жібергіңіз келетін контактіні түртіңіз.
3. пернесін басып, **Контактіні жіберу** > **OK** опциясын түртіңіз.
4. Пайдалануға болатын тасымалдау әдісін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Бірнеше контактіні бірден жіберу үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 пернесін басып, **Контактілерді жіберу** опциясын түртіңіз.
3 Жіберілетін контактілерді белгілеңіз немесе барлық контактілерді жібергіңіз келсе, барлығын таңдаңыз.
4 **Жіберу** түймесін, одан кейін растау үшін **OK** түймесін түртіңіз.
5 Пайдалануға болатын тасымалдау әдісін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Контактілердің қосалқы көшірмесін жасау

Жад картасы мен SIM картасын контактілердің қосалқы көшірмесін жасау үшін пайдалануға болады.

Барлық контактілерді жад картасына экспорттау үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 пернесін басып, **Конт сақ.көш ж.** > **Жад картасы** опциясын түртіңіз.
3 **OK** түртіңіз.

Контактілерді SIM картасына экспорттау үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін түртіңіз.
2 пернесін басып, **Конт сақ.көш ж.** > **SIM карта** опциясын түртіңіз.
3 Экспортталатын контактілерді белгілеңіз немесе барлық контактілерді экспорттағыңыз келсе, **Бәрін белгілеу** түймесін түртіңіз.
4 **Сақ. көш ж-у** түртіңіз.
5 Контактілерді SIM картасындағы контактілерге қосқыңыз келсе, **Контактілерді қосу** опциясын таңдаңыз немесе немесе SIM картасындағы контактілерді алмастырғыңыз келсе, **Барл. контакт-і ауыстыру** опциясын таңдаңыз.

! Контактілерді SIM картасына экспорттаған кезде барлық ақпарат экспортталмауы мүмкін. Бұл SIM карталарының жад шектеулеріне байланысты.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Хабар алмасу

Мәтінді және мультимедиа хабарларын пайдалану

SMS қызметі арқылы телефоннан мәтінді хабарлар жіберуге болады. Жазылымға MMS қызметі кірсе, сонымен бірге, мультимедиа файлдар, мысалы, суреттер және бейнелер, бар хабарларды жіберуге және алуға болады. Бір мәтінді хабарда 160 таңбаға дейін болуы мүмкін. 160 таңбадан асып кетсе, онда барлық дара хабарламаларыңыз байланыстырылып, бірге жіберіледі. Жіберілген әр 160 таңбалық хабардың әрқайсысына сізден ақы алынады. Хабарламаларды көрген кезде олар сөйлесулер сияқты көрсетілуі мүмкін, яғни белгілі бір адамға жіберілген және одан алынған хабарламалар бірге топтастырылады.

Мультимедиалық хабарларды жіберу үшін телефондағы Мультимедиа хабарламалары қызметі параметрлері дұрыс болуы керек. *Интернет және хабар алмасу параметрлері* бөлімін 29-беттен қараңыз.

Хабар жазу және жіберу

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін тауып түртіңіз.
2. **Жаңа хабар** белгішесін түртіңіз.
3. **Хабар жазу** опциясын түртіп, хабар мәтінін енгізіңіз.
4. Алушыны қосу үшін **Алушыны қосу** түймесін түртіп, одан кейін контактіні таңдаңыз немесе толық нөмірді қолмен теріңіз.
5. Егер мультимедиа файлын қосқыңыз келсе, түймесін түртіңіз де, опцияны таңдаңыз.
6. Хабарламаны жібермес бұрын алушыларды қосу немесе жою керек болса, түймесін басыңыз. Алушыны қосу үшін **Алушыны қосу** опциясын түртіңіз. Алушыны жою үшін **Алушы-ды түзету** белгішесін, одан кейін алушы жолағының жанындағы түймесін түртіңіз. Аяқтаған кезде **Дайын** тармағын түртіңіз.
7. Хабар жіберу үшін **Жіб-у** түймесін түртіңіз.

Хабардан жібермей тұрып шықсаңыз, ол жоба жазба ретінде сақталады. Сөйлесуге **Жоба:** деген тег қосылады.

Алынған хабарды оқу

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін белгішесін тауып түртіңіз.
2. Қажетті сөйлесуді түртіңіз.
3. Егер хабар әлі жүктелмеген болса, хабарды түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін **Хабарды қотару** пернесін түртіңіз.

Мәтінді немесе мультимедиа хабарын алған кезде, жай-күй жолағында пернесі шығады. Хабарды оқу үшін жай-күй жолағын төмен сүйреуіңізге және ол жолақ ашық болғанда алынған хабарды түртуіңізге болады.

Хабарға жауап беру

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Қажетті сөйлесуді түртіңіз.
3. Жауапты енгізіп, **Жіб-у** түймесін түртіңіз.

Хабарды қайта жіберу үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Қажетті сөйлесуді түртіңіз.
3. Қайта жібергіңіз келетін хабарламаны түртіп, ұстап тұрып, **Хабарды басқаға жіберу** опциясын түртіңіз.
4. Алушыны тізімнен таңдаңыз немесе тізімде жоқ алушыны қосу үшін **Жаңа сөйлесу** түймесін түртіңіз.
5. Хабарды өңдеп, **Жіб-у** опциясын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Хабарды жою үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Қажетті сөйлесуді түртіңіз.
3. Жойғыңыз келетін хабарламаны түртіп, ұстап тұрып, **Хабарды жою** > **Иә** опциясын түртіңіз.

Сөйлесулерді жою үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Бірнешесін жою** опциясын түртіңіз.
3. Жойғыңыз келетін сөйлесулерге құсбелгі қойыңыз да, **Жою** түймесін түртіңіз.

Жіберушінің нөмірін контактіге сақтау

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Сөйлесуді түртіңіз.
3. Экранның жоғарғы жағындағы жіберуші нөмірін түртіңіз.
4. түртіңіз.
5. Бар контактіні таңдаңыз немесе жаңа контакт жасағыңыз келсе, белгішесін түртіңіз.
6. Контакт туралы ақпаратты өзгертіп, **Дайын** опциясын түртіңіз.

Хабар жіберушіге қоңырау шалу

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Сөйлесуді түртіңіз.
3. Экранның жоғарғы жағындағы жіберушінің атын немесе нөмірін түртіңіз.
4. Егер алушы контактілер тізімінде сақталған болса, қоңырау шалғыңыз келетін телефон нөмірін түртіңіз. Алушыны контактілер тізімінде сақтамаған болсаңыз, түймесін түртіңіз.

Алынған хабар ішінде қамтылған файлды сақтау үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. Қажетті сөйлесуді түртіңіз.
3. Егер хабар әлі жүктелмеген болса, хабарды түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін **Хабарды қотару** пернесін түртіңіз.
4. Сақталатын файлды түртіп ұстап тұрыңыз, одан кейін қажетті опцияны таңдаңыз.

Мәтінді және мультимедиа хабар опциялары

Хабарлар үшін ескертпе параметрлерін өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Параметрлер** опциясын түртіңіз.
3. Егер қажет болса, **Ескерту үні** тармағын түртіңіз де, ескертпе дыбысын таңдаңыз.
4. Керек болса, **Ескерту дірілдеткіші** белгішесін түртіп, іске қосу үшін құсбелгіні қойыңыз.

Шығыс хабарлар үшін жеткізу есебі параметрлерін өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Параметрлер** опциясын түртіңіз.
3. Жеткізу есебін іске қосу немесе өшіру үшін **Жеткізу туралы есеп** тармағын басыңыз.

! Хабар алушыға жеткізілген кезде хабарда белгішесі көрсетіледі.

SIM картасына сақталған хабарларды көру

1. Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Хабар алмасу** белгішесін түртіңіз.
2. пернесін басып, **Параметрлер** > **SIM хабарлары** опциясын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Электрондық пошта

Телефондағы **Электрондық пошта** қолданбасын әдеттегі электрондық пошта есептік жазбасы немесе қауымдық есептік жазба арқылы электрондық хаттарды жіберу және алу үшін пайдаланыңыз. Немесе екеуін де қолдануға болады. Телефон бір уақытта бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын қолдана алады. Бұл есептік жазбаларды біріктірілген бір кіріс жәшігі арқылы немесе бөлек кіріс жәшіктері арқылы қолдануға болады.

Gmail™ қызметінің жеке қолданбасы бар, бірақ оны басқа электрондық пошта есептік жазбаларымен бір кіріс жәшігіне біріктіруге де болады.

Қауымдық Microsoft® Outlook® электрондық хаттары жоғарыда сипатталған жұмыс мүмкіндігі жұмыс істеуі үшін Microsoft® Exchange серверінде сақталған. Қосымша ақпарат алу үшін *Қауымдық электрондық поштаны, күнтізбені және контактілерді қадамдастыру* бөлімін 59-беттен қараңыз.

Телефонда электрондық пошта есептік жазбасын орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Электрондық пошта мекенжайы мен кілтсөзді енгізіңіз де, **Келесі** түймесін түртіңіз.
4. Электрондық пошта есептік жазбасының параметрлері автоматты түрде жүктелмесе, орнатуды қолмен аяқтаңыз.

Егер параметрлерді қолмен енгізу керек болса, электрондық поштаның есептік жазбасының дұрыс параметрлерін алу үшін электрондық пошта қызметін ұсынушы провайдерге хабарласыңыз. Қауымдық электрондық пошта үшін есептік жазба ретінде **Exchange Active Sync** опциясын таңдаңыз.

Бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын орнатуға болады. *Телефонда қосымша электрондық пошта есептік жазбасын қосу үшін* бөлімін 46-беттен қараңыз.

Электрондық поштаны пайдалану

Электрондық поштаны жазу және жіберу

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** түртіңіз.
3. Егер бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын пайдалансаңыз, хабар жібергіңіз келген есептік жазбаны таңдаңыз.
4. **Жазу** түртіңіз.
5. **Кімге** опциясын түртіп, алушының мекенжайын тере бастаңыз. Сәйкес келетіндер динамикалық тізімде көрсетіледі. Қатысты сәйкестікті түртіңіз немесе толық электрондық пошта мекенжайын теруді жалғастырыңыз. Қосымша алушы қосу үшін үтір (,) немесе нүктелі үтір (;) енгізіп, басқа атты тере бастаңыз. Алушыны жою үшін пернесін түртіңіз.
6. **Тақырып** түртіңіз де, электрондық пошта тақырыбын енгізіңіз.
7. Хабарлама аумағында хабарлама мәтінін енгізіңіз.
8. Файлды тіркеу үшін **Қосымша қосу** түймесін түртіңіз. Файл түрін түртіп, одан кейін көрсетілетін файлдар тізімінен тіркелетін файлды түртіңіз.
9. **Жіберу** түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Электрондық хаттарды алу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** түртіңіз.
3 Сізде бірнеше электрондық пошта есептік жазбасы болса, тексерілетін есептік жазбаны түртіңіз. Барлық электрондық пошта есептік жазбаларын бірден тексеру керек болса, **Біріктірілген Кіріс жәшігі** пернесін түртіңіз.
4 Жаңа хабарламаларды жүктеу үшін түймесін басыңыз, одан кейін **Жаңарту** түймесін түртіңіз.

Сұраусыз режимге орнатылған қауымдық есептік жазбалар үшін кіріс жәшігін жаңартудың қажеті жоқ. Сұраусыз режим қосылған кезде, жаңа электрондық хаттар алынғанда телефон автоматты түрде жаңартылады.

Электрондық хаттарды оқу

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** тармағын тауып түртіңіз.
3 Бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын пайдаланып жатсаңыз, тексерілетін есептік жазбаны түртіңіз. Барлық электрондық пошта есептік жазбаларын бір уақытта тексергіңіз келсе, **Біріктірілген Кіріс жәшігі** түймесін түртіңіз.
4 Электрондық поштаның кіріс жәшігінде жоғары немесе төмен қарай жылжып, оқығыңыз келетін электрондық хатты түртіңіз.

Қарап алу аумағын пайдалану арқылы электрондық поштаны қарап алу және оқу

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** тармағын тауып түртіңіз.
3 Бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын пайдаланып жатсаңыз, тексерілетін есептік жазбаны түртіңіз. Барлық электрондық пошта есептік жазбаларын бір уақытта тексергіңіз келсе, **Біріктірілген Кіріс жәшігі** түймесін түртіңіз.
4 Қосылған болса, қарап алу аумағы шығады.
5 Электрондық поштаның кіріс жәшігінде жоғары немесе төмен қарай жылжып, оқығыңыз келетін электрондық хатты түртіңіз. Электрондық пошта қарап алу аумағында ашылады.
6 Электрондық хатты толық экран пішімінде көру үшін бөлгіш жолақты (кіріс жәшігі мен қарап алу аумағы арасында орналасқан) сол жаққа қарай сүйреңіз. Толық экран пішімінде келесі немесе алдыңғы хабарламаларды оқу үшін экранның жоғарғы жағындағы алға және артқа көрсеткілерін пайдаланыңыз.
7 Кіріс жәшігінің көрінісіне өту үшін бөлгіш жолақты сүйреңіз.

Қарап алу аумағының параметрлерін өзгерту үшін

1 Негізгі экран экранынан, белгішесін, одан кейін **Электрондық пошта** белгішесін тауып түртіңіз.
2 пернесін басып, одан кейін **Аумақты алдын ала қар.** белгішесін түртіңіз де, опцияны таңдаңыз.

Электрондық хат қосымшасын көру үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3 Электрондық пошта кіріс жәшігінде қажетті хабарламаны тауып, оны түртіңіз.
4 Қажет болса, қосымшаны көру үшін электрондық поштаны қарап алу аумағында төмен жылжыңыз. Оның жанындағы **Ашу** немесе **Сақтау** пернесін түртіңіз.

Жіберушінің электрондық пошта мекенжайын контактілеріңізге сақтау

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3 Электрондық пошта кіріс жәшігінде қажетті хабарламаны тауып, оны түртіңіз.
4 Экранның жоғарғы жағындағы жіберуші атын түртіңіз.
5 Контактілерге ат қосу туралы нұсқау алғанда **OK** пернесін түртіңіз.
6 Бар контактіні таңдаңыз немесе жаңа контакт жасағыңыз келсе, **Жаңа контакт жасау** белгішесін түртіңіз.
7 Контакт туралы ақпаратты өзгертіп, **Дайын** опциясын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Электрондық пошта хабарына жауап беру үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** түртіңіз.
3. Электрондық пошта кіріс жәшігінде, жауап қайтарғыңыз келетін хабарламаны түртіп ұстап тұрыңыз.
4. **Жауап беру** немесе **Барл. жауап** опциясын түртіңіз.
5. Жауапты енгізіп, **Жіберу** пернесін түртіңіз.

Электрондық хатты қайта жіберу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** түртіңіз.
3. Электрондық пошта кіріс жәшігінде, қайта жібергіңіз келетін хабарламаны түртіп ұстап тұрыңыз.
4. **Жіберу** түртіңіз.
5. **Кімге** опциясын түртіп, алушының мекенжайын енгізіңіз.
6. Хабарламаны енгізіп, одан кейін **Жіберу** пернесін түртіңіз.

Электрондық пошта хабарын жою

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** белгішесін түртіңіз.
3. Электрондық пошта кіріс жәшігінде жойғыңыз келетін хабарды ұстап тұрып **Жою** түймесін түртіңіз.

Кіріс жәшігін тексерудің жиілігін өзгерту үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Бірнеше электрондық пошта есептік жазбасын орнатқан болсаңыз, реттелетін есептік жазбаны түртіңіз.
4. пернесін басып, одан кейін **Есептік жазба парам-рі** > **Кіріс қалтасын текс. жиілігі** белгішелерін түртіңіз де, опцияны бөлектеңіз.

Электрондық пошта есептік жазбаларын пайдалану

Телефонда қосымша электрондық пошта есептік жазбасын қосу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3. пернесін басып, **Есептік жазбалар** опциясын түртіңіз.
4. пернесін басып, **Есептік жазба қосу** опциясын түртіңіз.
5. Электрондық пошта мекенжайы мен кілтсөзді енгізіңіз де, **Келесі** түртіңіз. Электрондық пошта есептік жазбасының параметрлері автоматты түрде жүктелмесе, орнатуды қолмен аяқтаңыз.

Телефонда бірнеше электрондық пошта есептік жазбасы болса, **Электрондық пошта** қолданбасы ашылғанда есептік жазбалардың тізімін көресіз. Ашылатын есептік жазбаның атауын түртсеңіз болғаны.

Электрондық пошта есептік жазбасын әдепкі есептік жазба ретінде орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Электрондық хат жазу және жіберу үшін әдепкі есептік жазба ретінде пайдаланғыңыз келетін есептік жазбаны түртіңіз.
4. пернесін басып, **Есептік жазба парам-рі** опциясын түртіңіз.
5. **Әдепкі есептік жазба** құсбелгісін қойыңыз.

Сізде тек бір электрондық пошта есептік жазбасы болса, бұл есептік жазба автоматты түрде әдепкі есептік жазба болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефоннан электрондық поштаның есептік жазбасын жою үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Электрондық пошта** параметрін тауып, түртіңіз.
3 Телефонда бірнеше электрондық пошта есептік жазбалары бар болса, 4-қадамға өтіңіз. Тек бір электрондық пошта есептік жазбасы бар болса, пернесін басыңыз, одан кейін **Есептік жазбалар** пернесін түртіңіз.
4 Жойғыңыз келетін есептік жазбаны түртіп, ұстап тұрып, **Есептік жазбаны жою** > **OK** опциясын түртіңіз.

Gmail™ және басқа Google™ қызметтері

Сізде Google™ есептік жазбасы болса, электрондық хаттарды оқу, жазу және ұйымдастыру үшін Gmail™ қолданбасын телефонда қолдануыңызға болады. Google™ есептік жазбасын телефонда жұмыс істейтіндей орнатқаннан кейін достармен Google Talk™ қолданбасы арқылы сөйлесуге, телефон күнтізбесі қолданбасын Google Calendar™ қызметімен қадамдастыруға және Android Market™ сайтынан қолданбалар мен ойындар жүктеуге де болады.

Телефоныңызға Google™ есептік жазбасын орнату

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Есептік жазбалар және қадамдастыру** > **Есептік жазба қосу** > **Google** опциясын тауып, түртіңіз.
3 Google™ есептік жазбасын жасау үшін немесе есептік жазбасы бар болса, оған кіру үшін тіркеу шеберінің нұсқауларын орындаңыз. Телефоныңыз қазір Gmail™, Google Talk™ және Google Calendar™ есептік жазбасымен пайдаланылуға дайын.

Телефонды бірінші рет іске қосқан кезде орнату шеберінен де кіруге немесе Google™ есептік жазбасын жасауға болады. Немесе интернетке кіріп, *www.google.com/accounts* мекенжайында есептік жазба жасауға болады.

ашу үшін **Gmail™** қолданбасы

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 опциясын тауып, түртіңіз. **Gmail™** .

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Google Talk™

Осы қолданбаны пайдаланатын достарыңызбен сөйлесу үшін телефондағы Google Talk™ лездік хабар алмасу қолданбасын пайдалануға болады.

Google Talk™ қолданбасын іске қосу үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Talk** параметрін тауып, түртіңіз.

Talk арқылы лездік хабар алмасуға жауап беру

1 **Talk** арқылы біреу хабарласқанда, жай-күй жолағынан белгісі шығады.
2 Жай-күй жолағын төмен қарай сүйреңіз, содан кейін хабарды түртіңіз және сөйлесуді бастаңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Sony Ericsson Timescape™

Sony Ericsson Timescape™ қолданбасы барлық байланыстарды бір көрініске жинау арқылы басқа адамдармен өзара әрекеттесу жолын өзгертеді. Әрбір оқиға (мәтіндік пен мультимедиа хабарламалары, қабылданбаған қоңыраулар және веб қызмет жаңартулары сияқты) экранда хронологиялық ретте орналасқан кескін ретінде көрсетіледі. Осылайша, толық мазмұнды ашып көруді таңдамас бұрын, оқиғаларды алдын ала жеңіл қарап алуға болады. Сондай-ақ, Timescape™ қолданбасында көріп отырған элементке байланысты мазмұндар ауқымын көру үшін шексіздік түймесін түртуге болады.

Бұл тарауда сипатталған қызметтерге және мүмкіндіктерге барлық елдерде немесе аймақтарда қолдау көрсетпейді немесе оған барлық желілер және/немесе барлық аймақтардағы қызмет провайдерлер қолдау көрсетпейді.

Timescape™ қолданбасын іске қосу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Timescape™** тармағын тауып түртіңіз.
3. Timescape қолданбасын алғаш рет іске қосқанда, сәлемдесу экранындағы кескінді **Facebook** немесе **Twitter** есептік жазбасына кіру үшін түртуге болады. Егер кіргіңіз келмесе, **Дайын** түймесін түртіңіз.

Timescape™ негізгі көрінісі



1	Таңдалған веб қызметтеріндегі күйіңіз
2	Timescape™ қатар орналасқан элементтері, хронологиялық ретпен, ең соңғы қатар орналасқан элемент жоғарғы жақта болып көрсетіледі
3	Timescape™ оқиғалар сүзгісі

Timescape™ виджеті

Timescape™ виджеті соңғы Timescape™ оқиғаларын көрсетеді. Жылдам қол жеткізу үшін Timescape™ виджетін Негізгі экран экранына қосуға болады.*Негізгі экран* бетіндегі14 бөлімін қараңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Timescape™ виджетінің көрінісі

1	Timescape™ шағын кескіні
2	Жаңарту
3	Timescape негізгі көрінісіне төте жол
4	Күйіңізді жаңарту үшін түртіңіз

Timescape™ виджетінде шағын кескінді алдын ала қарай алмайсыз.

Timescape™ функциясын пайдалану

Timescape™ қолданбасында қатар орналасқан кескіндер бойынша жылжу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Timescape™** тармағын тауып түртіңіз.
3. Кескіндермен жылжу үшін жоғары немесе төмен сипап өтіңіз.

Timescape™ ішінде элементті қарап алу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Timescape™** тармағын тауып түртіңіз.
3. Қарап шығуды қажет ететін элементке жылжытып, түртіңіз.

Timescape™ оқиғалар сүзгісі

	Барлық оқиғалар
	Қабылданбаған қоңыраулар
	Алынған мәтінді және мультимедиа хабарлар
	Twitter контактілерінің жаңартулары
	Facebook контактілерінің жаңартулары

Timescape™ экранында көрсетілетін оқиғаларды сүзу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Timescape™** опциясын тауып түртіңіз.
3. Сүзгі белгішелерін түртіңіз немесе сипап өтіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Timescape™ қолданбасында негізгі көріністі жаңарту үшін

- Timescape™ оқиға сүзгісі барлық оқиғаларға орнатылған кезде, түймесін басып, **Жаңарту** опциясын түртіңіз.

Негізгі көріністі жаңартқан кезде, Timescape™ қолданбасына байланыстырылған веб-қызмет есептік жазбаларынан ақпаратты жаңарту үшін телефон интернетке қосылады.

Timescape™ қолданбасынан Facebook™ немесе Twitter™ қызметіне кіру үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3. пернесін басып, **Параметрлер** > **Қызметтерді орнату** опциясын түртіңіз.
4. Кіргіңіз келген қызметті түртіңіз.
5. Тіркелу мәліметтерін енгізіңіз.

Веб қызметке кіргеннен кейін, Timescape™ қолданбасында күйді жаңартуға болады және веб қызмет жаңартуларын көруге болады.

Timescape™ қолданбасында Facebook™ немесе Twitter™ күйін жаңарту

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Timescape™** тармағын тауып түртіңіз.
3. > **Күйді жаңарту** тармағын түртіңіз.
4. Күй жаңартылатын қызметті түртіңіз. Қызметке кірмесеңіз, әрі қарай жалғастырудан бұрын кіру қажет. Қажетті қызметті таңдаған соң, **Жалғастыру** тармағын түртіңіз.
5. Мәтін өрісін түртіп, жаңа күйіңізді енгізіңіз де, **Жазба** тармағын түртіңіз.

Timescape™ қолданбасынан Facebook™ немесе Twitter™ қызметінен шығу үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3. пернесін басып, **Параметрлер** > **Қызметтерді орнату** опциясын түртіңіз.
4. Шыққыңыз келген қызметті түртіңіз.

Жүйеден шыққан кезде есептік жазба туралы ақпарат жойылады.

Оқиғаны Timescape™ бағдарламасында көру

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Алдын ала қарап алу режимінде көрсетілуі үшін қажетті оқиғаның қатар орналасқан элементіне жылжып, оны түртіңіз. Одан кейін қатар орналасқан элементті тағы бір рет түртіңіз.

Қабылданбаған қоңырау болса, Timescape ™ қолданбасынан қайта телефон соғу үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Қабылданған қоңырауды көрсететін қатар орналасқан элементті түртіңіз, одан кейін элементті тағы бір рет түртіңіз.
4. **Қоңырауды қайтару** түртіңіз.

Timescape™ бағдарламасында мәтінге немесе мультимедиа хабарына жауап беру

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3. Мәтінге немесе мультимедиа хабары элементіне жылжыңыз, содан кейін элементті түртіңіз.
4. Хабарды өңдеп, **Жіб-у** опциясын түртіңіз.

Timescape™ қолданбасындағы «Шексіздік» түймесі

Қатар орналасқан элементті түрткен кезде, «Шексіздік» түймесі жоғарғы оң жақтағы бұрышта пайда болады. Қатар орналасқан элементтер контактіге байланыстырылған болса, «Шексіздік» түймесін түрту арқылы қатысты мазмұнға қол жеткізуге болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Контактімен барлық байланыстарды көру

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3 Контактіге қатысты оқиғаны көру үшін қатар орналасқан элементті түртіңіз.
4 түртіңіз. Контактімен жасалған барлық хабарласу көрсетіледі.
5 Басқа мультимедиа арқылы контактімен жасалған хабарласуларды көру үшін экранның төменгі жағындағы сүзгі элементтерін түртіңіз немесе сипап өтіңіз.

Timescape™ параметрлері

Timescape™ параметрлеріне қол жеткізу үшін

1 Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2 **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3 пернесін басып, **Параметрлер** опциясын түртіңіз.

Timescape™ қолданбасында веб қызмет мазмұнының жаңартуларын жоспарлау үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Timescape™** параметрін тауып, түртіңіз.
3 пернесін басып, **Параметрлер** > **Жаңарту режимі** опциясын түртіңіз.
4 Қалаған опцияны түртіңіз. Егер **Қолмен** опциясын таңдасаңыз, автоматты жаңартулар жоспарланбайды.

! Жолды сатып алу мүмкіндігіне барлық елдерде/аймақтарда қолдау көрсетпейді немесе оған барлық желілер және/немесе барлық аймақтардағы қызмет көрсетушілер қолдау көрсетпейді.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

FM радиосы

FM радиостанцияларын қарауға және тыңдауға, әрі оларды таңдаулылар ретінде сақтауға болады. Радионы тасымалы хэндсфри немесе құлақаспап арқылы немесе телефондағы дауыс зорайтқыш арқылы тыңдауға болады. Тасымалы хэндсфри немесе құлақаспапты қосу керек, өйткені олар FM радиосының антеннасы ретінде жұмыс істейді. FM радиосын ашқанда, бар арналар автоматты түрде пайда болады. Арнаның RDS ақпараты бар болса, ол тыңдауды бастағаннан бірнеше секундтан кейін пайда болады.

FM радиосын іске қосу үшін

1. Телефонға тасымалы хэндсфри немесе құлақаспап қосыңыз.
2. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
3. **FM радиосы** опциясын тауып, түртіңіз. Жиілілік ауқымында жылжытқанда қол жетімді арналар шығады.

! Антенна ретінде жұмыс істейтін тасымалы хэндсфриді немесе құлақаспаптарды жалғауыңыз керек.

FM радиосы туралы шолу



1	Жоғары қарай келесі таңдаулыға жылжытыңыз (таңдаулылар сақталған жағдайда бар болады)
2	Реттелген жиілік
3	Арнаны таңдаулы ретінде бекіту немесе бекітуді алып тастау
4	Төмен қарай келесі таңдаулыға жылжытыңыз (таңдаулылар сақталған жағдайда бар болады)
5	Таңдаулы ретінде бекітілген арна
6	Радионы қосу/өшіру түймесі
7	RDS (Радио ақпарат жүйесі) ақпараты – барлық елдерде/аймақтарда қолданылмайды
8	TrackID™ қолданбасына кіру

Радиоарналар арасында ауысу

Жиіліктер ауқымы бойынша радиоарналар арасында былай ауысуға болады:

- Жоғары және төмен қарай сипап өту.
- Сүйреу.
- Арнаны немесе бар болса, RDS ақпаратын (станса белгісін) түрту.

Таңдаулы радиоарналарды пайдалану

Ең жиі тыңдайтын радиоарналарды таңдаулылар етіп сақтауға болады. Таңдаулыларды пайдаланып, радиоарнаға жылдам оралуға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Арнаны таңдаулы етіп сақтау

1. Радио қосылған кезде таңдаулы етіп сақтағыңыз келетін арнаға өтіңіз.
2. белгішесін түртіңіз.

Таңдаулы болған арнаны алып тастау

1. Радио ашық болғанда алып тастағыңыз келген таңдаулы болған арнаға жылжыңыз.
2. пернесін түртіңіз.

Таңдаулы арналар арасында жылжу үшін

- Радио ашылғанда, немесе опциясын түртіңіз.

Таңдаулылар арасында жылжу үшін ең кемі екі арнаны таңдаулылар ретінде сақтау керек.

Радиоарналарды жаңадан іздеу

Егер жаңа орынға барған болсаңыз немесе ағымдағы орныңызда қабылдау сапасы жақсарған болса, радиоарналарды жаңадан іздеуді бастауға болады.

Сақталған таңдаулыларға жаңадан қарап шығу әсер етпейді.

Радио арналарды жаңадан іздеуді бастау үшін

1. Радио ашылғанда, белгішесін басыңыз.
2. **Арналарды іздеу** түртіңіз. Радио жиілік ауқымын толығымен қарап шығады және барлық қол жетімді арналар шығады.

Динамик пен гарнитураны ауыстырып қосу

Портативті гарнитура немесе құлаққап арқылы немесе телефонның динамигінен радионы тыңдауды таңдауға болады.

Динамик пен гарнитура арасында ауысу

1. Радио ашылғанда, белгішесін басыңыз.
2. **Спикерфонмен ой-ту** опциясын түртіңіз.
3. Дыбысты портативті гарнитура немесе құлаққаптар арқылы қайтадан шығару үшін белгішесін басып, **Спикерфон арқ. ой-ту** опциясын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Суретке түсіру және бейне жазу

Телефондағы камераның көмегімен фотосуретке түсіріңіз немесе бейне жазыңыз. Камераны көлденең немесе тік күйде ұстауға болады. Автопортрет түсіру үшін алдыңғы камераны пайдаланыңыз. Фотосуреттер мен бейнежазбалар автоматты түрде жад картасына сақталады. Фотосуретті немесе бейнежазбаны достарыңызбен ортақтастырыңыз немесе фотосуреттер мен бейнежазбаларды веб-қызметке жүктеңіз.

Камераның басқару элементтері



1	«Камера» түймесі. Камераны іске қосуі/фотосуреттер түсіру/бейнелер жазу
2	Барлық параметрлерді көрсету
3	Бір қадам артқа қайту немесе камерадан шығу
4	Фотосуреттер мен бейнелерді көру (фотокамера)
5	Фотосуреттер мен бейнелерді көру (бейнекамера)
6	Бейне функциясын қосу
7	Параметрлер жолағы (бейнекамера)
8	Параметрлер жолағы (фотокамера)
9	Алдыңғы камера
10	Ұлғайту немесе кішірейту
11	Негізгі камера экраны
12	Фотокамера функциясын іске қосу

Камераны іске қосу үшін

- Камера түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Камераны жабу үшін

- түймесін басыңыз.

Фотокамераны пайдалану

Камера түймесін пайдалану арқылы бейне түсіру

1. Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2. Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3. Авто фокусты іске қосу үшін камера түймесін жартылай төмен басыңыз.
4. Фокус жақтауы мен жақтаулары жасыл болғанда, камера түймесін толық басыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Экранды түрту арқылы суретке түсіру

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 **Түртіп түсіру** тармағын түртіп, әлі таңдалмаған болса, **Қосулы** түймесін таңдаңыз.
5 Фокус түсетін экран орнын түртіңіз. Саусағыңызды жібергенде суретке түсіреді.

! Суретке түсіру үшін экранды түрткен кезде , немесе басқа белгішелерді түртпеуге тырысыңыз.

Алдыңғы камераны пайдалану арқылы автопортрет түсіру

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Алдыңғы камера әлі таңдалмаған болса, белгішесін түртіңіз.
4 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
5 **Түртіп түсіру** тармағын түртіп, әлі таңдалмаған болса, **Қосулы** түймесін таңдаңыз.
6 Суретке түсіру үшін фокус түсетін экран орнын түртіңіз. Саусағыңызды жібергенде суретке түсіреді.

Масштабтау функциясын пайдалану

• Камера ашық болғанда, дыбыс деңгейінің түймесін үлкейтіп, кішірейту үшін басыңыз.

Фотокамераның жарқылын пайдалану

1 Камера ашылғанда, белгішесін басыңыз.
2 **Жарықтандырғыш** тармағын түртіп, қажетті жарқыл параметрін таңдаңыз.
3 Суретке түсіріңіз.

Фотосуреттерді көру

1 Камера ашық тұрғанда, пиктограмма жолағын солға қарай сүйреңіз. Пиктограмма жолағы экранның оң жағында орналасқан.
2 Фотосуреттер мен бейнелерді шолу үшін солға не оңға қарай сипап өтіңіз. Бейнелер бойынша анықталған.
3 Көргіңіз келген фотосуретті түртіңіз.
4 Басқа фотолар мен бейнелерді шолу үшін жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

Фотосуретті жою

1 Камера іске қосылған кезде барлық фотосуреттер мен бейнелерді көрсету үшін пиктограмма жолағын солға сүйреңіз. Пиктограмма жолағы экранның оң жағында орналасқан.
2 Жойғыңыз келетін фотосуретті түртіңіз.
3 басып, белгішесін түртіңіз.

Беттерді табу

Беттерді табу мүмкіндігін фокусқа таныс емес түрді қою үшін пайдалануға болады. Камера ақ қоршаумен белгіленген үш бетке дейін бетті автоматты түрде табады. Сары қоршау, фокус үшін қай беттің таңдалғанын көрсетеді. Фокус камераға ең жақын тұрған бетке қойылады. Сондай-ақ, қай бет фокуста болуын таңдау үшін жақтаулардың бірін түртуге болады.

Беттерді табу функциясын орнату

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 **Түсіру режимі** > **Қалыпты** тармағын түртіңіз.
5 **Фокус режимі** > **Беттерді табу** тармағын түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Беттерді табу функциясын пайдалану арқылы суретке түсіру

1 Камера ашық тұрғанда және **Беттерді табу** тармағы орнатылғанда, камераны субъектіге бағыттаңыз. Ең көбі 5 бет анықталады және әр бет жақтаумен қоршалады.
2 Фокусқа алатын бетті түртіңіз. Фокусты камера автоматты түрде алу керек болса, түртпеңіз.
3 Камера пернесін жартылай басыңыз. Жасыл қоршау қай бет фокуста екенін көрсетеді.
4 Суретке түсіру үшін камера пернесін толығымен басыңыз.

Жымиюды анықтау

Жымиюды анықтау функциясы жымиған кезде бетті түсіріп алуға мүмкіндік береді. Камера бес бетке дейін бетті анықтап, жымиюды анықтау және авто фокус үшін бір бетті таңдайды. Жасыл қоршау қай беттің таңдалғанын көрсетеді. Таңдалған бет жымиған кезде, камера автоматты түрде суретке түсіреді.

Жымиюды анықтау функциясын қосу

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 **Түсіру режимі** > **Күлімсіреуді анықтау** тармағын түртіңіз.
5 **Күлімдеу деңгейі** тармағын түртіп, параметрді таңдаңыз.

Жымиюды анықтау функциясын пайдалану арқылы суретке түсіру

1 Камера ашық тұрғанда және **Күлімсіреуді анықтау** тармағы орнатылғанда, камераны субъектіге бағыттаңыз. Әрбір табылған бет жақтаумен белгіленеді (ең көбі бес бет). Камера фокусталатын бетті таңдайды. Жасыл жақтау фокустағы бетті көрсетеді.
2 Фокустағы объект жымиған уақытта камера автоматты түрде суретке түсіреді.
3 Жымию анықталмаса, камера түймесін суретке түсіру үшін толығымен басыңыз.

Фотосуреттерге географиялық орын қосу

Геобелгілеуді фотосуреттерді түсіргенде оларға шамамен алғандағы географикалық орынды (геобелгі) қосу үшін қосыңыз. Географикалық орынды сымсыз желілер (ұялы немесе Wi-Fi® желілері) немесе GPS технологиясы арқылы анықтауға болады.

Камера экранында белгішесі шыққанда, геобелгілеу қосылғанмен, географикалық орын анықталмайды. белгішесі шыққанды, геобелгілеу қосылады және географикалық орын қол жетімді болғандықтан, фотосуретті геобелгілеуге болады. Осы таңбалардың ешқайсысы шықпаған кезде геобелгілеу өшіріледі.

Геобелгілеуді қосу

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 белгішесін басып, **Географиялық белгілер** тармағын түртіңіз.
3 **Қосулы** түймесін түртіңіз.
4 GPS және/немесе сымсыз желілерді қосуына келісім беру үшін **OK** түймесін түртіңіз.
5 **Менің мекенім** тармағының астынан таңдалатын опцияларды тексеріңіз.
6 Параметрлерді растағаннан кейін, белгішесін камера экранына өту үшін басыңыз.
7 Орын табылғанына көз жеткізіңіз. белгішесі камера экранында шыққанда, орныңыз бар және фотосуретті геобелгілеуге болады.

Фотоаппарат параметрлерін пайдалану

Камера параметрлерін таңдау

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер фотокамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 Таңдағыңыз келетін параметрді түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Фотокамера параметрлері панелін реттеу

1 Камера іске қосылған кезде барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
2 Жылжытылатын параметрді түртіп ұстап тұрыңыз да, оны қажетті орынға сүйреңіз.

Параметрді параметрлер панелінің сыртына сүйресеңіз, өзгертуден бас тартылады.

Фотокамера параметрлерін қарау

Камераны қосу

Негізгі және алдыңғы камераны ауыстырып қосу

Түсіру режимі

Суретке түсіру тәсілін таңдаңыз

Қалыпты

Көрініс ті тану
Камера қай көрініс ең қолайлы екенін анықтайды. Көрініс таңдалған кезде көрініс белгішесі мен мәтін көрсетіледі

Күлімсіреуді анықтау
Жымиған кезде бетті суретке түсіру. Камера бес бетке дейін бетті анықтап, жымиюды анықтау және авто фокус үшін бір бетті таңдайды. Таңдалған бет жымиған кезде, камера автоматты түрде суретке түсіреді.

Фокус режимі

Фокус функциясы фотосуреттің қай бөлігі анық болу керектігін басқарады. Үздіксіз автофокус қосулы кезде, камера ақ фокус жақтауындағы аумақты анық болуын қамтамасыз ету үшін фокусты реттеп отырады.

Бір реттік автофокус
Камера автоматты түрде таңдалған нысанға фокусталады. Үздіксіз автофокус қосулы. Камера пернесі жартылай басылғанда, фокус орнатылған кезде ақ фокус жақтауы жасыл болып жанады.

Мульти автофокус
Фокус суреттің бірнеше аймағына белгіленеді. Камера пернесі жартылай басылғанда, фокустағы аумақ айналасындағы жақтау жасыл болып жанады. Үздіксіз автофокус өшірулі.

Макро
Авто фокус өте үлкейтілген фотосуреттерге арналған. Үздіксіз автофокус қосулы. Камера пернесі жартылай басылғанда, фокус орнатылғанда ақ фокус жақтауы жасыл болып жанады.

Беттерді табу
Камера экранында жақтаумен белгіленген бес бетке дейін бетті автоматты түрде табады. Камера автоматты түрде ең жақын бетке фокусталады. Сондай-ақ, экранда түрту арқылы қай бетке фокусталу керек екенін таңдауға болады. Камера пернесі жартылай басылғанда, қай бет таңдалғаны және фокуста екені жасыл жақтаумен көрсетіледі. Беттерді табу мүмкіндігі барлық көрініс түрінде пайдаланылмайды. Үздіксіз автофокус қосулы.

Шексіздік
Қашықтан суретке түсіргенде пайдаланыңыз. Фокус алыстағы нысандарға орнатылады. Камераға жақын нысандар бұлдырап кетуі мүмкін. Үздіксіз автофокус өшірулі.

Фокусты түрту
Фокус аумағын орнату үшін камера экранындағы арнайы аумақты түртіңіз. Үздіксіз автофокус өшірулі. Камера пернесі жартылай басылғанда, фокус орнатылғанда ақ фокус жақтауы жасыл болып жанады.

Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Экспозиция мәні

Түсіргіңіз келетін фотосуреттегі жарықтың мөлшерін анықтаңыз. Жоғары мән жарықтың көп мөлшерін білдіреді

Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Өлшеу

Бұл функция түсіргіңіз келетін суреттің жарығының түсін өлшеу арқылы дұрыс теңестірілген экспозицияны автоматты түрде анықтайды.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Ортасында
Экспозицияны суреттің ортасына қарай реттеңіз.

Орташа
Толық суреттің жарық мөлшері негізінде экспозицияны есептеңіз.

Аймақ
Түсіргіңіз келетін суреттің ең кіші бөлігіндегі экспозицияны реттейді.

Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Ақ тепе-теңдігі

Ақ түс тепе-теңдігінің параметрі жарық жағдайларына байланысты түс тепе-теңдігін реттейді

Авто
Түс тепе-теңдігін жарық жағдайларына байланысты автоматты түрде реттеңіз.

Өте жарық
Жарық шамдары қолданылғандай, жылы жарық жағдайлары үшін түс тепе-теңдігін реттейді.

Флуоресцентті
Флюоресцентті жарық жағдайларында түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Күндізгі жарық
Күн ашық болғанда далада түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Бұлтты
Бұлтты күнде түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Суретті тұрақ-дырғыш

Сүретке түсірген кезде телефонды қозғалтпай ұстау қиын болуы мүмкін. Тұрақтандырғыш қолдың аздап қимылдауын елемеуге көмектеседі.

Қосулы
Сурет тұрақтандырғыш қосулы. Бұл функция қосулы болғанда түсірілген суреттер ұзақтау сақталады.

Өшірулі
Тұрақтандырғыш өшірулі болғанда суретке түсіру.

Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Көріністер

Алдын ала бағдарламаланған көріністерді пайдаланып, жалпы жағдайларға камераны жылдам реттеу үшін «Көріністер» мүмкіндігін пайдаланыңыз. Камера сапалы фотосуретті ұсына отырып таңдалған көріністі жақсарту үшін бірнеше параметрлерді анықтайды

Өшірулі
Камера автоматты түрде фотосуреттің параметрлерін реттейді

Портрет
Кітаптық фотосуреттерді пайдаланыңыз. Параметрлер жеңіл реңктегі тері түсін беруге оңтайландырылған.

Пейзаж
Альбомдық фотосуреттер үшін пайдаланыңыз. Камера алыс нысандарға фокусталады. **Пейзаж** таңдалған кезде, фокус режимі **Шексіздік** параметріне ауыстырылады.

Түнгі көрініс
Суретке түнде немесе жарығы нашар жерлерде (жарқылсыз) түсірген кезде пайдаланыңыз. Ұзақ экпозиция уақытына байланысты камераны қозғалтпай ұстап тұру керек немесе қозғалмайтын жерге қою керек. **Түнгі көрініс** таңдалған кезде, фокус режимі **Шексіздік** параметріне ауыстырылады.

Түнгі портрет
Кітаптық фотосуреттер үшін түнді немесе жарығы аз ортаны (жарқылмен немесе жарқылсыз) пайдаланыңыз. Ұзақ экпозиция уақытына байланысты камераны қозғалтпай ұстап тұру керек немесе қозғалмайтын жерге қою керек.

Жағажай және қар
Жеткілікті экспозицияланбаған суреттерді болдырмау үшін жарық орталарда пайдаланыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Спорт
Жылдам қозғалып бара жатқан денелерді суретке түсіру үшін пайдаланыңыз. Спорттық экспозиция уақыты қозғалыс кезіндегі бұлыңғырлықты азайтады.

Кеш
Жарығы аз орталарда ғимарат ішінде суретке түсіру үшін пайдаланыңыз. Бұл көрініс ғимарат ішіндегі фондық жарықты немесе май шам жарығын пайдаланады. Ұзақ экпозиция уақытына байланысты камераны қозғалтпай ұстап тұру керек немесе қозғалмайтын жерге қою керек.

Құжат
Мәтін немесе сызу фотосуреттері үшін пайдаланыңыз. Фотосуретке көбірек, анығырақ контраст береді. **Құжат** таңдалған кезде, фокус режимі **Макро** параметріне ауыстырылады.

! Бұл параметр тек **Қалыпты** түсіру режимінде қол жетімді.

Жарықтандырғыш

Жарық аз немесе арттан жарық түскен кезде суретке түсіру үшін жарқылды пайдаланыңыз

Авто
Камера жарық жағдайы жарқылды қажет ететінін не қажет етпейтінін автоматты түрде анықтайды.

Толтыру жарығы
Фон нысаннан жарық болған кезде осы параметрді пайдаланыңыз. Бұл қажетсіз қараңғы көлеңкелерді жояды.

Өшірулі
Жарқыл өшірілген. Кейде жарқылсыз, жарық нашар болса да, фотосуреттің сапасы жақсы болады. Жарқылсыз жақсы сапалы суретке түсіру үшін қолды қозғалтпау керек. Фотосурет бұлдырамауы үшін авто таймерді пайдаланыңыз.

Қызыл көз әсерін азайту
Суретке түсірген кезде көздердің қызыл түсін азайтады.

Ажыратымдылық

Суретке түсірмес бұрын бірнеше сурет өлшемдерін және енінің биіктікке қатысын таңдаңыз. Ажыратымдылығы жоғары фотосурет жадта көбірек орынды қажет етеді

5МП 4:3
4:3 қатысты 5 мегапиксел сурет өлшемі. Кең пішімді емес дисплейлерде көретін немесе жоғары ажыратымдылықта басып шығарылатын фотосуреттерге ыңғайлы.

3МП 16:9
16:9 қатысты 3 мегапиксел сурет өлшемі. Ажыратымдылығы жоғары кең экран пішімі. Толық HD пішімінен жоғары ажыратымдылыққа ие. Кең пішімді дисплейлерде көруге арналған фотосуреттер үшін ыңғайлы.

2МП 4:3
4:3 қатысты 2 мегапиксел сурет өлшемі. Кең пішімді емес дисплейлерде көруге арналған фотосуреттер үшін қолайлы.

2МП 16:9
16:9 қатысты 2 мегапиксел сурет өлшемі. Кең пішімді дисплейлерде көруге арналған фотосуреттер үшін ыңғайлы.

Авто таймер

Авто таймермен телефонды ұстамастан суретке түсіруге болады. Бұл функцияны автопортреттер немесе барлығы болатын топтық фотосуреттер үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар авто таймерді суретке түсіргенде діріл демеу үшін пайдалануыңызға болады

Қосулы (10 секунд)
Камера пернесі басылғаннан кейін сурет түсірілгенге дейін 10 секунд кідіріс орнатыңыз

Қосулы (2 секунд)
Камера пернесі басылғаннан кейін сурет түсірілгенге дейін 2 секунд кідіріс орнатыңыз

Өшірулі
Камера пернесін басқаннан кейін дереу суретке түсіріледі

Түртіп түсіру

Камера экранын саусақпен түрту арқылы нақты фокус аумағын анықтау. Саусағыңызды жібергенде суретке түсіреді.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Қосулы
Фотосуретке түсіру үшін экранның аумағын түртіңіз.

Өшірулі
Камера пернесін басу арқылы ғана суретке түсіруге болады.

Күлімдеу деңгейі

Суретке түсірмес бұрын камера қандай жымиюға әрекет ететінін анықтау үшін жымию деңгейін қолданыңыз.

Қатты күлімдеу
Тек қатты жымиған кезде суретке түсіру.

Қалыпты күлімдеу
Орташа жымию кезінде суретке түсіру.

Аздап күлімдеу
Сәл жымиған кезде суретке түсіру.

Географиялық белгілер

Суретті қай жерде түсіргеніңіз туралы мәліметтері фотосуреттерді белгілеңіз.

Қосулы
Геобелгілеу қосулы болған кезде шамамен алынған географиялық орын түсірілген фотосуреттерге қосылады. Геобелгілеуді пайдалану үшін **Параметрлер** мәзірінде орын мүмкіндіктерін қосу керек.
Орынды анықтау қызметтері тарауын 101 бетінен қараңыз.

Фотосуреттерге геотегтер қосылуы үшін суретке түсірмес бұрын орын анықталған болуы тиіс. Орныңыз камера экранында шыққанда анықталады. Телефон орныңызды іздеген кезде белгішесі пайда болады.

Өшірулі
Геобелгілеу өшірілген кезде, сурет қай жерде түсірілгенін көре алмайсыз

Ысырма дыбысы

Суретке түсіру үшін камера пернесін немесе камера экранын басқан кезде естілетін дыбысты таңдаңыз.

Камераны пайдалану туралы кеңестер

Үштіктер туралы ереже
Нысанды жақтау ортасына орналастырмаңыз. Оны үштіктің біреуіне орналастырып, жақсырақ нәтиже алуға болады.

Қозғалтпай ұстаңыз
Фотосуреттердің бұлдырламауы үшін камераны қозғалтпай ұстаңыз. Қолдың қозғалмауы үшін оны қатты затқа тіреңіз.

Жақындаңыз
Нысанға барынша жақындау арқылы камера экранына нысанды толығымен алуға болады.

Әр түрлі етіп қарастырыңыз
Әр түрлі бұрыштарды ойластырыңыз және нысанға қарай жақындаңыз. Суреттерді тігінен түсіріңіз. Әр түрлі орындарды қарап көріңіз.

Қарапайым фонды пайдаланыңыз
Қарапайым фон нысанды бөлектеп көрсетуге көмектеседі.

Линзаны таза ұстаңыз
Ұялы телефондар ауа райының барлық жағдайларында және әр түрлі жерлерде пайдаланылады және қалта мен сөмкемен тасымалданады. Нәтижесінде камера линзасы кірлейді және оған саусақ іздері түседі. Линзаны тазалау үшін жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Бейнекамераны пайдалану

Камера түймесін пайдалану арқылы бейне түсіру

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер бейнекамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Бейне жазуды бастау үшін камера түймесін басыңыз.
4 Түсіруді тоқтату үшін камера түймесін қайтадан басыңыз.

Экранды түрту арқылы бейне түсіру

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер бейнекамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 **Түртіп түсіру** тармағын түртіп, әлі таңдалмаған болса, **Қосулы** түймесін таңдаңыз.
5 Жазуды бастау үшін экранды түртіңіз.
6 Жазуды тоқтату үшін экранды түртіңіз.

Түсірілген бейнелерді көру

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 (Экранның оң жағындағы) пиктограмма жолағын барлық фотосуреттер мен бейнелерді көру үшін солға қарай сүйреңіз.
3 Фотолар мен бейнелерді көру үшін жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Бейнелер бойынша анықталған.
4 Көргіңіз келген бейнені түртіңіз.
5 белгішесін бейнені ойнату үшін түртіңіз.

Бейне тоқтатылғанда, белгішесін басқа фотосуреттер мен бейнелерді көру үшін басуға болады.

Жазылған бейнені жою

1 Камера іске қосылған кезде барлық фотосуреттер мен бейнелерді көрсету үшін пиктограмма жолағын (экранның оң жағында) сүйреңіз.
2 Жойғыңыз келетін бейнені түртіңіз.
3 басып, белгішесін түртіңіз.

Бейнекамера параметрлерін пайдалану

Бейнекамера параметрлерін таңдау

1 Негізгі экрандағы түймесін түрткеннен кейін, түймесін тауып, түртіңіз.
2 Егер бейнекамера таңдалмаса, белгішесін түртіңіз.
3 Барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
4 Таңдағыңыз келетін параметрді түртіңіз.

Бейне камера параметрлері панелін реттеу

1 Камера іске қосылған кезде барлық параметрлерді көрсету үшін белгішесін басыңыз.
2 Жылжытылатын параметрді түртіп ұстап тұрыңыз да, оны қажетті орынға сүйреңіз.

Параметрді параметрлер панелінің сыртына сүйресеңіз, өзгертуден бас тартылады.

Бейнекамера параметрлерін қарап алу

Камераны қосу	
	Негізгі және алдыңғы камера арасында ауысу

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Көріністер

«Көріністер» мүмкіндігі алдын ала бағдарламаланған көріністерді пайдаланып, жалпы жағдайларға камераны жылдам реттеу үшін көмектеседі. Камера сапалы бейнені ұсына отырып, таңдалған көріністі жақсарту үшін бірнеше параметрлерді анықтайды.

Өшірулі
Камера автоматты түрде бейненің параметрлерін реттейді.

Портрет
Портреттік бейнелер үшін пайдаланыңыз. Параметрлер жеңіл реңктегі тері түсін беруге оңтайландырылған.

Пейзаж
Пейзаждың бейнелері үшін пайдаланыңыз. Камера алыс нысандарға фокусталады. **Пейзаж** таңдалған кезде, фокус режимі **Шексіздік** параметріне ауыстырылады.

Түнгі режим
Қосылған кезде жарық сезгіштігі күшейеді. Әлсіз жарықтанған ортада пайдаланыңыз. Жылдам қозғалатын нысандардың бейнелері бұлдыр болуы мүмкін. Қолыңызды бір қалыпты ұстаңыз немесе тұғырды пайдаланыңыз. Бейне сапасын жақсарту үшін өте жарық жерлерде түнгі режимді сөндіріңіз.

Жағажай және қар
Соңына дейін ұсталмаған бейнелер болмауы үшін жарық ортада пайдаланыңыз.

Спорт
Тез қозғалатын нысандардың бейнелері үшін пайдаланыңыз. Спорттық экспозиция уақыты қозғалыс кезіндегі бұлыңғырлықты азайтады.

Кеш
Жарығы аз орталарда ғимарат ішінде бейне жазу үшін пайдаланыңыз. Бұл көрініс ғимарат ішіндегі фондық жарықты немесе май шам жарығын пайдаланады. Жылдам қозғалатын нысандардың бейнелері бұлдыр болуы мүмкін. Қолыңызды бір қалыпты ұстаңыз немесе тұғырды пайдаланыңыз.

Сурет жарығы

Жарық аз немесе арттан жарық түскен кезде бейне жазу үшін жарықты пайдалану

Қосулы

Өшірулі
Кейде жарықтандырғышсыз жарық нашар болса да, бейненің сапасы жақсы болады.

Фокус режимі

Фокус параметрі фотосуреттің қай бөлігі анық болу керектігін басқарады. Үздіксіз автофокус қосулы кезде, камера ақ фокус жақтауындағы аумақты анық болуын қамтамасыз ету үшін фокусты реттеп отырады.

Бір реттік автофокус
Камера автоматты түрде таңдалған нысанға фокусталады. Үздіксіз автофокус қосулы.

Беттерді табу
Экранда жақтаумен белгіленген бес бетке дейін бетті автоматты түрде табады. Камера автоматты түрде ең жақын бетке фокусталады. Сондай-ақ, экранда түрту арқылы қай бетке фокусталу керек екенін таңдауға болады. Камера түймесі жартылай басылғанда, қай бет таңдалғаны және фокуста екені жасыл жақтаумен көрсетіледі. Беттерді табу мүмкіндігі барлық көрініс түрінде пайдаланылмайды. Үздіксіз автофокус қосулы.

Шексіздік
Қашықтан бейнеге түсіргенде пайдаланыңыз. Фокус алыстағы нысандарға орнатылады. Камераға жақын нысандар бұлдырап кетуі мүмкін.

Бейне өлшемі

Бейн өлшемін әр түрлі пішімдерге реттеу

HD 720p
16:9 қатысты HD (ажыратымдылығы жоғары) пішімі. 1280Ч720 пиксел.

Толық кең VGA
16:9 қатысты толығымен кең Бейне графикалар жиымы пішімі. 864Ч480 пиксел.

VGA
4:3 қатысты Бейне графикалар жиымы пішімі. 640x480 пиксел.

QVGA
4:3 қатысты ширек Бейне графикалар жиымы пішімі. 320x240 пиксел.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Мультимедиалық хабар
Мультимедиалық хабармен жіберуге сәйкес бейнелер түсіріңіз. Мультимедиалық хабарға сыйғызу мақсатында бұл бейне пішімінің түсірілу уақыты шектелген.

Авто таймер

Таймер көмегімен телефонды ұстамай-ақ бейне түсіруге болады. Оны барлық адам бейнеде болуы үшін пайдаланыңыз. Сонымен қатар, таймерді бейне жазғанда дірілдемеу үшін пайдалануыңызға болады.

Қосулы (10 секунд)
Камера түймесі басылғаннан кейін, бейне жазыла бастағанға дейін 10 секунд кідіріс орнатыңыз.

Қосулы (2 секунд)
Камера түймесі басылғаннан кейін, бейне жазыла бастағанға дейін 2 секунд кідіріс орнатыңыз.

Өшірулі
Камера түймесін басқаннан кейін дереу бейне жазыла бастайды

Экспозиция мәні

Бұл параметр түсірілген суреттегі жарық мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары мән жарықтың көп мөлшерін білдіреді

Ақ тепе-теңдігі

Ақ тепе-теңдігінің параметрі жарық жағдайларына байланысты түс тепе-теңдігін реттейді

Авто
Түс тепе-теңдігін жарық жағдайларына байланысты автоматты түрде реттеңіз.

Өте жарық
Жарық шамдары қолданылғандай, жылы жарық жағдайлары үшін түс тепе-теңдігін реттейді.

Флуоресцентті
Флюоресцентті жарық жағдайларында түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Күндізгі жарық
Күн ашық болғанда далада түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Бұлтты
Бұлтты күнде түс тепе-теңдігін реттеңіз.

Өлшеу

Түсірілетін суреттердегі жарық мөлшерін өлшеу арқылы бұл функция тепе-теңдігі қолайлы экспозицияны автоматты түрде анықтайды.

Ортасында
Экспозицияны суреттің ортасына қарай реттеңіз.

Орташа
Толық суреттің жарық мөлшері негізінде экспозицияны есептеңіз.

Аймақ
Экспозицияны түсірілетін суреттің кіп-кішкентай бөлігіне реттіңіз.

Суретті тұрақ-дырғыш

Бейне түсірген кезде телефонды қозғалтпай ұстау қиын. Тұрақтандырғыш қолдың аздап қимылдауын елемеуге көмектеседі.

Қосулы
Тұрақтандырғышты қосып қойып, бейнеге түсіруге болады.

Өшірулі
Тұрақтандырғышты өшіріп қойып, бейнеге түсіруге болады.

Түртіп түсіру

Камера экранында нақты фокус аймағын анықтаңыз. Саусағыңызды жіберген кезде бейне дереу жазыла бастайды.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Қосулы
Жазуды бастау үшін экранды түртіңіз.

Өшірулі
Тек камера түймесін басу арқылы ғана бейнеге түсіруге болады.

Микрофон

Бейнеге түсіру барысында айналадағы дыбыстарды жазуға немесе жазбауға болады.

Қосулы

Өшірулі

Ысырма дыбысы

Бейне жазу үшін камера түймесін басқан кезде немесе камера экранын түрткенде естілетін дыбысты таңдаңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Фотосуреттер мен бейнелерді галереяда көру

Телефон камерасымен түсірілген фотосуреттерді көру және бейнелерді ойнату үшін немесе жүктелген не жад картасына көшірілген ұқсас мазмұнды көру үшін галереяны пайдаланыңыз. Галереяда Онлайн қызметіне, мысалы, Picasa™ веб альбомына немесе YouTube қызметіне кері жүктеген фотосуреттер мен бейнелерді де көруге болады. **Facebook™** пайдаланушысы болсаңыз, **Facebook™** фотосуреттерін Галерея ішінде көруге болады.
Галереядан таңдаулы фотосуреттер мен бейнелерді достарыңызбен Bluetooth™ сымсыз технологиясы, элкетрондық пошта не хабар алмасу арқылы ортақтастыруға болады.
Фотосуреттерде негізгі өңдеу әрекеттерін орындауға және оларды фон суреті немесе контакті суреттері ретінде орнатуға болады. Media Go™ қолданбасын телефонның жад картасына мазмұнды жіберіп, одан алу үшін пайдалануға ұсынылады. Қосымша ақпарат алу үшін *Телефонды компьютерге қосу* бөлімін 97 бетінен қараңыз.

BRAVIA Engine

Фотосуреттер мен бейнежазбалардың сапасын жақсарту үшін Mobile BRAVIA Engine функциясын пайдаланыңыз. Айқындылық сүзгісі мен шуылды азайту мүмкіндіктері шынайы нәтижелер алуға көмектеседі.

Mobile BRAVIA Engine функциясын қосу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Дисплей** тармағын тауып түртіңіз.
3. Әлдеқашан белгіленбеген болса, **Mobile BRAVIA Engine** ұяшығына белгі қойыңыз.

Галереяны ашу және альбомдарды көру

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз. Жад картасындағы фотосуреттер мен бейнелер, камера түсіргендерді және вебтен немесе басқа жерлерден жүктегендерді қоса, альбомдар да көрінеді. Сізде телефонға қосылған Google™ есептік жазбасымен байланыстырылған Picasa™ есептік жазбасы болса және оны Picasa™ қызметімен синхрондауға конфигурациялаған болсаңыз, галереяда Picasa™ веб альбомдары да көрсетіледі.

Егер телефонды жанына қисайтқанда экран бағыты автоматты түрде өзгермейтін болса, **Экранды авто айналдыру** белгісін **Параметрлері** > **Дисплей** тармақтарының астынан қойыңыз.



1	Камераны ашу үшін түрту
2	Камерамен түсірген фотосуреттер мен бейнелер альбомы
3	Екі саусақпен түртіп, оларды айыру арқылы қабаттың ішін қарау
4	Қосымша альбомдарды көру үшін экранда солға немесе оңға сипап өту

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Альбомдармен жұмыс істеу

Альбомдар – жад картасындағы қалталардағы немесе Picasa™ веб альбомдарындағы фотосуреттер мен бейнежазбалар топтары.

Альбомды галереяда ашу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
3. Көргіңіз келген альбомды түртіңіз. Фотосурет және бейне мазмұны хронологиялық ретте көрсетілген альбом ашылады. Альбомның атауы экранның жоғарғы жағында көрсетіледі.



1	Тор көрінісінен қабат көрінісіне ауысу үшін түрту
2	Оны көру үшін фотосуретті немесе бейнені түрту
3	Бір-бір экраннан жылжу үшін көрсеткіні түртіңіз. Жылдам жылжу үшін солға немесе оңға сүйреңіз.

Галереядағы фотосуреттер мен бейнелерді көру

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
3. Альбомды түртіңіз.
4. Фотосуреттер мен бейнелер хронологиялық ретте көрсетіледі. Оны фотосуретті немесе бейнені көру үшін түртіңіз. Бейнелер бойынша көрсетіледі.
5. Фотосуреттерді көру құралында келесі фотосуретті немесе бейнені көру үшін солға қарай сипап өтіңіз. Алдыңғы фотосуретті немесе бейнені көру үшін оңға сипап өтіңіз.

Егер телефонды жанына қисайтқанда экран көрінісі автоматты түрде өзгермейтін болса, **Экранды авто айналдыру** белгісін **Параметрлері** > **Дисплей** тармақтарының астына қойыңыз.

Галереяда Facebook™ фотосуреттерін көру

1. **Facebook™** сайтына кіргеніңізге көз жеткізіңіз.
2. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
3. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
4. белгішесін көрсететін кез келген альбомды түртіңіз. **Facebook™** альбомын алғаш рет түрткенде, **Facebook™** фотосуреттері Галереяға көшіріледі.
5. Фотосуреттер хронологиялық ретте көрсетіледі. Оны фотосуретті көру үшін түртіңіз.
6. Фотосуреттерді көру құралында келесі фотосуретті немесе бейнені көру үшін солға қарай сипап өтіңіз. Алдыңғы фотосуретті немесе бейнені көру үшін оңға сипап өтіңіз.

Альбомның мазмұндары Галереяда қалай көрсетілетінін өзгерту

1. Галереяда альбомды көріп отырған кезде, альбомның мазмұндарын қабаттастырып көру үшін альбом көрінісінің айырып-қосқышын оңға сүйреңіз.
2. Альбомның мазмұндарын хронологиялық ретте көру үшін альбом көрінісінің айырып-қосқышын солға сүйреңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Галереяда альбомдармен жұмыс істеу

Бүкіл альбомдармен және жеке фотосуреттермен жұмыс істеуге қоса, альбом ішінен бір немесе бірнеше фотосуретті не бейнежазбаны таңдап, олармен топтама түрінде жұмыс істеуге болады, мысалы, альбомнан бірнеше фотосуретті досқа жіберу үшін.

Фотосуреттер мен бейнелер топтамаларымен жұмыс істеу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
3. Жұмыс істегіңіз келетін мазмұнды қамтитын альбомды ашыңыз.
4. белгішесін екі рет басыңыз.
5. Жұмыс істегіңіз келетін элементтерді белгілеңіз немесе белгісін алыңыз. түймесін басып, **Барл-н таңдам-у** тармағын түрту арқылы белгіленген барлық элементтердің белгісін алып тастауға болады.
6. Белгіленген элементтерді реттеу үшін экранның төменгі жағында орналасқан басқару элементтерін пайдаланыңыз. Басқару элементтері таңдалған элементтерге байланысты қол жетімді.

Альбомды галереяда ортақ пайдалану

1. Негізгі Галерея экранында белгішесін екі рет басыңыз.
2. Ортақ пайдаланылатын альбомдарды тексеріп, белгішесін басыңыз.
3. **Ортақтастыру** тармағын түртіңіз.
4. Ашылатын мәзірде таңдалған альбомдарды ортақтастыру үшін пайдаланылатын қолданбаны түртіңіз. Таңдалған қолданба таңдалған альбомдардағы немесе жаңа хабарламаға тіркелген сілтемелердегі фотосуреттермен немесе бейнелермен ашылады.

! Gmail™ арқылы альбомды ортақ пайдаланып отырсаңыз, хабарлама толығымен жіберілгенше, қосымшаның бастапқы файлын жоймаңыз. Әйтпесе, қосымша жіберілмейді.

Галереядағы альбомды жою

1. Негізгі галерея экранындағы түймесін екі рет басыңыз.
2. Жойғыңыз келетін альбомдарды белгілеңіз немесе олардың белгілерін алыңыз, содан кейін түймесін басыңыз.
3. **Жою** белгішесін түртіңіз. Ашылатын тілқатысу терезесінде **Жоюды растау** түймесін түртіңіз.

Фотосуреттермен жұмыс істеу

Камерамен түсірген, жүктеген, жад картасына көшірген немесе онлайн веб альбомдарда сақталған фотосуреттерді көру үшін галереяны пайдаланыңыз. Сондай-ақ, жад картасындағы фотосуреттерді түзетіп, оларды достарыңмен ортақ пайдалануға болады.

Альбомдағы фотосуреттерді көру

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
3. Альбомды ашу үшін түрткеннен кейін, фотосуретті түртіңіз.
4. Альбомдағы келесі фотосуретті көру үшін солға сипап өтіңіз. Алдыңғы фотосуретті көру үшін оңға сипап өтіңіз.

Фотосуретті масштабтау

- Фотосуретті қарау құралында фотосуретті көргенде, фотосуретті үлкейтіп, кішірейту үшін, оны екі рет түртіңіз немесе екі саусақты қысып, айырыңыз. Фотосуреттің басқа бөліктерін көру үшін оны сүйреңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Фотосуреттердің слайд көрсетілімін көру

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Галерея** тармағын тауып түртіңіз.
3. Альбомды ашу үшін түрткеннен кейін, фотосуретті түртіп, белгішесін басыңыз.
4. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Слайдшоу** тармағын түртіңіз.
5. Слайд көрсетілімін аяқтау үшін фотосуретті түртіңіз.

Фотосуретті бұру

1. Фотосурет қарау құралымен фотосуретті қарап отырғаныңызда, басқару элементтерін көру үшін фотосуретті түртіңіз.
2. белгішесін басыңыз.
3. **Тағы** тармағын түрткеннен кейін, **Солға бұру** немесе **Оңға бұру** тармақтарының бірін түртіңіз. Фотосурет жаңа бағдарда сақталады.

Фотосуретті контактінің суреті ретінде пайдалану

1. Фотосурет қарау құралында фотосуретті көргенде, белгішесін басыңыз.
2. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Қою** > **Контакт суреті** тармағын түртіңіз.
3. Фотосуретпен байланыстырғыңыз келетін контактіні таңдаңыз.
4. Қажет болса, фотосуретті қиып алыңыз.
5. **Сақтау** тармағын түртіңіз.

Фотосуретті фон суреті ретінде пайдалану

1. Фотосурет қарау құралында фотосуретті көргенде, белгішесін басыңыз.
2. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Қою** > **Фон суреті** тармағын түртіңіз.
3. Қажет болса, фотосуретті қиып алыңыз.
4. **Сақтау** тармағын түртіңіз.

Фотосуретті қию

1. Фотосурет қарау құралында фотосуретті көрген кезде түймесін басыңыз.
2. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Тағы** > **Қиып алу** опциясын түртіңіз.
3. Қию жақтауын реттеу үшін оның жиегін түріп ұстап тұрыңыз. Қию көрсеткілері шыққан кезде оның өлшеміне өзгерту үшін қию жақтауының ортасынан ішіне немесе сыртына қарай сүйреңіз.
4. Қию жақтауының барлық жиектерінің өлшемін өзгерту үшін төрт бұрыштың бірін түртіп ұстап тұрып, жақтауды сүйреңіз.
5. Фотоның басқа бөлігіне қию жақтауын жылжыту үшін жақтау ішінен түртіп, ұстап тұрып, оны қажетті орынға сүйреңіз.
6. Фотосуреттің қиылған түріндегі көшірмесін сақтау үшін **Сақтау** түймесін түртіңіз. Бастапқы қиылмаған нұсқа жад картасында қалады.

Фотосуретті ортақ пайдалану

1. Фотосуретті фотосуреттерді көру құралында көріп отырғаныңызда, ешқандай басқару элементтері көрінбесе, белгішесін басыңыз.
2. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Ортақтастыру** түймесін түртіңіз.
3. Қол жетімді жіберу әдістерінің біреуін таңдаңыз.

Фотосуретті жою

1. Фотосурет қарау құралында фотосуретті көрген кезде түймесін басыңыз.
2. Экранның төменгі жағындағы құралдар тақтасында **Жою** түймесін түртіңіз.
3. Ашылатын тілқатысу терезесінде **Жоюды растау** түймесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Картадан фотосуреттерді көру

Фотосурет түсірілген орынды картадан көруге болады. Камераны географиялық орын ақпаратын қосу үшін орнатуға болады. Болған жерлеріңізді достарыңыз бен жанұяңызға көрсетіңіз немесе басқа уақытта қайтадан баратын жолды табыңыз.

Камерамен түсірілген фотосуретті картадан көру үшін, фотосуретке түсіру алдында (камераның параметрлер мәзіріндегі орын параметрінің астындағы) орынды анықтау мүмкіндігін қосу керек. **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** тармағының астындағы орынды анықтау мүмкіндігін де қосу керек. Қосымша ақпарат алу үшін *Орынды анықтау қызметтері* бөлімін 101 бетінен қараңыз.

Фотосуреттерді картадан көру

1 Фотосурет қарау құралында фотосуретті көргенде, белгішесін басыңыз.
2 **Тағы** > **Картада көрсету** тармағын түртіңіз.

Бейнемен жұмыс істеу

Камерамен түсірген, жүктеген немесе жад картасына көшірген бейнелерді көру үшін галереяны пайдаланыңыз. Сондай-ақ, бейнелерді достарыңмен ортақтастыруға немесе YouTube™ сайтына жүктеуге болады.

Бейнені ойнату

1 Галереяда альбомды ашып, бейнежазбаны түртіңіз.
2 Бейнежазбаны тік (портреттік) немесе көлденең (альбомдық) бағдарда көру үшін телефонды бұрыңыз.
3 Ойнатуды басқару элементтерін көру үшін бейнежазбаны түртіңіз.

Егер телефонды жанына қисайтқанда экран бағыты автоматты түрде өзгермейтін болса, **Экранды авто айналдыру** құсбелгісін **Параметрлері** > **Дисплей** тармақтарының астынан қойыңыз.

Бейнені кідірту

1 Бейне ойнатылып жатқанда басқару элементтерін көрсету үшін экранды түртіңіз.
2 пернесін түртіңіз.

Бейнені жылдам алға айналдыру және кері айналдыру

1 Бейне ойнатылып жатқанда басқару элементтерін көрсету үшін экранды түртіңіз.
2 Кері айналдыру үшін орындалу көрсеткіші таңбалауышын солға, ал жылдам алға айналдыру үшін оны оңға сүйреңіз.

Немесе, не пернесін түртуге болады.

Бейненің дыбыс деңгейін реттеу үшін

- Дыбыс деңгейін реттеу пернесін басыңыз.

Бейнені бөлісу

1 Құрамында бейнесі бар галерея альбомын ашыңыз.
2 белгішесін екі рет басыңыз.
3 Бөліскіңіз келетін бейнені немесе бейнелерді белгілеңіз.
4 белгішесін басыңыз.
5 **Ортақтастыру** белгішесін түртіңіз.
6 Ашылатын мәзірде таңдалған бейнені бөлісу үшін пайдаланылатын қолданбаны түртіңіз.

Авторлық құқықтармен қорғалған элементтерді көшіре, жібере немесе үшінші тарапқа бере алмайсыз. Сондай-ақ, файл өлшемі тым үлкен болса, кейбір элементтерді жіберу мүмкін болмайды.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Бейнені жою

1. Бейнесі бар галерея альбомын ашыңыз.
2. түймесін екі рет басыңыз.
3. Жойғыңыз келетін бейнені немесе бейнелерді белгілеңіз.
4. түймесін басыңыз.
5. **Жою** белгішесін түртіңіз.
6. Ашылатын тілқатысу терезесінде **Жоюды растау** түймесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Bluetooth™ сымсыз технологиясы

Bluetooth™ функциясын Bluetooth™ функциясымен сыйысымды басқа құрылғыларға файлдарды жіберу немесе хэндсфри құралдарын қосу үшін пайдаланыңыз. Телефондағы Bluetooth™ функциясын қосып, компьютерлер, хэндсфри қосымша құрылғылар және телефондар сияқты Bluetooth™ функциясымен сыйысымды басқа құрылғылармен сымсыз қосылымдар жасаңыз. Bluetooth™ қосылымдары 10 метр (33 фут) ауқымында, арасында қатты заттар болмағанда жақсырақ жұмыс істейді. Кейбір жағдайларда телефонда басқа Bluetooth™ құрылғыларымен қолмен жұптастыру керек. Басқа Bluetooth™ құрылғылары анықтауы үшін телефонды «табылатын» етіп орнатыңыз.

! Bluetooth™ құрылғыларының бір-бірімен әрекеттесу қабілеті және сыйысымдылығы әр түрлі болуы мүмкін.

Bluetooth™ функциясын қосу және телефонды көрінетін ету үшін

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** опциясын тауып, түртіңіз.
3 **Bluetooth** опциясына құсбелгі қойыңыз. күй жолағында пайда болады.
4 **Bluetooth параметрлері** түртіңіз.
5 **Айқын** құсбелгісін қойыңыз. Енді телефон басқа құрылғыларға 120 секунд көрініп тұрады.

Телефон атауы

Телефоныңызға ат беруіңізге болады. Bluetooth™ функциясын іске қосып, телефон көрінетін етіп орнатылғаннан кейін бұл атау басқа құрылғыларда көрсетіледі.

Телефон атауын енгізу үшін

1 Bluetooth™ функциясы қосулы екенін тексеріңіз.
2 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
3 **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Bluetooth параметрлері** > **Құрылғының аты** опциясын тауып, түртіңіз.
4 Қалаған телефон атауын енгізіңіз.
5 **OK** түртіңіз.

Басқа Bluetooth™ құрылғысымен жұптастыру

Телефонды басқа құрылғымен жұптағанда, мысалы, телефонды Bluetooth™ хэндсфриге немесе Bluetooth™ машина бумасына қосуға және қоңыраулар соғу және қабылдау үшін осы құрылғыларды пайдалануға болады.

Телефонды Bluetooth™ құрылғысымен жұптастырғаннан кейін телефон жұптастыруды есте сақтайды. Телефонды Bluetooth™ құрылғысымен жұптастырғанда, рұқсат кодын енгізу қажет болуы мүмкін. Телефон 0000 жалпы рұқсат кодын автоматты түрде қолданып көреді. Егер ол жұмыс істемесе, құрылғының рұқсат кодын алу үшін Bluetooth™ құрылғысының құжаттамасын қараңыз. жұптастырылған Bluetooth™ құрылғысына келесі байланыстырғанда, рұқсат кодын қайта енгізудің қажеті жоқ.

Кейбір Bluetooth™ құрылғылары, мысалы, Bluetooth™ құлақаспаптарының көпшілігі басқа құрылғымен жұптастыруды да, байланыстыруды да қажет етеді.

Телефонды бірнеше Bluetooth™ құрылғыларымен жұптастыруға болады, бірақ бір уақытта тек бір Bluetooth™ профилімен байланыстыруға болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефонды басқа Bluetooth™ құрылғымен жұптастыру үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Bluetooth параметрлері** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Құрылғыларды қарап шығу** түртіңіз. Табылған Bluetooth™ құрылғылар **Bluetooth құрылғысы** астында тізіледі.
4. Телефонмен жұпталатын Bluetooth™ құрылғысын түртіңіз.
5. Қажет болса, рұқсат кодын енгізіңіз.
6. Телефон мен Bluetooth™ құрылғы енді жұптастырылды. Кейбір құрылғыларда, сондай-ақ, пайдалану алдында байланыстыру қажет. Жұптастыру және байланыстыру күйі **Bluetooth құрылғысы** тізімінде Bluetooth™ құрылғысының атауының астында көрсетіледі.

! Телефонмен жұптастыратын құрылғыда Bluetooth™ функциясы іске қосылғанын және Bluetooth™ функциясын көру қосулы екенін тексеріңіз.

Телефонды басқа Bluetooth™ құрылғысымен байланыстыру үшін

! Кейбір Bluetooth™ құрылғылары, мысалы, Bluetooth™ құлақаспаптарының көпшілігі сәтті қосылыс орнатар алдында, басқа Bluetooth™ құрылғыларымен жұптастыруды, содан кейін байланыстыруды қажет етеді.

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Bluetooth параметрлері** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Bluetooth құрылғысы** тізімінде телефонмен байланыстырылатын Bluetooth™ құрылғысын түртіп, ұстап тұрыңыз.
4. **Жалғау** түртіңіз.

Bluetooth™ құрылғысын ажырату үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Bluetooth параметрлері** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Bluetooth құрылғысы** тізімінде қосылған Bluetooth™ құрылғысының атын түртіп, ұстап тұрыңыз.
4. **Ажырату** түртіңіз.

! Bluetooth™ құрылғысы ажыратылса да, құрылғы телефоныңызбен жұптастырылып тұрады. Жұптастыруды алып таста үшін **Ажырату және жұпсыздандыру** түймесін түрту керек.

Bluetooth™ құрылғысын жұпсыздандыру үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** > **Bluetooth параметрлері** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Bluetooth құрылғысы** тізімінде қосылған Bluetooth™ құрылғысының атын түртіп, ұстап тұрыңыз.
4. **Жұпсыздандыру** түртіңіз.

Bluetooth™ сымсыз технологиясының көмегімен элементтерді жіберу және алу

Телефондар мен компьютерлер сияқты Bluetooth™ технологиясын қолдайтын құрылғылармен элементтерді ортақтастырыңыз. Bluetooth™ функциясының көмегімен бірнеше элемент түрін жіберуге және алуға болды, мысалы:

- Фотосуреттер мен бейнежазбалар
- Музыка мен басқа дыбыс файлдары
- Контактілер
- Веб беттері

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Bluetooth™ технологиясының көмегімен элементтерді жіберу үшін

1. **Алатын құрылғы:** Элемент жіберілетін Bluetooth™ құрылғысында Bluetooth™ функциясы қосылғанына және табылатын режимде екеніне көз жеткізіңіз.
2. Телефонда жіберілетін элементті қамтитын қолданбаны ашып, элементке жылжыңыз.
3. Қолданбаға және жіберілетін элементке байланысты элементті түртіп, ұстап тұру, элементті ашу немесе түймесін басу керек болуы мүмкін. Элементті жіберудің басқа тәсілдері бар болуы мүмкін.
4. Ортақтастыру немесе жіберу мәзірінің элементін таңдаңыз.
5. Көрсетілетін мәзірде, **Bluetooth** опциясын таңдаңыз.
6. Сізден сұралса, Bluetooth™ функциясын қосыңыз.
7. **Bluetooth құрылғысы** ішінде, алатын құрылғының атын түртіңіз.
8. **Алатын құрылғы:** Сұралса, байланысты қабылдаңыз.
9. Сұралса, екі құрылғыда да бірдей кілтсөзді енгізіңіз немесе ұсынылған кілтсөзді құптаңыз.
10. **Алатын құрылғы:** Кіріс элементті қабылдаңыз.

Bluetooth™ технологиясының көмегімен элементтерді алу үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Сымсыз және желілер** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Bluetooth** опциясына құсбелгі қойыңыз. күй жолағында пайда болады.
4. **Bluetooth параметрлері** түртіңіз.
5. **Айқын** құсбелгісін қойыңыз. Енді телефон басқа құрылғыларға 120 секунд көрініп тұрады.
6. **Жіберген құрылғы:** Bluetooth™ технологиясы арқылы телефонға бір немесе бірнеше элемент жіберу.
7. Сұралса, екі құрылғыда да бірдей кілтсөзді енгізіңіз немесе ұсынылған кілтсөзді құптаңыз.
8. Телефонға кіріс файлы туралы ескерту алған кезде файл беруін қабылдау үшін жай-күй жолағын төмен қарай сүйреп, ескертуді түртіңіз.
9. Файл беруді бастау үшін **Қабылдау** түймесін түртіңіз.
10. Тасымалдаудың барысын көру үшін жай-күй жолағын төмен қарай сүйреңіз.
11. Алынған элементті дереу ашу үшін, жай-күй жолағын төмен қарай сүйреп, қатысты ескертуді түртіңіз.

! Bluetooth™ сымсыз технологиясы арқылы файлдарды алу мүмкін болуы үшін телефонға жад картасы кірістірілген болуы тиіс.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефонды компьютерге қосу

Телефонды компьютерге жалғаңыз да, суреттерді, музыка мен басқа файлдарды жіберуге кірісіңіз. USB кабелін немесе Bluetooth сымсыз технологиясын қолдану ең оңай жолдар болып табылады.

USB кабелі арқылы телефонды компьютерге жалғаған кезде компьютерге PC Companion бағдарламасын орнату туралы нұсқау беріледі. PC Companion бағдарламасы мультимедиа файлдарды тасымалдау және реттеу, телефонды жаңарту, телефондағы мазмұнды қадамдастыру және т.б. үшін қосымша компьютер бағдарламаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Телефон мен компьютердің арасында авторлық құқықтары қорғалған кейбір материалдарды жібере алмауыңыз мүмкін.

USB кабелінің көмегімен мазмұнды тасымалдау және өңдеу

Файлдарды оңай тасымалдау және басқару үшін компьютер мен телефон арасында USB кабелі арқылы байланысты пайдаланыңыз. Екі құрылғы қосылғаннан кейін компьютердегі файлдар көру бағдарламасының көмегімен мазмұнды олар арасында сүйреп апаруға болады. Егер телефонға музыка, бейне, суреттер немесе басқа медиа файлдарын тасымалдасаңыз, компьютердегі Media Go™ бағдарламасын пайдаланған абзал. MediaGo бағдарламасы медиа файлдарын телефонда қолдануға болатындай түрлендіреді.

USB кабелі арқылы телефон мен компьютер арасында мазмұнды сүйреп апару үшін

1. USB кабелінің көмегімен телефонды компьютермен байланыстырыңыз.
2. **Телефон**: Жай-күй жолағында **Медиа тасым-у реж-нде қосылған** пайда болады.
3. **Компьютер**: Жұмыс үстелінен Microsoft® Windows® Explorer бағдарламасын ашып, телефоныңыздың жад картасы Microsoft® Windows® Explorer бағдарламасында сыртқы дискі ретінде көрсетілгенше күтіңіз.
4. **Компьютер**: Телефон мен компьютер арасында қажетті файлдарды апарып тастаңыз.

USB байланысының режимдері

Телефон мен басқа құрылғылар арасында USB кабелі арқылы деректерді ортақтастырудың ең жиі қолданылатын екі әдісі – Медиа тасымалдау протоколы (MTP) режимі және Сыйымды жад (MSC) режимі.

- **Медиа тасымалдау режимі (MTP)** – Windows компьютерлерімен байланысуға арналған ең жиі қолданылатын протокол. Әдепкі мән бойынша осы режим әдетте қосылған.
- **Сыйымды жад режимі (MSC)** – телефондарды теледидарлар, автокөлік жинақтары және MTP қолдауы жоқ Mac OS/Linux компьютерлері сияқты медиа құрылғыларына қосудың ең жиі қолданылатын жол.

Сыйымды жад режимін әдепкі USB байланысы режимі ретінде орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Байланыс** > **USB байланыс режимі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Сыйымды жад режимі (MSC)** түртіңіз.
4. **ОК** түртіңіз.

Медиа тасымалдау режимі әдетте әдепкі мән бойынша қосылады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Сыйымды жад режимі арқылы телефонды компьютерге қосу

1 Телефонды компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
2 Күй жолағын төмен сүйреңіз.
3 **Телефонды жалғау** > **Телефонның жад картасын қосу** тармағын түртіңіз.

! Егер телефоныңызда қолданбаны пайдаланып отырсаңыз және ол қолданба жад картасын пайдаланса, жад картасына кіру үшін сол қолданбаны жабу қажет болуы мүмкін.

Сыйымды жад режимінде USB кабелін ажырату үшін

! Мазмұнды тасымалдау кезінде деректі зақымдауы мүмкін болғандықтан USB кабелін ажыратпаңыз.

1 **Компьютер**: USB кабелі арқылы байланысты өшіру үшін *Ақпараттық құралдарды қауіпсіз жою* мүмкіндігін пайдаланыңыз.
2 **Телефон**: Күй жолағын төмен қарай сүйреңіз.
3 **Телеф-ң жад картасы қосылған** түртіңіз.
4 Ашылған экрандағы **Ажырату** опциясын түртіңіз.
5 USB кабелін екі құрылғыдан ажыратыңыз.

! Компьютер нұсқаулары операциялық жүйеге байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін компьютердің операциялық жүйесі бойынша құжаттаманы қараңыз.

Wi-Fi® желісінде Медиа тасымалдау режимін пайдалану арқылы файлдарды тасымалдау

Wi-Fi® байланысын пайдалану арқылы телефон мен компьютер сияқты MTP үйлесімді құралдары арасында файлдарды тасымалдауға болады. Байланысу алдында, біріншіден, екі құралдарды қосу керек. Егер телефон мен компьютер арасында музыка, бейне, суреттер немесе басқа медиа файлдарын тасымалдасаңыз, компьютердегі Media Go™ қолданбасын пайдалану ұсынылады. MediaGo қолданбасы медиа файлдарын телефонда қолдануға болатындай түрлендіреді.

Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, мысалы, Microsoft® Windows Vista® немесе Windows® 7 жүйесін іске қосып жатқан компьютер сияқты Медиа тасымалдауын қолдау көрсететін және Wi-Fi қосылған құрылғы керек.

Медиа тасымалдау режимін пайдаланатын компьютермен сымсыз қосу

1 Медиа тасымалдау режимінің телефонда қосылу тұрғанына көз жеткізіңіз. Әдетте әдепкі бойынша қосылу тұрады.
2 Телефонды компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
3 **Компьютер**: Телефон атауы экранда шыққанда, *Желі конфигурациясы* түймесін басып, нұсқауларды компьютерге қосу үшін орындаңыз.
4 Қосқаннан кейін, екі құрылғыдан да USB кабелін шығарыңыз.

! Жоғарыдағы нұсқаулар компьютеріңізге Windows 7 жүйесі орнатылғанда және компьютер желі кабелі арқылы Wi-Fi кіру нүктесіне қосылғанда ғана жұмыс істейді.

Медиа тасымалдау режимінде жұптастырылған құрылғыларды сымсыз қосу

1 Телефоныңызда медиа тасымалдау режимінің қосулы екенін тексеріңіз. Бұл қалыпты түрде әдепкісінше қосылады.
2 Негізгі экран бетінен ⁞⁞ опциясын түртіңіз.
3 **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Байланыс** опциясын тауып түртіңіз.
4 Қосқыңыз келетін жұптастырылған құрылғыны **Сым-з медиа тасым-у үш. сенімді құр-р**ішінен түртіңіз.
5 **Қосылу** белгішесін түртіңіз.

! Телефонның Wi-Fi функциясының қосулы екенін тексеріңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Медиа тасымалдау режимінде сымсыз жұптастырылған құрылғыны ажырату

1 Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Байланыс** опциясын тауып түртіңіз.
3 Ажыратқыңыз келетін жұптастырылған құрылғыны **Сым-з медиа тасым-у үш. сенімді құр-р** ішінен түртіңіз.
4 **Ажырату** белгішесін түртіңіз.

Басқа құрылғымен қосылымды өшіру

1 Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2 **Параметрлері** > **Sony Ericsson** > **Байланыс** тармағын тауып түртіңіз.
3 Өшіруді қажет ететін қосылған құрылғыны түртіңіз.
4 **Ұмыту** белгішесін түртіңіз.

PC Companion

PC Companion телефонға қосылған қосымша мүмкіндіктерге және қызметтерге қол жеткізуге және пайдалануға мүмкіндік береді, солайша музыканы, бейнені және суреттерді тасымалдай аласыз. Сондай-ақ, ең соңғы қол жетімді бағдарламалық жасақтаманы алу үшін телефоныңызды жаңартуға болады.

PC Companion қолданбасын пайдалану үшін келесі операциялық жүйелерде жұмыс істеп тұрған компьютер қажет:

- Microsoft® Windows® 7
- Microsoft® Windows Vista®
- Microsoft® Windows® XP (3-жаңарту бумасы немесе одан жоғары)

PC Companion қолданбасын орнату және пайдалану үшін телефон мен компьютерді USB кабелі арқылы қосу керек.

Компьютерге PC Companion бағдарламасын орнату

1 Телефонды компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
2 **Телефон**: PC Companion бағдарламасының терезесінде **Орнату** түймесін түртіңіз.
3 **Компьютер**: PC Companion бірнеше секундтан кейін автоматты түрде іске қосылады. PC Companion бағдарламасын орнату үшін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

PC companion орнату құралы телефонда әдепкісінше іске қосылады. Бұл опцияны телефон параметрлерінде өшіруге болады.

PC Companion қолданбасын іске қосу үшін

1 USB кабелінің көмегімен телефонды компьютермен байланыстырыңыз.
2 **Телефон**: Жай-күй жолағында **Медиа тасым-у реж-нде қосылған** пайда болады.
3 **Компьютер**: PC Companion бағдарламасы компьютеріңізде бірнеше секундтан кейін автоматты түрде қосылады.

PC Companion қолданбасы автоматты түрде іске қосылмаса, оны компьютердің іске қосу мәзірінен іске қосуға болады.

Media Go™

Media Go™ компьютерлік бағдарламасы телефоныңыздағы және компьютеріңіздегі мультимедиалық мазмұнды тасымалдауға және басқаруға көмектеседі. Media Go™ бағдарламасын PC Companion бағдарламасынан орнатыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін *PC Companion* бөлімін 99-беттен қараңыз.

Media Go™ бағдарламасын пайдалану үшін мына операциялық жүйелердің біреуі керек:

- Microsoft® Windows® 7
- Microsoft® Windows® Vista®
- Microsoft® Windows® XP, 3-жаңарту бумасы немесе одан жоғары

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Media Go™ және телефон арасында файлдарды тасымалдау үшін алдымен телефон мен компьютерді USB кабелімен қосу керек. Сондай-ақ, компьютерге қосылу үшін телефонды қосу керек. Қосымша ақпарат алу үшін *USB кабелі арқылы телефон мен компьютер арасында мазмұнды сүйреп апару үшін* бөлімін 97-беттен қараңыз.

Media Go™ бағдарламасын пайдалану туралы қосымша мәлімет алу үшін Media Go™ бағдарламасының негізгі мәзіріндегі анықтама бөлімін қараңыз.

Мазмұнды Media Go™ қолданбасы арқылы жіберу үшін

1. USB кабелінің көмегімен телефонды компьютермен байланыстырыңыз.
2. **Телефон**: Жай-күй жолағында **Медиа тасым-у реж-нде қосылған** пайда болады.
3. **Компьютер**: PC Companion қолданбасы автоматты түрде іске қосылады. PC Companion ішінде *Media Go* түймесін басып, Media Go™ қолданбасын іске қосыңыз. Кейбір кездерде Media Go™ қолданбасының орнатылуын күту керек болады.
4. Media Go интерфейсі арқылы компьютер мен телефон арасында файлдарды сүйреп апарыңыз.

Сондай-ақ, Media Go™ қолданбасын *www.sonyericsson.com/support* сайтынан жүктеуге болады.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Орынды анықтау қызметтері

Қай жерде екеніңізді анықтау үшін телефонды қолданыңыз. Екі тәсілі бар: GPS немесе сымсыз желілер. Орныңызды шамамен ғана және тез арада білу керек болса, сымсыз желілерді қосқан дұрыс. Орныңызды дәлірек анықтау керек болса және аспанды тікелей көре алсаңыз, GPS опциясын қосыңыз. Желі сигналы әлсіз болған жағдайларда орныңыз анықталатынына көз жеткізу үшін опциялардың екеуін де қосып қоюға болады.

! Sony Ericsson орынды анықтау қызметтерінің дұрыстығына, оның ішінде онымен шектелмей, навигациялық қызметтерге де кепілдік бермейді.

GPS функциясын қосу үшін

1 Негізгі экраннан пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлер** > **Орын және қауіпсіздік** опциясын түртіңіз.
3 **GPS серіктерін пайд-ну** құсбелгісін қойыңыз.

Сымсыз желілерді қосу үшін

1 Негізгі экранда пернесін түртіңіз.
2 **Параметрлер** > **Орын және қауіпсіздік** опциясын түртіңіз.
3 **Сымсыз желілерді пайдалану** құсбелгісін қойыңыз.

GPS қолдану

Телефоныңызда орныңызды анықтау үшін жерсерік сигналдарын пайдаланатын орналасқан жерді анықтау жүйесінің (GPS) қабылдағышы бар.

! Орныңызды анықтау үшін GPS қабылдағышы қажет болатын мүмкіндіктерді пайдаланған кезде аспан ашық болуы керек.

Ең жоғары өнімділікке қол жеткізу

GPS жүйесін бірінші рет пайдаланғанда орныңызды табу үшін 5-10 минутқа жуық уақыт кетуі мүмкін. Іздеуді жеңілдету үшін аспанды тікелей көре алатыныңызға көз жеткізіңіз. Қозғалмаңыз әрі GPS антеннасын жаппаңыз (суреттегі бөлектелген аумақ). GPS сигналдары бұлттар мен пластик арқылы өтеді, бірақ ғимараттар мен таулар сияқты қатты нысандардың көбінен өтпейді. Орналасқан жеріңіз бірнеше минуттан кейін табылмаса, басқа жерге барыңыз.



Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Google Maps™

Ағымдағы орныңызды бақылау, нақты уақыттағы трафик жағдайын көру және баратын жерге толық мәліметі бар бағыттарды алу. Саяхат жасамас бұрын, жоғары роуминг ақысын төлемеу үшін карталарды жүктеп, жад картасына сақтап алыңыз.

Google Maps™ бағдарламасы интернет байланысының пайдаланылуын қажет етеді. Телефоннан интернетке қосылған кезде ақылы деректер байланысы болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін желі операторына хабарласыңыз. Google Maps™ қолданбасы барлық дүкенде, елде немесе аймақта болмауы мүмкін.

Google Maps™ қызметін пайдалану үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Maps** параметрін тауып, түртіңіз.

Орынды анықтауды пайдалану керек болса, **Параметрлер** > **Орын және қауіпсіздік** ішіндегі орынды анықтау тәсілдерінің кем дегенде бірін қосыңыз.

Google Maps™ туралы қосымша ақпарат алу үшін

- **Maps** қолданбасын пайдаланған кезде, пернесін басып, одан кейін **Қосымша** > **Анықтама** пернесін түртіңіз.

Google Latitude™ қызметі арқылы достарыңның орналасқан жерін көру

Карталарда достарыңыздың орналасқан жерін көріп, олармен өзіңіздің орналасқан жеріңіз бен басқа да ақпаратты ортақтастыру үшін Google Latitude™ қызметіне қосылыңыз.

Бағыттарды алу

Google Maps™ қолданбасы жаяу жүру, қоғамдық көлікпен жүру немесе автокөлікпен жүру үшін бағыттарды бере алады. Баратын жерге төте жолды Негізгі экранға қосуға болады, солайша қай жерде болсаңыз да, сол жерге бағыттарды алу үшін төте жолды түртсеңіз болғаны.

Картаны көрген кезде интернет байланысы жасалады және телефонға деректер тасымалданады. Саяхат жасамас бұрын, жоғары роуминг ақысын төлемеу үшін карталарды жүктеп, жад картасына сақтап алыңыз.

Sony Ericsson бағыт беру қызметтерінің дұрыстығына кепілдік бермейді.

Жылжу қолданбасын пайдалану

Орындарға жету үшін егжей-тегжейлі нұсқаулар алыңыз. Нұсқаулар ауызша айтылады және экранда көрсетіледі.

Жылжу функциясы барлық елдерде бола бермеуі мүмкін.

Жылжуды іске қосу үшін

1. Негізгі экранда пернесін түртіңіз.
2. **Жылжу** параметрін тауып, түртіңіз.

Wisepilot™ қолданбасын пайдалану

Орындарға жету үшін толық мәліметі бар ауызша нұсқаулар алыңыз. Сондай-ақ, саяхаттарды басқаруға және жолдар мен орындарды достармен SMS, Twitter™ немесе Facebook™ арқылы ортақтасуға болады.

Wisepilot барлық базарларда бола бермеуі мүмкін. Қосымша ақпарат, оның ішінде Wisepilot пайдаланушы нұсқаулығын, алу үшін *www.sonyericsson.wisepilot.com* сайтына өтіңіз.

Wisepilot™ бағдарламасын іске қосу

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Wisepilot** параметрін тауып, түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефонды құлыптау және қорғау

Халықаралық тасымалы құрылғы идентификациясы нөмірі

Әр телефонның IMEI - Халықаралық тасымалы құрылғы идентификациясы нөмірі бар. Осы нөмірдің көшірмесін сақтауыңыз керек. Егер телефон ұрланса, еліңіздегі желіге телефон арқылы қатынауды тоқтату үшін сіздің желі операторыңыз IMEI нөмірін пайдалана алады.

IMEI нөміріңізді көру



- IMEI нөмірін батареяның астынан табасыз.

Телефондағы IMEI нөміріңізді көру

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Телефон туралы** > **Күйі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **IMEI** опциясын өтіп, **IMEI** нөмірін көріңіз.

SIM картасын қорғау

SIM картасының құлпы тек жазылғандығыңызды қорғайды. Телефоныңыз жаңа SIM картасымен істей береді. Егер SIM картасының құлпы қосулы болса, PIN (жеке идентификациялық нөмір) кодын енгізу керек. Егер PIN кодыңызды рұқсат етілген ең көп әрекет ретінен аса дұрыс енгізбесеңіз, SIM картаңыз құлыпталып қалады. PUK (құлпын ашатын жек кілт) кодын, сосын жаңа PIN кодын енгізу керек. PIN, PIN2 және PUK кодтарын желі операторы береді.

SIM картасының Жеке идентификациялық кодын құлыптауды қосу үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **SIM картасын құлыптау** > **SIM картасын құлыптау** опциясын тауып, түртіңіз.
3. SIM картасының жеке идентификациялық кодын енгізіңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.

SIM картасының жеке идентификациялық кодын өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **SIM картасын құлыптау** > **SIM PIN кодын өзгерту** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Ескі SIM картасының жеке идентификациялық кодын енгізіңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.
4. Жаңа SIM картасының жеке идентификациялық кодын енгізіңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.
5. Жаңа SIM картасының жеке идентификациялық кодын қайта теріңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.

SIM картасының жеке идентификациялық кодын 2 өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранында ⁞⁞⁞ пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Қоңырау параметрлері** > **Тұрақты қ. шалу нөм.** > **PIN2 кодын өзгерту** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Ескі SIM картасының жеке идентификациялық кодын 2 енгізіңіз де, **ОК** түймесін түртіңіз.
4. Жаңа SIM картасының Жеке идентификациялық код 2 енгізіп, **ОК** түймесін түртіңіз.
5. Жаңа жеке идентификациялық кодын 2 құптап, **ОК** пернесін түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Құлыпталған SIM картасынан тыйымды алу үшін

1. **SIM картасы PUK кодымен құлыпталған. PUK кодын енгізіп, құлпын ашыңыз.** пайда болғанда, PUK кодын енгізіп, **ОК** опциясын түртіңіз.
2. Жаңа PIN кодын енгізіп, **ОК** опциясын түртіңіз.
3. Жаңа PIN кодын қайталап, **ОК** опциясын түртіңіз.

Жеке құлып ашу кілтін тым көп мәрте қате енгізсеңіз, SIM картасын құлыпталады. Одан кейін, қызмет көрсетушіге хабарласып, жаңа SIM картасын алуға мәжбүр боласыз.

Экран құлпын орнату

Экран құлпын орнату үшін

1. Негізгі экран экранынан > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын орнату** опциясын түртіңіз.
2. Опцияны таңдаңыз.

Экран құлпын ашу үлгісін, Жеке идентификациялық кодты немесе кілтсөзді есте сақтау өте маңызды. Бұл ақпаратты ұмытсаңыз, контактілер және хабарлар сияқты маңызды деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайды. Қосымша ақпарат алу үшін Sony Ericsson хабарласу орталығына хабарласыңыз.

Экран құлпын ашу үлгісін жасау үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын орнату** > **Үлгі** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Телефондағы нұсқауларды орындаңыз. Экран құлпын ашу үлгісін ұмытсаңыз, телефонның құлпын ашу үшін пайдаланылатын қауіпсіздік сұрағын таңдау сұралады.

Экран құлпын ашу үлгісін пайдаланып экран құлпын ашу үшін

1. Экранды іске қосыңыз.
2. Экран құлпын ашу үлгісін салыңыз.

Экранда салған құлыпты ашу үлгісі қатарынан бес рет қабылданбаса, 30 секунд күтіп, әрекетті қайталауды немесе таңдаған қауіпсіздік сұрағына жауап беруді таңдауға болады.

Экран құлпын ашу үлгісін өзгерту үшін

1. Негізгі экран экранында пернесін түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын өзгерту** опциясын тауып, түртіңіз.
3. Телефондағы нұсқауларды орындаңыз.

Экран құлпын ашу үлгісін өшіру үшін

1. Негізгі экранда > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын өзгерту** пернесін түртіңіз.
2. Экран құлпын ашу үлгісін салыңыз.
3. **Жоқ** түртіңіз.

Экранның құлпын ашуға арналған Жеке идентификациялық код жасау үшін

1. Негізгі экраннан > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын орнату** > **PIN код** пернесін түртіңіз.
2. Сандардан тұратын Жеке идентификациялық кодын енгізіп, **Жалғастыру** опциясын түртіңіз.
3. Жеке идентификациялық кодты растап, **ОК** пернесін түртіңіз.

Экран құлпын ашу Жеке идентификациялық кодын өшіру үшін

1. Негізгі экран экранынан > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын өзгерту** опциясын түртіңіз.
2. Жеке идентификациялық кодты енгізіп, **Жалғастыру** пернесін түртіңіз.
3. **Жоқ** түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Экран құлпының кілтсөзін жасау үшін

1. Негізгі экран экранынан > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын орнату** > **Кілтсөз** опциясын түртіңіз.
2. Кілтсөзді енгізіңіз. Кілтсөз кем дегенде бір әріпті қамтуы және ең азында төрт таңбадан тұруы керек.
3. **Жалғастыру** түртіңіз.
4. Кілтсөзді растап, **ОК** пернесін түртіңіз.

Экран құлпын ашу кілтсөзін өшіру үшін

1. Негізгі экран экранынан > **Параметрлері** > **Орын және қауіпсіздік** > **Экран құлпын өзгерту** опциясын түртіңіз.
2. Кілтсөзді енгізіп, **Жалғастыру** опциясын түртіңіз.
3. **Жоқ** түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефонды жаңарту

Оңтайлы өнімділікпен қамтамасыз етіп, соңғы жақсартуларды алу үшін телефонды ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасымен жаңартыңыз. Жаңарту орталығының қолданбасын жаңартуларды телефонға тікелей жүктеу үшін пайдаланыңыз. 2G мен 3G байланыстарымен немесе Wi-Fi® желісі арқылы жаңартуларды автоматты түрде немесе қолмен қосуға болады.

Кейбір жағдайларда, жаңартуларды іске қосу үшін компьютерде ДК Companion қолданбасын пайдалану керек. Телефонды компьютерге USB кабелі арқылы қосыңыз және ДК Companion қолданбасы қалғандарын нұсқап көрсетеді.

Интернетті телефон арқылы қосқанда, деректер байланысының берілуін бастау мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін желі операторына хабарласыңыз.

Телефонды сымсыз жолмен жаңарту

Бағдарламалық құрал жаңартуларын қолмен жүктеу

1. Негізгі экран бетінен белгішесін түртіңіз.
2. **Жаңарту орталығы** опциясын тауып түртіңіз.
3. Қалаған бағдарламаны немесе жүйені жаңарту опциясын таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бағдарламалық құралдың автоматты түрде жаңартуларын іске қосу

1. Негізгі экранда белгішесін түртіңіз.
2. **Жаңарту орталығы** опциясын тауып түртіңіз.
3. түймесін басып, **Параметрлер** опциясын түртіңіз.
4. **Автоматты жаңарту** параметріне белгі қойыңыз.

Автоматты жаңарту функциясы белгіленген кезде, қолданба немесе жүйенің жаңартулары туралы хабарлайтын ескертпе шығады.

USB кабелінің көмегімен телефонды жаңарту

Кейбір жаңартуларды сымсыз жүктеуге болмайды. Осындай жаңартуларды хабарлайтын жай-күй жолағында хабарландыру шығады. Компьютерде ДК Companion қолданбасын осы бағдарламалық құрал жаңартуларын қосу үшін пайдалануыңыз керек. Телефонды компьютерге USB кабелі арқылы қосу керек. ДК Companion қолданбасын www.sonyericsson.com сайтынан да жүктеуге болады.

PC Companion қолданбасын телефоныңыздан жүктеу

1. Телефонды компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
2. Нұсқау берілгенде, PC Companion қолданбасын компьютерге орнатуды іске қосу үшін телефондағы нұсқауларды орындаңыз.

Сондай-ақ, PC Companion қолданбасын *www.sonyericsson.com/support* сайтынан жүктеуге болады.

USB кабелі байланысын пайдаланып бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеу

1. Компьютерде PC Companion бағдарламасының орнатылғанына көз жеткізіңіз.
2. Телефонды компьютерге USB кабелімен жалғаңыз.
3. **Компьютер**: PC Companion бағдарламасын іске қосыңыз. Кішкене уақыттан кейін телефон PC Companion арқылы анықталады және PC Companion жаңа телефонның бағдарламалық құралын іздейді.
4. Күй жолағында хабарландырулар шыққан кезде қатысты бағдарламалық құрал жаңартуларын жасау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Телефон параметрлерін шолу

Телефондағы параметрлерді біліп алып, оларды өз қажеттіліктеріңізге баптай алыңыз.

Сымсыз және желілер	Сымсыз байланыстар мен байланыс параметрлерін басқару
Қоңырау параметрлері	Мысалы, дауыстық поштаны тыңдау және басқару үшін параметрлерді конфигурациялау.
Дыбыс	Хабарласу алғанда телефон қалай шырылдайтынын, дірілдейтінін және басқаша сізді ескертетінін конфигурациялаңыз. Сондай-ақ, бұл параметрлерді музыка мен дыбысы бар басқа медианың дыбыс деңгейін орнату үшін осы параметрлерді және кейбір қатысты параметрлерді қолдануға болады.
Дисплей	Телефонды бұрған кезде бағдарды ауыстыру немесе экран жарықтығын орнату үшін таңдаңыз
Орын және қауіпсіздік	Жылжу параметрлерін орнату және әртүрлі құлыптар мен кілтсөздер қою арқылы телефонды қорғау
Бағдарламалар	Орнатылған қолданбаларды басқару және жою
Есептік жазбалар және қадамдастыру	Қолданбаларда белсенді түрде жұмыс істегенге не істемегенге қарамастан, оларға автоматты түрде қадамдастыруға мүмкіндік беру және фонда деректерді қадамдастыруға рұқсат беру
Құпиялылық	Жеке ақпаратты басқару, қолданба орнатқанда параметрлерді және басқа деректерді қалпына келтіру, телефонның ішкі жадынан барлық жеке деректерді жою
Қойма	Телефонның ішкі жадындағы және SD картадағы бар бос орынды тексеру. Сондай-ақ, SD картасын өшіруге немесе оны қауіпсіз түрде ажырату үшін шығарып алуға болады
Тіл және пернетақта	Телефон тілін таңдау және мәтін енгізу опцияларын реттеу
Дауыстық енгізу және шығыс	Мәтінді ауызша енгізу үшін дауыспен енгізу мүмкіндігін конфигурациялау
Қол жетімділік	Орнатылған қол жеткізу мүмкіндігі қолданбаларын қосу және қатысты параметрлерді реттеу
Күні және уақыты	Уақыт пен күнді орнату немесе желіден алынатын мәндерді пайдалануды таңдау. Таңдаулы күн мен сағат пішімін таңдау
Телефон туралы	Үлгі нөмірі, бағдарламалық құрал нұсқасы және батарея күйі сияқты телефон туралы ақпаратты көру

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Белгішені шолу

Күй белгішелері

Төмендегі күй белгішелері экранға шығуы мүмкін:

	Сигнал күші
	Сигнал жоқ
	Роуминг
	GPRS қол жетімді
	EDGE қол жетімді
	3G қол жетімді
	GPRS деректерін жіберу және жүктеу
	EDGE деректерін жіберу және жүктеу
	3G деректерін жіберу және жүктеу
	Батарея заряды
	Батарея зарядталып жатыр
	GPS қосылған
	Ұшақ режимі қосылған
	Bluetooth™ функциясы қосылған
	Басқа Bluetooth™ құрылғысына қосылған
	SIM картасы салынбаған
	Микрофон дыбысы өшірілген
	Спикерфон қосулы
	Дыбыссыз режим
	Діріл режимі
	Оятар орнатылған
	Синхрондау орындалуда
	Кіруге немесе синхрондауға қатысты мәселе
	Wi-Fi® байланысы қосылған және сымсыз желілер бар

Хабарландыру белгішелері

Төмендегі хабарландыру белгішелері экранға шығуы мүмкін:

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

	Жаңа электрондық пошта хабары
	Жаңа мәтінді немесе мультимедиа хабары
	Жаңа дауысты пошта хабары
	Келе жатқан күнтізбе оқиғасы
	Өлең ойнатылып жатыр
	Телефон компьютерге USB кабелі арқылы жалғанған
	Абайлаңыз хабарламасы
	Қате туралы хабар
	Қабылданбаған қоңырау
	Байланыс қолданылуда
	Қоңырау ұстаулы
	Қоңырау бағытын өзгерту қосулы
	Бағдарламалық жасақтама жаңартулары қол жетімді
	Деректерді жүктеу
	Деректерді кері жүктеу
	Басқа (көрсетілмеген) хабарландырулар

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Қолданбаларға шолу

Дабыл	Оятарды орнату
Браузер	Интернетте қарау және жаңа бағдарламалар мен файлдарды жүктеу
Калькулятор	Негізгі есептеу амалдарын орындау
Күнтізбе	Кездесулеріңізді бақылау
Камера	Суретке және бейнеге түсіру
Контактілер	Достарыңыз бен әріптестеріңізді қадағалау
Data monitor	Деректер трафигін бақылау
Жүктеулер	Жүктелген қолданбаларға кіру
Электрондық пошта	Электрондық пошта хабарларын жіберу және алу
FM радиосы	Телефоныңыздан радио тыңдау
Галерея	Суреттеріңіз бен фотосуреттеріңізді көрсету
Gmail™	Gmail™ қызметін қолдайтын электрондық пошта қолданбасы
Google Search	Телефондағы және вебтегі ақпаратты табу
Latitude	Карталарда достардың орнын көру және олармен орныңыз мен басқа ақпаратты ортақ пайдалану
Maps	Ағымдағы орныңызды, басқа орындарды табу және бағыттарды есептеу
Market	Телефонға арналған тегін және ақылы қолданбаларды жүктеу үшін Android Market™ тармағына өту
Қосылған құрылғылар	Ортақ пайдалынылған Wi-Fi® байланысы арқылы телефондағы медиа файлдарын басқа құрылғылармен ортақ пайдалану
Хабар алмасу	Мәтінді және мультимедиа хабарларын жіберу және алу
Музыка	Музыка мен әндер тізімдерін ойнату
Жылжу	Ауызша, кезекті жүргізу нұсқауларының көмегімен жылжу
News and Weather	Жаңалықтар мен ауа райы болжамдарын көру
Телефон	Қоңырау соғу және қабылдау, қоңырауларды ауыстырып қосу, конференциялық қоңырауды орнату және қоңыраулар журналын көру
Places	Орындарды іздеу. Мысалы, мейрамханаларды іздеуге болады.
Store	Телефоныңызға әр түрлі көңіл көтеретін мазмұнды жүктеу
Параметрлері	Телефон параметрлерін жеке қалауыңызға қарай реттеу
Орнату нұсқаулығы	Телефонның негізгі функцияларын түсіндіреді және маңызды параметрлерді енгізуге көмектеседі
Қадамдастыру	Контактілерді, күнтізбені және басқа ақпаратты синхрондау

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

	Қолдау	Телефон пайдалану жолдары туралы қосымша мәлімет алу
	Talk	Желіде сөйлесу
	TrackID™	Музыканы тану қызметі
	Timescape™	Барлық күнделікті байланыстарды бақылау
	Нөмірді дауыспен теру	Дауыс пәрмендерінің көмегімен телефон байланысын орнату
	YouTube™	Дүние жүзінде бейнелерді ортақ пайдалану және көру

Кейбір қолданбалар барлық желіде және/немесе барлық аумақтағы қызмет көрсетуші операторларда қолданылмайды.

Жүктейтін қолданбалар қолданбалар экранында автоматты түрде көрінеді.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Пайдаланушыны қолдау

Қолдау көрсету қолданбасының көмегімен пайдаланушы қолдауына тікелей телефоннан қол жеткізіңіз. Мысалы, телефонды пайдалануды түсіндіретін нұсқаулары бар пайдаланушы нұсқаулығын ашуға болады. Сондай-ақ, Sony Ericsson қолдау аумағынан және біздің хабарласу орталықтарымыздан ақаулықтарды жою туралы мәлімет және басқа да көмек алуыңызға болады.

- **Қолдау көрсету қолданбасының мүмкіндіктері:**
  - Құралдар – батарея мен бағдарламалық құрал өнімділігін және байланыс мүмкіндіктерін жақсарту.
  - Телефондағы пайдаланушы нұсқаулығы – қосымша пайдаланушы нұсқаулығын оқып, оның ішінен іздеу.
  - Біліп алу – кеңестер мен айлаларды оқу, соңғы жаңалықтарды алу және анықтамалық бейнелерді көру.
  - Электрондық пошта арқылы қолдау көрсету – қолдау тобына электрондық хат жіберу.
- **Қолдау аймағы** – телефонды барынша пайдалану туралы толық қолдау көрсету үшін *www.sonyericsson.com/support* сайтына кіріңіз.
- **Ақауларды жою** – жиі кездесетін ақаулар мен қателік туралы хабарларды пайдаланушы нұсқаулықтарының соңынан және қолдау аумағынан қараңыз.
- **Хабарласу орталығы** – басқа амал көмектеспесе. Тиісті нөмір берілетін *Маңызды ақпарат* кітапшасында келтірілген.

! Сондай-ақ, қосымша пайдаланушы нұсқаулығы *www.sonyericsson.com/support* сайтында да қол жетімді.

Қолдау қолданбасына кіру

1 Қолданбалар экранында белгішесін тауып, оны түртіңіз.

2 Қажетті қолдау элементін тауып, оны түртіңіз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Ақаулықтарды жою

Телефоным күткендей жұмыс істеп жатқан жоқ

Телефонмен мәселелер болса, басқа нәрселерді істеу алдында осы кеңестерді орындап көріңіз:

- Телефонды қайта іске қосыңыз.
- Батареяны және SIM картаны шығарып, қайта салыңыз. Содан кейін телефонды қайта іске қосыңыз.
- Телефонды жаңартыңыз. Телефонды жаңарту оптималды өнімділікті қамтамасыз етеді және соңғы жақсартуларды береді. Қосымша ақпаратты 106 бетіндегі *Телефонды жаңарту* бөлімінен қараңыз.
- Телефонды қайта орнатыңыз.

Телефонды қайта орнату кезінде шыдамды болыңыз. Қайта орнату барысында телефонды қайта іске қосу телефонды қалпына келтіре алмайтындай зақымдауы мүмкін.

Қолданбаны жабу үшін

- Қалқымалы терезе қолданбаның жауап бермейтіні туралы хабарлаған кезде **Күшпен жабу** тармағын түртіңіз.

Егер қолданбаны тоқтатқыңыз келмесе, **Күту** түймесін түрту арқылы оның жауап беруін күте аласыз.

Телефонның әдепкі мәндерін қалпына келтіру

Барлық жеке деректеріңізді жойып немесе жоймай-ақ телефонды бастапқы параметрлеріне қайта орнатуға болады. Телефонды алғаш рет іске қосар алдындағы күйіне қайтаруға болады. Бірақ бастапқы мәндерін қайтармас бұрын телефонда сақталған маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Телефонда қайта орнату үшін

1. Негізгі экран бетінен опциясын түртіңіз.
2. **Параметрлері** > **Құпиялылық** опциясын тауып, түртіңіз.
3. **Зауыттық деректерін қалпына келтіру** түртіңіз.
4. Тек ішкі жадты ғана емес, сондай-ақ, суреттер мен музыка сияқты пайдаланушы деректерін де өшіру үшін **SD картаны өшіру** құсбелгісін қойыңыз.
5. **Телефонды қайта қосу** түртіңіз.
6. Растау үшін **Барлығын өшіру** пернесін түртіңіз.

Телефонды зарядтау мүмкін емес

Зарядтағыш дұрыс қосылмаған немесе батарея қосылымы дұрыс емес. Батареяны шығарып, қосқыштарды тазалаңыз.

Телефон зарядтала бастағанда батареяны зарядтау белгішесі пайда болмайды

Батарея белгішесі экранға шыққанша, біраз уақыт кетуі мүмкін.

Батарея өнімділігі төмен

Батареяны мүмкін болғанша ұзақ пайдалану бойынша біздің ақылды кеңестерімізді орындаңыз. *Батарея өнімділігі* бөлімін 27-беттен қараңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

USB кабелін пайдаланғанда, телефон мен компьютер арасында мазмұнды тасымалдау мүмкін емес

Бағдарламалық жасақтама немесе USB драйверлері дұрыс орнатылмаған. Егжей-тегжейлі орнату нұсқауларын және ақаулықтарды жою бөлімдерін көру үшін *www.sonyericsson.com/support* торабына өтіңіз.

Интернет қызметтерін пайдалана алмаймын

Жазылымыңыздың деректерді қотару көлемін қамтитынын және телефон параметрлерінің дұрыс екенін тексеріңіз. Деректер ағынын, деректер роумингін іске қосу және интернет параметрлерін қотару туралы көбірек ақпарат алу үшін *Интернет және хабар алмасу параметрлері* бөлімін 29-беттен қараңыз. Жазылым параметрлері туралы толығырақ ақпарат алу үшін желі операторына хабарласыңыз.

Қате туралы хабарлар

Қызмет көрсету аясында емес

- Телефоныңыз ұшақ режимінде. Ұшақ режимінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Телефоныңыз желі сигналын қабылдап жатқан жоқ немесе сигнал тым әлсіз қабылданып жатыр. Желі операторына хабарласып, тұрған жеріңізде қызмет көрсетілетініне көз жеткізіңіз.
- SIM картасы дұрыс істемей тұр. SIM картасын басқа телефонға салыңыз. Егер ол істемей тұрса, ақаулық тудырып тұрған телефоныңыз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жергілікті Sony Ericsson қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Тек жедел қоңыраулар

Сіз желі аумағындасыз, бірақ оны пайдалануға рұқсатыңыз жоқ. Бірақ, төтенше жағдайларда кейбір желі операторлары 112 халықаралық жедел қызмет нөміріне қоңырау шалуға мүмкіндік береді. Қосымша мәлімет алу үшін *Жедел қоңыраулар* бетіндегі 33 бөлімін қараңыз.

SIM картасы құлыпталған.

PIN кодыңызды 3 рет жолға дұрыс енгізбедіңіз. Телефон құлпын ашу үшін операторыңыз берген PUK коды қажет.

SIM картасы PUK кодымен құлыпт-ған

PUK (құлыптан ашатын жеке кілт) кодын 10 рет жолға дұрыс енгізбедіңіз. Қызмет көрсетуші операторыңызға хабарласыңыз.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Құқықтық ақпарат

Sony Ericsson SK17i/SK17a

Бұл пайдаланушы нұсқаулығын Sony Ericsson Mobile Communications AB компаниясы немесе оның жергілікті еншілес компаниясы ешбір кепілдіксіз жариялаған. Sony Ericsson Mobile Communications AB компаниясы бұл Пайдаланушы нұсқаулығына типографиялық қателер бойынша жетілдірулер мен өзгертулерді, ағымдағы ақпараттың дәлсіздіктерін немесе бағдарламаларға және/немесе жабдыққа жақсартуларды кез келген уақытта ескертпей енгізуге құқылы. Дегенмен, мұндай өзгертулер бұл Пайдаланушы нұсқаулығының жаңа басылымдарына енгізіледі.

Барлық құқықтары қорғалған.

©Sony Ericsson Mobile Communications AB, 2011

Жарияланым нөмірі: 1251-8138.1

Ұялы телефоныңыздың қоңырау үндері сияқты қосымша мазмұнды жүктеу, сақтау және әрі қарай жіберу мүмкіндігі бар. Мұндай мазмұнды пайдалану үшінші тараптардың құқықтарымен шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін, бірақ қолданыстағы авторлық құқықтар туралы заңдар бойынша шектеумен шектеліп қалмайды. Sony Ericsson компаниясы емес, сіз ұялы телефонға жүктелетін немесе әрі қарай жіберілетін қосымша мазмұнға толығымен жауаптысыз. Кез келген қосымша мазмұнды пайдаланғанға дейін арналған мақсатқа пайдалануға тиісінше рұқсат берілгенін немесе басқа мақсатқа рұқсат берілмегенін тексеріңіз. Sony Ericsson компаниясы кез келген қосымша мазмұнның немесе басқа үшінші тарап мазмұнының дәлдігіне, тұтастығына немесе сапасына кепілдік бермейді. Ешқандай жағдайда Sony Ericsson компаниясы қандайда бір жолмен қосымша мазмұнның немесе басқа үшінші тарап мазмұнының дұрыс пайдаланылмауына жауапкершілік артпайды.

Бұл Пайдаланушы нұсқаулығы үшінші тараптар берген қызметтерге немесе қолданбаларға сілтеме жасауға құқылы. Мұндай қолданбаларды немесе қызметтерді пайдалануға үшінші тарап операторына бөлек тіркелу қажет етілуі мүмкін және қосымша пайдалану шарттарына сәйкес пайдаланылуы мүмкін. Үшінші тараптардың веб-сайтынан немесе сол арқылы қол жетімді бағдарламалар үшін осындай веб-сайттардың пайдалану шарттары мен қолданыстағы құпиялылық саясатын қосымша қараңыз. Sony Ericsson компаниясы үшінші тараптардың веб-сайттарының немесе ұсынылған қызметтердің қол жетімді болуына немесе өнімділігіне кепілдік немесе кепілдеме бермейді.

CE белгісі сияқты заңды ақпаратты көру үшін батареяны шығарыңыз.

Барлық өнімдер мен компания атаулары өздерінің тиісті иелерінің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. Бұл құжатта нақты берілмеген құқықтар қорғалады. Басқа сауда белгілерінің барлығы тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Қосымша ақпарат алу үшін *www.sonyericsson.com/cws/corporate/common/legal/disclaimer* сайтына кіріңіз.

Барлық суреттер тек үлгі ретіндегі суреттер болып табылады және іс жүзіндегі телефонды дәл көрсетпеуі мүмкін.

Бұл өнім Microsoft корпорациясының нақты зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Мұндай технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға Microsoft корпорациясының лицензиясынсыз тыйым салынған.

Мазмұн иелері зияткерлік меншігін, оның ішінде авторлық құқықтарын қорғау үшін Windows Media сандық құқықтарды басқару технологиясын (WMDRM) пайдаланады. Бұл құрылғыда WMDRM арқылы қорғалған мазмұнға өту үшін WMDRM бағдарламалық жасақтамасы пайдаланылады. Егер WMDRM бағдарламалық құралы мазмұнды қорғай алмаса, мазмұн иелері Microsoft корпорациясынан қорғалған мазмұнды көрсету немесе көшіру үшін бағдарламалық құралдың WMDRM технологиясын пайдалану мүмкіндігін қайтарып алуын сұрауға құқылы. Қайтарып алу қорғалмаған мазмұнға ықпал жасамайды. Қорғалған мазмұнға арналған лицензияларды жүктегеніңізде, Microsoft корпорациясының қайтарып алу тізімін лицензияларымен алатынына келісесіз. Мазмұн иелері мазмұнына кіру үшін WMDRM технологиясын жаңартуды талап етуге құқылы. Егер жаңартудан бас тартсаңыз, жаңартуды қажет ететін мазмұнға кіре алмайсыз.

Бұл өнімге MPEG-4 көретін және AVC патенттер портфелі лицензиялары бойынша тұтынушының жеке және коммерциялық емес мақсатқа пайдалануына (i) бейнекескінді MPEG-4 көретін стандартына («MPEG-4 бейнекескіні») немесе AVC стандартына («AVC бейнекескіні») сәйкес шифрлау үшін және/немесе (ii) жеке және коммерциялық емес әрекетпен қол бос емес тұтынушы шифрлаған және/немесе MPEG- 4 немесе AVC бейнекескінімен қамтамасыз ететін MPEG LA компаниясы лицензия берген бейнекескін провайдерінен алынған MPEG- 4 немесе AVC бейнекескінінің шифрын ашу лицензия беріледі. Ешқандай лицензия берілмейді немесе басқа мақсатқа пайдалануды білдірмейді. Жарнамалық, ішкі және коммерциялық мақсаттарға пайдалануға және лицензияға қатысты қосымша ақпарат MPEG LA, L.L.C компаниясынан алынуы мүмкін. http://www.mpegla.com сайтын қараңыз. Fraunhofer IIS және Thomson компанияларынан лицензия бойынша алынған MPEG Layer-3 аудио шифрлау технологиясы.

Sun Java Platform, Micro Edition нұсқасына арналған соңғы пайдаланушының лицензиялық келісімі.

1. Шектеулер: Бағдарламалық құрал Sun корпорациясының авторлық құқықтар бойынша қорғалған құпия ақпарат болып табылады және барлық көшірмелердің тақырыбын Sun және/немесе оның лицензия берушілері сақтайды. Тұтынушының Бағдарламалық құралды өзгертуге, детрансляция жасауға, бөлшектеуге, шифрын ашуға, шығарып алуға немесе керісінше құрастыруға құқы жоқ. Бағдарламалық құралды толығымен немесе жартылай жалға беруге, тағайындауға немесе оған сублицензия беруге болмайды.

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

Атау көрсеткіші

A
Android Market™ 53
Android™ 7

B
Bluetooth™ сымсыз технологиясы 94
Bluetooth™ технологиясының көмегімен элементтерді алу 95
Bluetooth™ технологиясының көмегімен элементтерді жіберу 95
BRAVIA 88

D
Data monitor 30

F
Facebook™ 49
кіру 51
күйді жаңарту 51
FM радиосы
таңдаулылар 76

G
Gmail™ 47
Google Latitude 102
Google Maps™ 102
Google Sync™ қадамдастыру қызметі 58
Google Talk™ 48
Google™ есептік жазбасын орнату 47
GPS 101

H
HD (ажыратымдылығы жоғары) бейне 84

M
Media Go™ 99
Microsoft® Exchange қадамдастыруы 59
MMS
параметрлер 29
Mobile BRAVIA Engine
BRAVIA Engine 88

P
PIN 103
PUK 103

S
SIM картасы 103
контактілерді импорттау 37
контактілерді экспорттау 41
салу 8
SIM картасы контактілерін импорттау 37
Sony Ericsson Sync 59
SOS Жедел қызмет нөмірлерін қараңыз

T
Timescape™ 49
виджет 49
ішінде «Шексіздік» түймесі 51
параметрлер 52
сүзгі белгішелері 50
экран туралы мәлімет 49
TrackID™ технологиясы 74
ашу 74
әнді сатып алу 74
жол туралы ақпаратты іздеу 74
кестелерді көру 74
нәтижелерді пайдалану 74
Twitter™ 49
кіру 51
күйді жаңарту 51

U
USB байланысы 97

W
Wi-Fi™ 61
Wisepilot™ 102

A
автопортрет 77
ақаулықтарды жою 113
алдын ала орнатулар
радиоарналарды сақтау 76
алдыңғы камера 77
альбомдар
жою 90
анимациялы фон суреті 17
аудио
дыбыс деңгейін реттеу 71
музыканы еркін ойнату 72
ойнату 70
аудио кітаптар 70
ашықтық 26

Ә
әндерді өзгерту 71

Б
бағдарламалар 7
экран 17
батарея 12
алып тастау 8
қақпақ 8
бейне альбомдар 90
бейне ойнатқыш
бейнені кідірту 92
бейнеге түсіру 77
бейнежазба альбомдары 89
көру 88
бейнежазбалар
жылдам алға айналдыру және кері айналдыру 92
ойнату 92
бейнекамера 77, 84
HD (ажыратымдылығы жоғары) бейне 84
бейнелер түсіру 84
параметрлер 84
үздіксіз автофокус 84
бейнелер 92
бөлісу 92
дыбыс деңгейін реттеу 92
жіберу 92
жою 93
кідірту 92
көру 84, 88, 89, 90
түсіру 84
бейнелер түсіру
камера түймесін пайдалану 84
бекітілген нөмірді теру 36
белгіше 108
белгішелер 108
камерада 84
беттерді табу 78, 79
бұру
фотосуреттер 91

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

В

веб браузер 66
бетбелгілерді басқару 67
құралдар тақтасы 66
веб-браузер
параметрлер 69
виджет
Timescape™ 49
виджеттер 15

Г

Галерея 88
Facebook™ фотосуреттерін көру 89
альбомдарды ашу 89
ашу 88
көріністерді ауыстыру 89
гарнитура
пайдалану 29
геобелгілеу
фотосуреттер 79

Д

дауыс поштасы 34
діріл 25
дыбыс деңгейі
бейнені реттеу 92
перне 24
дыбыс деңгейін реттеу 71
дыбыссыз режим 24

Е

есептік жазбалар 10
Google™ 10
Microsoft® Exchange (қауымдық) 10
Sony Ericsson 10
ескерту
тақта 18

Ж

жабдық түймелері 12
жанды фон суреті 17
жаңарту
күй 51
жарқыл
суретке түсіргенде пайдалану 78
жарық 18
жарықтық 26
жауап беру қызметі 34
жедел қызмет нөмірлері 33
жеке ақпарат 37
жіберу 90, 91
іскерлік карталар 40
контактілер 40
жоғарғы регистрді бекіту 19
жолды кідірту 71
жою 90
бейнелер 93
жолдар 71
фотосуреттер 91
жүктеу
интернет параметрлері 29
жүріс бағыты туралы нұсқаулар 102
Жылжу 102
Жылжу қолданбасы 102
жымиюды анықтау 79

З

зарядтау 12

И

Интернет
веб браузер 66
деректер тасымалын басқару 30
параметрлер 29

І

іздеу
TrackID™ технологиясын пайдаланатын музыка 74
жол туралы ақпарат 74
іскерлік карталар
жіберу 40

К

камера 77, 79
HD (ажыратымдылығы жоғары) бейне 84
автопортрет 78
басқару элементтері 77
бейне 84
бейнелер түсіру 84
бейнелерді көру 84
белгішелер 84
беттерді табу 78, 79
геобелгілеу 79
жабу 77
жарқылды пайдалану 78
жымиюды анықтау 79
камера экраны 77
масштабтау 78
параметрлер 79, 80, 84
суреттер түсіру 77, 78, 79
үздіксіз автофокус 80, 84
фотосуреттерді көру 78
шолу 77
Карталар 102
кеңейтімдер 14
контактілер 37
SIM картасынан импорттау 37
жіберу 40
контакті ақпаратын біріктіру 39
көшіру 41
қосалқы көшірме жасау 41
ортақтастыру 40
сурет 39, 91
таңдаулы 40
контактілерді сақтау 59
конференция қоңыраулары 35
көлемін өзгерту
фотосуреттер 91
көру
камерамен түсірілген бейнелер 84
фотосуреттер 78
күй 18, 108
күн
пішім 24
күнтізбе 57
оқиға жасау 57

Қ

қадамдастыру
Google Sync™ 58
қалпына келтіру 113
қарап шығу - веб браузерді қараңыз
қатар орналасқан элементтер 49
қауымдық электрондық пошта, күнтізбе және контактілер 59
қию
фотосуреттер 91
қолданбалар
шолу 110
қоңырау соғу 29
қоңыраулар 33, 36
бағытын өзгерту 36
бірнеше 35

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

бұру 36
журнал 34
күту 35
қабылданбаған 34
параметрлер 36
төтенше жағдай 33
қосалқы көшірме жасау
контактілер 41
қосу 9
қуат 9
құлыптар
экран құлпы 9
экранды іске қосу 9
экранды құлыптау 9
қызметтер 10

Л

лездік хабар алмасу 48
Локатор 102

М

масштабтау 78
фотосуреттер 90
мәлімет
музыка ойнатқышы 70
мәтін енгізу әдісі 19
музыка 29, 70, 75
TrackID™ технологиясының көмегімен іздеу 74
аудио кітаптар 70
әндерді өзгерту 71
гарнитураны пайдалану 29
дыбыс деңгейін реттеу 71
еркін ойнату 72
жолды кідірту 71
жою 71
ойнатқыш туралы мәлімет 70
ойнату 70
ойнату тізімдері 73
ойнату тізімдерін жасау 73
ойнату тізімдеріне жолдар қосу 73
ортақтастыру 72
подкасттар 70
сатып алу 74
эквалайзерді пайдалану 71
музыка ойнатқышы 70
жолдарды жою 71
кішірейту 71
ойнату тізімдері 72
ойнату тізімдерін жасау 73
сіз жасаған ойнату тізімдері 73
смарт ойнату тізімдері 72
үздік жолдар 72
эквалайзер 71
музыканы араластыру 72

Н

Негізгі экран 14
қайта реттеу 15
реттеу 15

О

ойнату
музыка 70
ойнату тізімдері 72
жеке тізіміңізді ойнату 73
жол қосу 73
жолдарды жою 73
жою 73
құру 73
смарт (автоматты түрде жасалады) 72
үздік жолдар 72
оқиғалар
Timescape™ ішінде 50
күнтізбе 57
орнату нұсқаулығы 9
ортақ пайдалану
фотосуреттер 91
фотосуреттер мен бейнелер 90
ортақтастыру
музыка 72
орын 79
орынды анықтау қызметтері 101

Ө

өшіру 9

П

пайдалану туралы ақпарат 30
параметрлер 9
MMS 29
Timescape™ 52
бейнекамера 84
интернет 29
камера 79, 84
қоңырау 36
фотокамера 79
хабар алмасу 29
пернетақта 19
параметрлер 23
пошта Қараңыз: электрондық пошта

Р

радио 75
арна таңдау 75
арналар арасында ауысу 75
арналарды іздеу 76
ашу 75
динамик арқылы тыңдау 76
жылжу 75
таңдаулылар 76
шолу 75

С

сақталып қойған арналар
радио арналарын алып тастау 76
сатып алу
музыка 74
синхрондау 58
Microsoft® Exchange контактілері, күнтізбесі, электрондық поштасы 59
контактілер 59
слайд көрсетілімі 91
смарт ойнату тізімдері
ойнату 72
соңғы рет пайдаланылған бағдарламалар терезесі 17
сөйлесу 48
суретке түсіру 77
суреттер түсіру
автопортрет 78
беттерді табу функциясын пайдалану 79
жымиюды анықтау функциясын пайдалану 79
камера түймесін пайдалану 77
түрту арқылы 78
Сұйық кристалл дисплей көмескі жарығын басқару 26
сүзгі
Timescape™ ішіндегі оқиғалар 50
сымсыз желілер 101
сырғымалы пернетақта 20

Т

тақырып 17

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.

таңбалар 19
таңдаулылар
радио арасында жылжу 76
радио арналарын алып тастау 76
радиоарналарды сақтау 76
телефон
батарея 27
жаңарту 106
өнімділік 27
телефон байланысы Қоңырауларды қараңыз
телефон кітапшасы 37
Телефон пернетақтасы 19, 22
телефонды жаңарту 106
тіл 26
жазу 23

У
уақыт 24
уақытты басқару 57

Ұ
ұшақ режимі 26

Ү
үздік жолдар
ойнату 72

Ф
фон суреті 17
фотосуретті пайдалану 91
фотокамера 77
жарқылды пайдалану 78
параметрлер 79, 80
фотосурет альбомдары 89
жою 90
көру 88
фотосуреттер 90, 91
бір орынды көру 79
бұру 91
географиялық орын қосу 79
жою 91
картадан көру 92
контактіге қосу 39
контактінің суреті ретінде пайдалану 91
көру 78, 88, 89, 90
қию 91
масштабтау 90
ортақ пайдалану 90, 91
слайд көрсетілімі 91
түсіру 77, 78, 79
фон суреті ретінде пайдалану 91
фотосуреттерді қарау құралы 89
фотосуреттерді BRAVIA Engine функциясымен жақсарту 88

Х
хабарландыру 18, 108
қоңырау үні 25
хабарлар
параметрлер 29
хэндсфри 29

Ш
шағын кескіндер 49
шексіздік түймесі
Timescape™ ішінде 51

Э
эквалайзер 71
экран 26
кепілдік 12
шатынаған 12
шыны 12
экрандық пернетақта 20
экранның құлпын ашу әшекейі 103
электрондық пошта 44
бірнеше есептік жазба 46

Бұл – жарияланымның Интернеттегі нұсқасы. © Тек жеке мақсатта пайдалану үшін басып шығарыңыз.